Жоғарыда айтқандай осы сияқты барлық мүмкін нәтижелер жиыны кез келген сандық аралық та, жазықтықтың, кеңістіктің кез келген өлшемді жиыншасы да, функциялар жиыны да болуы мүмкін. Бұндай мысалдардың бірнешеуін сабақ барысында келтіріп, бірақ білім алушыларға олар ары қарай мектеп математикасы аясында зерттелмейтіндігін ескерту қажет. Сонымен қатар, өлшемдер теориясынсыз беруге мүмкін емес болғандықтан теориялық тұрғыдан түсіндірмесіз енгізілетін ықтималдықтың геометриялық анықтамасын да осы түрдегі элементар оқиғалар кеңістігі болатындығын айтып және ондағы элементар оқиғалар саны сол жиынның өлшеміне, яғни бір өлшемді жиын болғанда аралық ұзындығына, екі өлшемді болғанда жиын ауданына және үш өлшемді болғанда көлемге пара-пар болатындығын анықтап түсіндіруі қажет.

Келесі назар салатын ұғым – *оқиға*. Кейбір оқулықтарда «... *оқиға көбінесе ақиқат, кездейсоқ, мүмкін емес деп үшке бөлінеді*» деп басталып, оқиға ұғымының өз анықтамасы ешқандай түрде берілмей кетсе, кейбір оқулықтарда анықтама не екені анықталмаған «*оқиғаның орындалатынын не орындалмайтындығы*» арқылы берілген. Оқиға немесе «кездейсоқ оқиға» ұғымы анықтамалары енгізілген күннің өзінде математикалық емес, математикалық құралдармен тексеруге, зерттеуге келмейтін түрде енгізу білім алушыға түсінбеушілік әкелумен қатар, «*Математикалық жетілу*» деңгейінен алыстады деуге болады.

Осы ұғымдарды беру әдістемесіне тоқталайық. Ол үшін оқиға анықтамасын [9–14] оқулықтарындағыдай математикалық құралдар арқылы беру ұсынылады.

Анықтама. Барлық мүмкін элементар оқиғалар жиынының (Ω) кез келген өлшемді жиыншасы *оқиға* деп аталады, яғни оқиға элементар оқиғалардан құралған өлшемді жиын: $A \subset \Omega$, A – оқиға.

Мектеп математикасында ықтималдықтар теориясы құрылымын элементар оқиғалар саны ақырлы болған жадайда өлшем ұғымынсыз толық сипаттауға болатындығы жоғарыда айтылды. Мәселен, дәл осы оқиға анықтамасын келесі түрде беруге болады.

Анықтама. Барлық мүмкін элементар оқиғалар жиынының (Ω) кез келген жиыншасы *оқиға* деп аталады, яғни оқиға элементар оқиғалардан құралған жиын: $A \subset \Omega$, A – оқиға.

Бұндай тұрғыдан берілген анықтаманы түсіну жиын ұғымымен 2-сыныптан бастап таныс білім алушылар үшін айтарлықтай қиындықтар тудырмайды және бір жиынның жиыншаларын анықтауда математикалық жолмен тексеру мүмкін әрі жеңіл.

Осы анықтама негізінде жоғарыдағы асық лақтыру тәжірибесіндегі барлық мүмкін оқиғалар тізімін келтірейік:

$$\begin{aligned}
 A_1 = \emptyset, A_2 = \{\omega_1 = \text{алшы}\}, A_3 = \{\omega_2 = \text{тәйкі}\}, A_4 = \{\omega_3 = \text{бүге}\}, A_5 = \{\omega_4 = \text{шіге}\}, \\
 A_6 = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_2 = \text{тәйкі}\}, A_7 = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_3 = \text{бүге}\}, A_8 = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_4 = \text{шіге}\}, \\
 A_9 = \{\omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_3 = \text{бүге}\}, A_{10} = \{\omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_4 = \text{шіге}\}, A_{11} = \{\omega_3 = \text{бүге}, \omega_4 = \text{шіге}\}, \\
 A_{12} = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_3 = \text{бүге}\}, A_{13} = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_4 = \text{шіге}\}, \\
 A_{14} = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_3 = \text{бүге}, \omega_4 = \text{шіге}\}, A_{15} = \{\omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_3 = \text{бүге}, \omega_4 = \text{шіге}\}, \\
 A_{16} = \Omega = \{\omega_1 = \text{алшы}, \omega_2 = \text{тәйкі}, \omega_3 = \text{бүге}, \omega_4 = \text{шіге}\}.
 \end{aligned} \tag{2}$$

Білім алушыларға жоқ дегенде бастапқы сабақтарда зерттелінді тәжірибенің барлық мүмкін элементар оқиғалар жиынымен қоса барлық мүмкін оқиғалар жиынын да жаза білу маңызды. Авторлардың педагогикалық тәжірибесінде білім алушылар арасында арасында тәжірибені жүргізіп қандай да бір нәтиже орындалғандықтан «*бос жиын қалай оқиға болады?*», «*нәтиже тек біреу ғана болғандықтан элементтер саны бірден артық жиын қалай оқиға болады?*» деген сұрақтар туындап жататындығы белгілі. Бұл әрине олардың тікелей анықтаманы қолдана білмеуінен туындайтын түсініспеушіліктер. Уақыт өте келе анықтама бойынша оқиға Ω элементар оқиғалар жиынының кез келген жиыншасы болғандықтан бос жиын да, элементтер саны барлық мүмкін элементтар оқиғалар санынан аспайтын элементар оқиғалардан құралған кез келген жиын да, оның ішінде барлық элементар оқиғалар жиыны да Ω -ның жиыншасы оқиға болғандығын түсіндіре отырып, бұл бастапқы ұғымдарды игерудегі пайда болатын сұрақтардың орнын толтырады.

Оқиға орындалу немесе орындалмау ұғымдары да ешқандай «құпиясыз, сиқырсыз» жиын және жиынның элементтері арақатынастары арқылы беріледі.

Анықтама. Егер тәжірибе нәтижесі (элементар оқиға) A оқиғасының элементі болса, онда A оқиғасы орындалды, ал керісінше жағдайда, яғни тәжірибе нәтижесі A оқиғасында жатпаса, онда A оқиғасы орындалмады деп аталады.

Бұл анықтама да, әрине, біз зерттеген оқулықтардың басым көпшілігінде жоқ, тек [9–11], сол оқулық негізінде жинақталған [12] есептер жинағында және жеке дараламай мәтін арасында [14] оқулығына енген.

Оқиға орындалу не орындалмауын берілген анықтама негізінде тексеру тіптен оңай – тәжірибе жүргізілді, нәтиже белгілі, бақыланып отырған оқиғаның орындалу не орындалмауын тексеру үшін тәжірибе нәтижесі болған элементар оқиға элемент ретінде сол оқиғада жата ма, жатпай ма соны ғана анықтау қажет. Тағы да асық лақтыру тәжірибесіне жүгінейік. Асық лақтыру нәтижесінде $\omega_1 = \text{алшы түсті делік}$. Бұл нәтиже элементар оқиға есебінде мысалы A_6 оқиғасында жатқандықтан тәжірибе нәтижесінде A_6 оқиғасы толық орындалады, ал, мысалы, A_{15} оқиғасында жатпағандықтан A_{15} оқиғасы бұл жағдайда орындалмайды. Осы тәрізді бұл тәжірибе нәтижесінде $A_2, A_7, A_8, A_{12}, A_{13}, A_{14}, A_{16}$ оқиғалары орындалып, $A_1, A_2, A_3, A_4, A_5, A_9, A_{10}, A_{11}, A_{15}$ оқиғалары орындалмайды. Сонымен бір элементар оқиғаның орындалуы оны қамтитын оқиғаның орындалуын толық қамтамасыз етеді, яғни оқиғада жататын әрбір элементар оқиға оның орындалуына мүмкіндік болып табылады, сондықтан да ықтималдықтың классикалық анықтамасында мүмкіндіктер саны есептелінеді.

Оқиға орындалу не орындалмауын анықтап алғаннан кейін мүмкін емес, ақиқат оқиғалар анықтамалары тіптен түсінікті түрде қабылданады.

Анықтама. Барлық мүмкін элементар оқиғалардан құралған оқиға, яғни тәжірибе нәтижесі қандай болса да орындалатын оқиға, мүмкін (ақиқат) оқиға деп аталады (Ω – ақиқат оқиға).

Анықтама. Тәжірибе нәтижесі қандай болса да орындалмайтын оқиға, яғни бір де бір элементар оқиғаны қамтымайтын оқиға, жалған оқиға деп аталады (бос жиын \emptyset – жалған оқиға).

Жоғарыдағы асық лақтыру тәжірибесінде A_{16} – ақиқат оқиға, ал A_1 – жалған оқиға болып табылады.

Оқиға ұғымын жиын арқылы анықтап алғаннан кейін оған қолданылатын амалдарды анықтау да ыңғайлы болады, олардың тек біріне ғана тоқталайық.

Мектеп математикасында екі жиынның қиылысуы, тағы да қайталайық, 2 сыныптан бастау алады (бұл жаста оның қаншалықты қажет екендігі әрине басқа сұрақ). Берілген екі жиынның екеуінде де жататын және тек сонда ғана жататын барлық элементтерден құрылған жиын екі жиынның қиылысуы деп аталса, соның негізінде екі оқиғаның қиылысуы келесідей анықталады

Анықтама. *A және B оқиғалары берілсін. A және B оқиғалары бір уақытта орындалғанда және тек сонда ғана орындалатын оқиға A және B оқиғаларының қиылысуы (немесе көбейтіндісі) деп аталады да, $A \cap B$ немесе AB түрінде белгіленеді.*

Ары қарай басты жиынтық мысалындағы математикалық статистиканың негізгі ұғымына тоқталайық. Жоғарыда айтылғандай, математикалық статистика белгілі бір мағынада ықтималдықтар теориясына кері есептерді қарастырғандықтан ықтималдықтар теориясы оның негізгі зерттеуші құралы болып табылады. Ал мектептегі математикалық статистика мазмұнында бұл ұғымдардың анықтамалары ықтималдықтар теориясымен байланыссыз берілген. Бірақ бұл анықтамалар ықтималдықтар теориясы негізінде «*Параметрлеріне дейінгі дәлдікпен берілген түрі анық немесе үлестірім функцияларының қандай да бір классында жататындығы белгілі ξ кездейсоқ шамасының барлық мүмкін мәндер жиыны ξ кездейсоқ шамасының басты жиынтығы деп аталады*» келесі түрде берілуі қажет. Бұдан білім алушылар басты жиынтықтың математикалық объект ретінде белгілі бір кездейсоқ шаманың мәндер жиыны екендігін түсінеді.

Және ары қарай да осындай форматта «түсінікті түсініктердің» түсіндірмесін жалғастыра беруге болады. Сонымен қатар, кейбір ұғымдарды атаумен шектелу пән игеруде пайда тигізбейтіндігін де атап өтейік.

Жаңа мазмұндағы тақырыптарды мектеп математикасында енгізудегі туындайтын тағы бір сұрақ сыныптар бойынша оқулықтардың мазмұнын құруда білім алушылардың жас ерекшеліктерін анықтау. Ол үшін «Жаңа тақырыпты қай сыныпта, қандай көлемде беру қажет?» деген мәселеге жауап беріледі. Бұны шешу үшін Г.Т. Джумакаева, Н.Темиргалиев [15] мақаласында

1. Бағдарламалық материалдар білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты әрқайсысы 15–30 минуттан тұратын тақырыптарға бөлінеді. Әрбір тақырып бойынша әрі қарай сараптамадан өтетін әдістемелік ұсыныстар беріледі;

2. Білім алушылардың жастарына қарай топтар құрылады;

3. Жастарына қарай құрылған топтардың әрқайсысымен құрастырылған әдістеме бойынша 15–30 минуттық сабақтар жүргізіледі;

4. Тақырыпты меңгеру деңгейін тексеру үшін уақытқа байланысты екі түрдегі бақылау формасы жүргізіледі: а) Тура сабақтан кейін, б) Жазбаша материалдарды меңгергеннен кейін;

5. Бақылау ауызша сұрау, жазбаша жұмыс және тестілеуді қамтиды;

6. Тақырыпты меңгеру дәрежесі бақылау нәтижелерін статистикалық өңдеу негізінде анықталады;

7. Тақырыптар мен жас ерекшеліктеріне байланысты құрылған топтар бойынша қорытындылар мен ұсыныстар жасалады;

8. Эксперимент нәтижелерін әлеуметтік топтар, өңірлер, елдер т.б. бойынша салыстыруға болады

сегіз қадамнан тұратын білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес мектеп бағдарламасының материалын игерудің эмпирикалық әдісі ұсынылған.


Авторлардың жетекшілігімен жоғарыда келтірілген әдістемеге сәйкес тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру, тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері – элементар оқиға, оқиға ұғымдары үшін білім алушылардың жас ерекшеліктерін анықтауға арналған осы эмпирикалық әдіс жүргізілді. Бұл экспериментке 6–сыныптан 30 оқушы, 7–сыныптан 25

оқушы, 8–сыныптан 52 оқушы қатысты. Білім алушылардың ұғымдарды меңгеру деңгейін тексеру сабақ аяқталысымен ұйымдастырылды. Бақылау формасы тест түрінде жүргізіліп, бақылау нәтижелері статистикалық өңдеуден өтті. Кесте 5 төрт бағаннан тұрады. 1–ші бағанда дұрыс жауап берілген сұрақтар саны, 2–ші, 3–ші, 4–ші бағандарда сәйкес 6–шы, 7–ші, 8–ші сыныптарда оқитын білім алушылардың жауап берген сұрақтар санына сәйкес білім алушылар саны мен пайыздық көрсеткіші көрсетілген.

Кесте 5 – 6–8 сынып оқушыларына «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбы бойынша өткізілген эксперименталды сабақ нәтижесі

Тест сұрақтары	6 сыныпта оқитын 30 оқушыдан сұрақтардың сәйкес санына жауап берген оқушылар саны (пайыздық көрсеткіші)	7 сыныпта оқитын 25 оқушыдан сұрақтардың сәйкес санына жауап берген оқушылар саны (пайыздық көрсеткіші)	8 сыныпта оқитын 52 оқушыдан сұрақтардың сәйкес санына жауап берген оқушылар саны (пайыздық көрсеткіші)
5 сұраққа жауап берген	7 (23%)	8 (32%)	15 (29%)
4 сұраққа жауап берген	6 (20%)	7 (28%)	15 (29%)
3 сұраққа жауап берген	10 (33%)	4 (16%)	11 (21%)
2 сұраққа жауап берген	3 (10%)	2 (8%)	6 (12%)
1 сұраққа жауап берген	2 (7%)	2 (8%)	3 (6%)
Дұрыс жауабы жоқ	2 (7%)	2 (8%)	2 (3%)

6, 7, 8 сыныптардың пайыздық көрсеткіштері 1–суретте диаграмма арқылы берілген. Онда қанық көкпен 5 сұраққа, қызғылт сары түспен 4 сұраққа, қанық жасылмен 3 сұраққа, көк түспен 2 сұраққа, күлгін түспен 1 сұраққа жауап бергендердің және жасыл түспен барлық сұрақтарға жауап бермегендердің үлесі сипатталған.



Сурет 1 – оқушылар үлгерімінің диаграммалық сипаттамасы

Сонымен тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру, тәжірибенің барлық мүмкін нәтижелері – элементар оқиға, оқиға ұғымдарын меңгеруде 6 сынып оқушыларының жақсы деңгейде (5 және

4 сұраққа жауап берген) жауап берген оқушылар санының пайыздық көрсеткіші – 43%, 7 сыныпта – 60%, 8 сыныпта – 58% құрайды. Демек, ауытқу бір–бірінен айтарлықтай үлкен болмаса да «Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары» тақырыбын меңгеруге 7 сынып оқушылары жас ерекшелігі жағынан 6 және 8 сынып оқушыларына қарағанда бейім деген қорытындыға келеміз. Осындай тәжірибені мектеп математикасының мазмұнына соңғы жылдары енген барлық тақырыптар бойынша жүргізу қажет етіледі.

Қорытынды

Құмар ойындардан бастау алған ықтималдықтар теориясының алғашқы қадамдары XV–XVI ғасырларда осы қызығушылықтарға қатысты мүмкіндіктер санын есептеуде кездесе, ал ғылым ретінде қалыптасуы XVII–XVIII ғасырлардағы Паскаль, Ферма, Гюйгенс, Бернулли, Лаплас, Муавр, Пуассон, Гаусс еңбектерінде пайда болған. Бұл зерттеулердің барлығы үзік–үзік қарастырулар түрінде болып, күні кешегіге дейін жүйелі ғылым саласы түрінде қалыптаспаған еді. Ары қарай, ықтималдықтар теориясы бойынша ауқымды еңбектер тізімін Антуан Огюстен Курноның 1843 жылы Парижде шыққан «Exposition de la th'eorie des chances et des probabilit'es» («Мүмкіндіктер мен ықтималдықтар теориясының негіздері») атты трактатымен жалғасады. Ал нақты математикалық құралдармен зерттеуге мүмкіндік беретін аксиомаландырылған ғылым ретіндегі бастамасы Андрей Николаевич Колмогоровтың 1933 жылы Берлинде неміс тілінде шыққан «Grundbegriffe der Wahrscheinlichkeitrechnung, in Ergebnisse der Mathematik» («Ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары») еңбегінен бастау алған. Қазіргі күнде ықтималдықтар теориясы өзінің үзіліссіз жалғауы – математикалық статистикамен бірге өндірісте, жаратылыстану ғылымдарында, атап айтқанда, физика, химия, биология, ол арқылы, генетика мен медицина салаларында, актуарлық және қаржылық математика, соның ішінде айқынсыздық жағдайдағы тәуекелдер теориясы, және соңғы кезде қарқынды дамып келе жатқан жасанды интеллект салаларында қолданылады. Дұрыс берілген математикалық білім тек «Математикалық жетілу» деңгейіне әкеліп қана қоймай, кез келген мамандықты меңгерудің кепілі бола алады. Сондықтан ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканы меңгеру математика мамандығы мен қоса басқа да мамандық иелерінің өсуіне үлкен үлесін қосады.

Мақалада Ықтималдықтар теориясын беру әдістемесі тәжірибе, тәжірибені жүзеге асыру, тәжірибенің нәтижесі – элементар оқиға, оқиға, оқиғаның орындалуы сынды негізгі ұғымдар мысалында, математикалық статистика басты жиынтық мысалында талқыланып, математика тіліндегі дұрыс анықтамалары мен авторлардың өз педагогикалық тәжірибесінен алынған тиімді әдістемелері ұсынылған. Сонымен қатар, ықтималдықтар теориясының негізгі ұғымдары мысалында тақырыпты оқытудың жас ерекшелігін анықтау үшін эмпирикалық эксперимент жүргізіліп, бұл тақырып дәл 7 сыныпта оқыту тиімді деген қорытындыға келумен қатар мектеп бағдарламалары мен оған сәйкес келетін оқулықтарды құруға негіз болатын әдістеме жобасы берілді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің гранттық жобаларды қаржыландыру негізіндегі АР19680525 ««Математикалық статистика» пәні бойынша бастапқы білімнен оны қолдануға дейінгі мазмұнды қамтитын білім беру моделін әзірлеу» жобасы аясында жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Batanero C., Begué N., Álvarez-Arroyo R., Valenzuela-Ruiz S.M. Prospective Mathematics Teachers' Understanding of Classical and Frequentist Probability // Mathematics. – 2021. – Vol. 9, № 19. – P. 2526. <https://doi.org/10.3390/math9192526>

2 Batanero C., Álvarez-Arroyo R. Teaching and learning of probability // ZDM – Mathematics Education. – 2023. – Vol. 56. – P. 5–17. <https://doi.org/10.1007/s11858-023-01511-5>

3 Орта мектеп оқулықтары [электрон. ресурс] – Қолжетімді: <https://okulyk.kz/> (қаралған күні: 25.05.2025)

- 4 Dinov Ivo D. Data Science and Predictive Analytics: Biomedical and Health Applications Using R: [Text] / Ivo D. Dinov. – Springer, 2023. – 918 p.
- 5 Poldrack R.A. Mathematical Statistics: An Introduction to Likelihood Based Inference: [Textbook] / R.A.Poldrack. – Cambridge: Cambridge University Press, 2023. – 448 p.
- 6 Ивченко Г.И. Математическая статистика: [учебник] / Г.И. Ивченко, Ю.И. Медведев. – Москва: МЦНМО, 2021. – 352 с.
- 7 Hansen B. Econometrics: [textbook] / B. Hansen. – Princeton: Princeton University Press, 2022. – 700 p.
- 8 Sullivan, L.M. Essentials of Biostatistics in Public Health: [textbook] / L.M. Sullivan. – Burlington, MA: Jones & Bartlett Learning, 2023. – 400 p.
- 9 Темірғалиев Н. Алгебра және анализ бастамалары. X–XI кластар: [оқулық] / Н. Темірғалиев, Б.Әубәкір, Е. Баилов, М.К. Потапов, К. Шерниязов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 382 б.
- 10 Темиргалиев Н. Алгебра и начала анализа. X–XI классы: [учебник] / Н. Темиргалиев, Б. Аубакир, Е. Баилов, М.К. Потапов, К. Шерниязов. – Алматы: Жазушы, 2002. – 423 с.
- 11 Темірғалиев Н. Ақырлы нәтижелі элементар ықтималдықтар теориясы: [оқулық] / Н. Темірғалиев. – Астана, 2023. – 147 б.
- 12 Тауғынбаева Ғ.Е. Ықтималдықтар теориясы бойынша есептер жинағы: [оқулық] / Ғ.Е.Тауғынбаева, А.Ж. Жұбаншыева. – Астана: Мастер принт, 2023. – 217 б.
- 13 Жұбаншыева А.Ж., Тауғынбаева Ғ.Е., Наурызбаев, Н.Ж., Темірғалиев Н. Ықтималдықтар теориясы оқулықтарындағы бір проблемалық мәселе туралы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Математика. Компьютерлік ғылымдар. Механика сериясы. – 2022. – Т. 140, №3. – Б. 15–22. <https://doi.org/10.32523/2616-7182/bulmathenu.2022/3.2>
- 14 Чернова Н.И. Теория вероятностей: учебное пособие / Н.И. Чернова. – Новосибирск: Новосибирский государственный университет, 2007. – 160 с.
- 15 Джумакаева, Г.Т., Темиргалиев Н. Метод анализа возрастных способностей учащихся к усвоению учебного материала // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – 2011. – Т. 80, № 1. – С. 39–50.

REFERENCES:

- 1 Batanero C., Begué N., Álvarez-Arroyo R., Valenzuela-Ruiz, S.M. (2021). Prospective Mathematics Teachers' Understanding of Classical and Frequentist Probability // Mathematics, vol. 9., vol. 19., 2526 p. <https://doi.org/10.3390/math9192526>
- 2 Batanero C., Álvarez-Arroyo R. (2023). Teaching and learning of probability. ZDM – Mathematics Education. vol. 56., pp. 5–17. <https://doi.org/10.1007/s11858-023-01511-5>
- 3 Orta mektep oqulyqtary [School textbooks] [electronic resource]. Available at: <https://okulyk.kz/> (accessed: 25.05.2025). [in Kazakh]
- 4 Dinov Ivo D. (2023) Data Science and Predictive Analytics: Biomedical and Health Applications Using R: [Text] / Ivo D. Dinov. – Springer, 918 p.
- 5 Poldrack R.A. (2023) Mathematical Statistics: An Introduction to Likelihood Based Inference: [Textbook] / R. A. Poldrack. – Cambridge: Cambridge University Press, 448 p.
- 6 Ivchenko G.I., Medvedev Yu.I. (2021). Matematicheskaya statistika [Mathematical Statistics]. Moscow: MTsNMO. 352 p. [in Russian]
- 7 Hansen B. (2022) Econometrics: [textbook] / B. Hansen. – Princeton: Princeton University Press., 700 p.
- 8 Sullivan, L.M. (2023) Essentials of Biostatistics in Public Health: [textbook] / L.M. Sullivan. – Burlington, MA: Jones & Bartlett Learning., 400 p.
- 9 Temirgaliev N., Aubakir B., Bailov E., Potapov M.K., Sherniyazov K. (2002). Algebra zhane analiz bastamalary. X–XI klastar [Algebra and Elements of Analysis. Grades X–XI]. Almaty: Zhazushy. 382 p. [in Kazakh]
- 10 Temirgaliev N., Aubakir B., Bailov E., Potapov M. K., Sherniyazov K. (2002). Algebra i nachala analiza. X–XI klassy [Algebra and Elements of Analysis. Grades X–XI]. Almaty: Zhazushy. 423 p. [in Russian]
- 11 Temirgaliev N. (2023). Aqyrly natizheli elementar yktymaldyqtar teoriyasy [Finite Elementary Probability Theory]. Astana. 147 p. [in Kazakh]
- 12 Taugynbayeva G.E., Zhubanysheva A.Zh. (2023). Yqymaldyqtar teoriyasy boynsha esepтер zhinagy [Collection of Problems in Probability Theory]. Astana: Master Print. 217 p. [in Kazakh]
- 13 Zhubanysheva A.Zh., Taugynbayeva G.E., Nauryzbaev N.Zh., Temirgaliev N. (2022). Yqymaldyqtar teoriyasy oqulyqtaryndagy bir problemalyq masele turaly [On One Problematic Issue in Probability Theory Textbooks]. Vestnik L. N. Gumilyov Eurasian National University. Mathematics. Computer Science. Mechanics Series, 140(3), 15–22. [in Kazakh]
- 14 Chernova N.I. (2007). Teoriya veroyatnostey [Probability Theory]. Novosibirsk: Novosibirsk State University. 160 p. [in Russian]
- 15 Dzhumakaeva G.T., Temirgaliev N. (2011). Metod analiza vozrastnykh sposobnostey uchashchikhsya k usvoeniyu uchebnogo materiala [Method for Analyzing the Age Abilities of Students to Master Learning Material]. Vestnik ENU im. L.N. Gumileva [Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University], 80(1), 39–50. [in Russian]

ВОПРОСЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ И МАТЕМАТИЧЕСКОЙ СТАТИСТИКИ В СРЕДНЕЙ ШКОЛЕ

Жубанышева А.Ж., Таугынбаева Г.Е.*

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Астана

*e-mail: zhubanysheva_azh@enu.kz, taugynbayeva_gye@enu.kz

Аннотация. Теория вероятностей и математическая статистика представляют собой особый раздел математической науки. Аксиоматизация теории вероятностей в начале XX века ознаменовала её становление как самостоятельной и фундаментальной области математики, одновременно теория вероятностей является основой для математической статистики. Развитие этих направлений способствовало появлению новых областей знаний, таких как теория риска, актуарная математика, стохастический анализ, биостатистика и другие, а также обусловило возникновение ряда специальностей. В связи с возрастающей ролью вероятностно-статистических методов в различных сферах науки и практики, их включение в школьные программы по математике является своевременным и обоснованным. В связи с чем, теоретическое и практическое обучение теории вероятностей и математической статистике является актуально.

Одним из важных вопросов является методика преподавания базовых понятий, которые часто упускаются из виду в процессе обучения, и ограничиваются подстановками в формулы и расчётами. Кроме того, поскольку в последние годы в школьную программу включены элементы теории вероятностей и математической статистики, определение возрастных способностей учащихся, т.е. в каких классах и в каком объёме следует преподавать каждую тему дисциплины, является важным компонентом методики преподавания предмета. Цель статьи заключается в на примере некоторых основных понятий теории вероятностей и математической статистики обсуждению и предложению математически корректных определений, методики их преподавания, а также учет возрастных особенностей учащихся.

В связи с этим в статье рассматриваются требующие внимания аспекты методики преподавания элементов теории вероятностей и математической статистики в школьной математике, в частности, умение различать понятия эксперимент, реализация эксперимента и результат эксперимента, событие, реализация события, генеральная совокупность, и предлагается методика их преподавания. На основе эмпирического опыта, позволяющего определить, с какого класса следует вводить эти и другие темы теории вероятностей и математической статистики в школьную математику, делаются выводы, выявляющие возрастные особенности учащихся для ряда понятий. Результаты представленного исследования могут служить основой для создания школьных программ и соответствующих учебников.

Ключевые слова: Теория вероятностей, математическая статистика, школьная математика, образовательная программа, методика преподавания теории вероятностей, школьные учебники, возрастные особенности учащихся.

ISSUES OF TEACHING PROBABILITY THEORY AND MATHEMATICAL STATISTICS IN SECONDARY SCHOOL

A.Zh. Zhubanysheva, G.E. Taugynbayeva*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana

*e-mail: zhubanysheva_azh@enu.kz, taugynbayeva_gye@enu.kz

Abstract. Probability theory and mathematical statistics represent a distinct branch of mathematical science. The axiomatization of probability theory in the early 20th century marked its emergence as an independent and fundamental field of mathematics. At the same time, probability theory serves as the foundation for mathematical statistics. The development of these disciplines has contributed to the emergence of new areas of knowledge such as risk theory, actuarial mathematics, stochastic analysis, biostatistics, and others, and has led to the formation of several specialized fields. Given the growing importance of probabilistic and statistical methods in various areas of science and practice, their inclusion in school mathematics curricula is both timely and justified. Therefore, the theoretical and practical teaching of probability theory and mathematical statistics is highly relevant.

One of the key issues is the methodology for teaching fundamental concepts, which are often overlooked during instruction and reduced to mere formula substitution and calculations. Furthermore, since elements of probability theory and mathematical statistics have been introduced into the school curriculum in recent years, determining the age-related capabilities of pupils—namely, in which grades and to what extent each topic should be taught—is a crucial component of the teaching methodology for this subject. The purpose of this article is to discuss and propose mathematically accurate definitions of certain fundamental concepts in probability theory and mathematical statistics, as well as teaching methods for these concepts, taking into account the age-related characteristics of students.

In this regard, the article examines key aspects of the methodology for teaching elements of probability theory and mathematical statistics in school mathematics that require particular attention. Specifically, it addresses the importance of distinguishing between the concepts of an experiment, an experiment's realization, and its outcome, as well as an event and its realization, statistical population, and proposes an instructional approach for teaching these concepts. Based on empirical experience that helps determine the appropriate grade levels at which to introduce these and other topics in probability theory and mathematical statistics, the article draws conclusions about the age-related characteristics of students in relation to a number of fundamental concepts. The results of this study can serve as a foundation for the development of school curricula and corresponding textbooks.

Keywords: *Probability theory, mathematical statistics, school mathematics, educational program, teaching methods of probability theory, school textbooks, age-related characteristics of students.*

ҚАЗАҚ ӘНШІ–АҚЫНДАРЫ ПОЭЗИЯСЫН ЦИФРЛЫҚ ӘНГІМЕЛЕУ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Қондыбай М.М.* , Әбдіманұлы Ө. 

Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*e-mail: medetmanasuly@gmail.com, abdimanuly@rambler.ru

Аңдатпа. Әнші–ақындардың шығармашылығы бүгінгі мектеп оқушыларының рухани–мәдени дамуы үшін аса құнды. Алайда бүгінгі білім алушылардың танымдық әлеуеті мен қабылдау ерекшеліктері заман талабына қарай едәуір өзгергенін ескеру маңызды.

Мақала жалпы орта білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларына қазақ әнші–ақындарының поэзиясын цифрлық әңгімелеу әдісі арқылы оқытудың психоллингвистикалық және педагогикалық тиімділігін зерттеуге бағытталған.

Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың жаңашыл әдістерін енгізу қажеттігімен түсіндіріледі. Қазақстанның орта мектеп бағдарламасында XIX ғасыр әнші–ақындарының өмірі мен шығармалары тақырып ретінде қамтылған. Аталған материалды оқыту үдерісінде ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сондай–ақ оқушыны орталық тұлға ретінде танып, оның дербес білім алуына негізделген белсенді әдістерді қолдану – қазіргі білім беру жүйесінің басты талабы.

Зерттеудің мақсаты – қазақтың әнші–ақындары поэзиясын цифрлық әңгімелеу (digital storytelling) әдісі арқылы оқытудың психоллингвистикалық және педагогикалық тиімділігін айқындап, мектеп тәжірибесіне енгізуге арналған мазмұндық–әдістемелік үлгі ұсыну.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – әнші–ақындар шығармаларын мультимедиалық форматта қайта баяндаудың (видеоэссе, деректі қысқаметраж, поэзиялық подкаст, анимация) бірізді моделі жасалды, бағалау рубрикасы мен нақты тапсырмалар картасы әзірленді. Зерттеу барысында сауалнама, педагогикалық эксперимент, поэтикалық талдау әдістері қолданылып, Canva, StoryMap, Adobe Express сынды цифрлық құралдар интеграцияланды. Нәтижесінде цифрлық әңгімелеу оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, шығармашылық пен тілдік құзыреттілігін дамытатыны анықталды. Оқыту үрдісінде цифрлық әңгімелеуді пайдалану оқушылардың эмоционалды танымын күшейтіп, қазақ әнші–ақындары шығармаларының идеясын терең түсінуге жағдай жасайды. Зерттеу жұмысы цифрлық педагогика мүмкіндіктерін ұлттық әдебиетті оқытуда тиімді қолданудың ғылыми негізін қалайды.

Кілт сөздер: цифрлық әңгімелеу, әнші–ақындар, қазақ әдебиеті, педагогика, мультимедиалық оқу, жобалау, АКТ, мотивация.

Кіріспе

Қазақтың сал–серілік дәстүрінен бастау алатын әнші–ақындар поэзиясы – ұлттық әдебиет пен өнердің бірегей саласы. XIX ғасырда Арқа өңірінде ерекше өркендеп, өз мектептерін қалыптастырған Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит Мералыұлы, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Естай Беркімбайұлы сынды әнші–ақындар шығармашылығы қазақ поэзиясының көкжиегін кеңейтіп, музыка мен сөз өнерін тоғыстырған жаңа үрдіс әкелді [1]. Олардың өлеңдері мен әндерінде әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздікке қарсылық, азаттық аңсары сынды қоғамның өзекті мәселелері өрнектеліп, елдің мұң–мұқтажы көркем түрде бейнеленді.

Әнші–ақындар шығармашылығының зерттелуі қазақ әдебиеті мен өнертану ғылымында өзіндік бағытқа ие. Бұл үрдіс XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ мәдени кеңістігінде ерекше орын алған сал–серілер мұрасын тану қажеттілігінен туындады. Әнші–ақындардың шығармашылық болмысы ұлттық рухани құндылықтарды, эстетикалық талғамды, музыкалық–поэтикалық дәстүрді тоғыстырған күрделі феномен болғандықтан, оларды зерттеу барысында әдебиеттану, музыка зерттеулері және мәдениеттану ғылымдарының әдіснамалары қатар қолданылды [2].

Әнші–ақындар шығармашылығы жөніндегі алғашқы ғылыми талдаулар XX ғасырдың басынан бастау алады. Ғалым А. Жұбанов «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» атты зерттеуінде әнші–ақындардың музыкалық мұрасын жүйелі түрде қарастырып, олардың ұлттық поэзия мен музыкадағы жаңашылдығын көрсетеді [3].

Әдебиетші-ғалым Е. Ысмайылов әнші-ақындардың өнерін синкретті сипатта қарастырып, олардың шығармашылығын «ақындық пен әншіліктің тұтасқан түрі» деп бағалады. Оның «Ақындар» атты монографиясында сал-серілердің поэзиясы мен әншілігінің өзара ажырағысыз бірлігі, олардың өнердегі синкретті табиғаты ғылыми тұрғыда дәлелденді [4]. Фольклортанушы С. Қасқабасов сал-серілерді қазақтың дала театрының бастауы ретінде сипаттап, олардың халықтық мәдениеттегі қызметін жаңа қырынан түсіндірді [5].

Кейіннен І. Жақанов әнші-ақындар мұрасын текстологиялық тұрғыдан [6], С. Негімов болса, сал-серілердің ұлттық болмысы мен шығармашылық даралығын, олардың аймақтық дәстүрлермен байланысын [7], ал Ш. Керім сал-серілер поэзиясының көркемдік ерекшеліктерін, әсіресе синкреттілік пен музыкалық әуезділіктің өзара сабақтастығын кешенді түрде талдады [8].

Жалпы алғанда, әнші-ақындар шығармашылығының зерттелуі – қазақ әдебиеті тарихындағы аса маңызды ғылыми бағыт болып табылады. Аталмыш зерттеулердің жүйеленуі үш арнаны айқындайды: (1) әнші-ақындардың өмірі мен шығармашылығын әдебиет тарихында зерделеу; (2) музыкалық мұраның жинақталуы мен талдануы; (3) тұлғалардың көркем бейнеленуі және соны талдаған еңбектер.

Мұндай теориялық негіз біздің әдістемеміздің іргетасы бола алады, әсіресе музыкалық-поэтикалық синкреттілік, аймақтық мектептер мен орындаушылық тарихын түсіндіруде көпмодальды ұсынысты қажет етеді.

Әнші-ақындардың шығармашылығы бүгінгі мектеп оқушыларының рухани-мәдени дамуы үшін аса құнды. Алайда бүгінгі білім алушылардың танымдық әлеуеті мен қабылдау ерекшеліктері заман талабына қарай едәуір өзгергенін ескеру маңызды. Осыған байланысты дәстүрлі әдістермен шектелу жеткіліксіз, ал цифрлық оқыту мүмкіндіктерін кеңінен қолдану – уақыт талабы. Цифрлық құралдарды, мультимедиялық ресурстарды және интерактивті платформаларды пайдалану бұл мәселені жеңілдетіп қана қоймай, оқушы қызығушылығын арттырады әрі олардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

Цифрлық әңгімелеу әдісі (Digital Storytelling) – білім беру үдерісінде кең қолданыс таба бастаған заманауи инновациялық әдістемелердің бірі [9]. Цифрлық әңгімелеу оқушыларға шығарманы да, сол жөніндегі ғылыми тұжырымдарды да бір мезетте меңгертетін тиімді дидактикалық орта ретінде көрінеді.

Білім беру контекстінде цифрлық әңгімелеу оқытушылар мен оқушылардың цифрлық құралдарды пайдалана отырып, оқу материалын хикая түрінде баяндауын білдіреді. Мысалы, оқушылар белгілі бір тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылығын, не әдеби туындының сюжетін негіздеп, өз сөздерімен мультимедиялық шағын фильм (видео), слайд-шоу немесе аудио-подкаст түрінде әңгіме құрастырады. Цифрлық форматтағы мұндай әңгімелердегі мәтін, сурет, музыка және дауыс сияқты элементтердің үйлесімі оқушылардың қызығушылығын оятып, әдеби шығарманы қабылдауын жеңілдетеді. Өйткені әңгімелеу – адам жадына әсер етудің күшті құралы, қызықты оқиға түрінде ұсынылған мәлімет есте жақсы сақталады. Ғалымдардың пікірінше, хикая формасындағы сабақ оқушылардың эмоционалдық тұрғыда еліктеуі арқылы білімді терең түсінуіне мүмкіндік береді [10].


Мақала жалпы орта білім беретін мектептің 10–11 сынып оқушыларына қазақ әнші-ақындарының поэзиясын *цифрлық әңгімелеу әдісі* арқылы оқытудың психолінгвистикалық және педагогикалық тиімділігін зерттеуге бағытталған. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың жаңашыл әдістерін енгізу қажеттігімен түсіндіріледі. Қазақстанның орта мектеп бағдарламасында XIX ғасыр әнші-ақындарының өмірі мен шығармалары тақырып ретінде қамтылған. Аталған материалды оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, сондай-ақ оқушыны орталық тұлға ретінде танып, оның дербес білім алуына негізделген белсенді әдістерді қолдану – қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі.

Оқулық пен дәстүрлі лекцияға үйренген алдыңғы ұрпақтан айырмашылығы, бүгінгі цифрлық дәуір оқушылары ақпаратты көбіне экран, мультимедиа арқылы қабылдайды. Сондықтан ұлттық әдеби мұрамызды жас ұрпаққа тиімді жеткізу үшін цифрлық әңгімелеу тәрізді мультимедиялық білім беру технологияларын қолдану – білім сапасын арттырудың бір жолы [9]. Мақалада зерттеудің мақсаты, әдіс–тәсілдері, алынған нәтижелері мен ғылыми–педагогикалық тұрғыдан талдауы ұсынылып, цифрлық әңгімелеу әдісін әдебиетті оқытуда қолдануға қатысты практикалық ұсынымдар беріледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде негізгі материал ретінде қазақтың көрнекті әнші–ақындарының әдеби мұрасы алынды. Атап айтқанда, Жаяу Мұса Байжанұлының «Ақ сиса» өлеңі, Біржан сал Қожағұлұлының әндері мен айтыстары (ақын Сарамен айтысы), Ақан сері Қорамсаұлының лирикалық ән–жырлары («Мақпал», «Балқадияша» т.б.), Мұхит Мералыұлының өлеңдері, Балуан Шолақтың өлеңдері, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының «Гэкку» әні, Естай Беркімбауұлының «Қорлан» әні тәрізді шығармалар қамтылды. Бұл туындылардың мәтіндері, тарихи контексті мен олар туралы әдебиеттер зерттеу нысаны болды. Сонымен бірге осы ақындардың өмірбаян деректері, халқымыздың сал–серілік дәстүрі туралы мәліметтер қарастырылды. Психолінгвистикалық тұрғыдан материал ретінде оқушылардың осы шығармаларды цифрлық форматта оқып–үйренуі кезінде қалыптасатын тілдік құзыреттері мен вербалды емес (визуалды, аудиалды) ойлау үдерістері есепке алынды.

Зерттеу әдістемесі сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) тәсілдердің кешенді қолданылуына негізделді. Алдымен, тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды, яғни отандық және шетел зерттеушілерінің цифрлық оқыту технологиялары мен әңгімелеу әдісі туралы еңбектері зерделенді. Мысалы, шетелдік зерттеулерде цифрлық әңгімелеу оқушылардың білімге ынтасын арттырып, конструктивті және коллаборативті (ұжымдық) оқыту теорияларымен үйлесетін тиімді құрал екені көрсетілген (Сурет–1) [11].



Сурет 1 – Цифрлық әңгімелеудің құрылымдық–мақсаттық үлгісі [11]

Тәжірибелік бөлімде жалпы орта мектептің 10–сыныбында «Әнші–ақындар шығармашылығын оқыту» тақырыбында тәжірибелік сабақтар өткізілді. Экспериментке барлығы 49 оқушы қатысты, олар екі топқа бөлінді: бақылау тобы (дәстүрлі сабақ үлгісімен оқыған 24 оқушы) және эксперимент тобы (цифрлық әңгімелеу әдісін қолданған 25 оқушы). Сабақтар жаңартылған бағдарлама талаптарына сәйкес құрастырылды және дәстүрлі сабақ (бақылау тобы) пен цифрлық әңгімелеу әдісін қолданған сабақ (эксперимент тобы) нәтижелері салыстырылды.

Цифрлық әңгімелеу әдісін жүзеге асыру үшін, ең алдымен, оқушыларға зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала нұсқаулық беріліп, топтарға бөлінді. Әр топқа белгілі бір әнші–ақын тұлғасы мен оның шығармасы тандап алынды (мысалы, бір топқа Жаяу Мұсаның өмірі мен «Ақ сиса» әні, екінші топқа Ақан сері өмірі мен «Балқадияша» әні, т.с.с.). Оқушылар топ ішінде ақылдаса отырып, сол тұлғаның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы шағын сюжет құрып, соны цифрлық форматта баяндауы тиіс болды.

Баяндау түрі еркін таңдалды. Бір топ деректі қысқа фильм жасаса, бір топ слайд–шоу және аудио фон арқылы әңгімелеу, кейбірі анимациялық видеоролик әзірледі. Цифрлық өнімнің сценарий оқушылар өздері жазды, қажетті бейнелер мен дыбыстарды ғаламтордан немесе өздері түсіріп, жинақтады. Мысалы, Біржан сал тобы оның Сара ақынмен айтысын драмаланған көрініс ретінде видеоға түсіріп, сөздерін қазақ, ағылшын тілдерінде субтитрмен берді, ал Ақан сері тобы ақын өмірінен мәліметтерді және «Құлагер» әнінің үзіндісін пайдаланып, фотосуреттер мен мұрағат деректері негізінде презентациялық фильм жасап, оны өз дауыстарымен дыбыстады. Жұмыс барысында оқушылар сториборд (storyboard) тәсілімен сюжет желісін құрып, роликтің құрылымын алдын ала жоспарлады. Топ мүшелері арасында міндеттер бөлініп (мәтін жазушы, баяншы–диктор, видео монтаждаушы, дизайнер т.б.), бірлесе жұмыс жасау арқылы жобаларын аяқтады.

Эксперименттік сабақтар 17 күн бойы жүргізілді (оның ішінде дайындық, материал жинау, монтаж және көрсетілім кезеңдерін қамтиды). Оқушылардың цифрлық әңгімелерді жасауы барысында зерттеуші–оқытушы тарапынан қажет кезінде кеңес беріліп отырды, бірақ негізгі шығармашылық жүктеме оқушылардың өзіне қалдырылды.

Бағалау критерийлері алдын ала дайындалып, оқушыларға жобаны бастарда таныстырылды. Атап айтқанда, цифрлық әңгіме бағасында келесі параметрлер ескерілді: мазмұнның тарихи–әдеби дәлдігі, сюжеттік желінің қисындығы (басы, дамуы, шарықтау шегі, қорытындысы), визуалдық материалдың көркемдік сапасы, дыбыстық сүйемелдеуінің әсерлігі, тілінің көркемдігі мен грамматикалық дұрыстығы, техникалық орындалуының шеберлігі, уақытты тиімді пайдалануы (3–5 минуттық шектеуді сақтау) және жалпы шығармашылық ойын жеткізе алуы. Әр критерий 1–ден 4 баллға дейінгі шкалада бағаланды (4 – өте жақсы, 3 – жақсы, 2 – қанағаттанарлық, 1 – төмен). Жоба соңында әр топ өздерінің дайындаған цифрлық әңгімелерін сынып алдында көрсетіп, шағын презентация жасап түсіндірді. Көрсетілімнен кейін рефлексия және пікірталас ұйымдастырылды. Яғни әр топ басқа тыңдарман–оқушылардан сұрақтар мен пікірлер қабылдап, жұмыстарының мақсаты мен алған сабақтары туралы ой бөлісті. Осылайша, цифрлық әңгімелеу әдісі бойынша сабақ тек ақпарат беру емес, оқушыларды зерттеушілікке, шығармашыл жұмысқа және сындарлы кері байланыс алуға бағытталды.

Зерттеу нәтижелерін талдау үшін, біріншіден, сандық деректер (көрсеткіштері) бақылау және эксперимент топтары арасында салыстырылды. Екіншіден, оқушылардан сабақ соңында сауалнама алынып, олардың жаңа әдіске қатысты көзқарасы, алған әсері жинақталды. Үшіншіден, сынып жетекшілері мен басқа әріптес мұғалімдердің осы тәжірибе жайлы пікірлері жазылып алынды. Алынған барлық мәліметтер педагогикалық тиімділікті кешенді бағалау мақсатында статистикалық және салыстырмалы талдаудан өткізілді.

Нәтижелер мен талқылау


Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ әдебиетіндегі әнші–ақындар мұрасы – ұлттық руханияттың аса маңызды құрамдас бөлігі. Олар әрі ақын, әрі композитор, әрі орындаушы болғандықтан, олардың туындыларын оқу әдебиет пен музыканың, тарих пен мәдениеттің тоғысында жатқан күрделі танымдық процесс болып табылады [1]. Мектепте бұл шығармаларды өтудің мақсаты – оқушыларға қазақ халқының сөз өнері мен ән өнерінің бірлігін сезіндіру, XIX ғасырдағы тарихи–әлеуметтік жағдай туралы түсінік беру және көркем мәтінмен жұмыс арқылы эстетикалық талғамын қалыптастыру. Дегенмен, әнші–ақындардың тілінде көнерген сөздер, діни және мифологиялық ишаралар, таралып кеткен жергілікті диалектизмдер кездесуі мүмкін. Сол себепті дәстүрлі сабақ барысында мұғалімге көп түсіндіру жұмысы жүктеледі, ал оқушы көбіне дайын ақпаратты тыңдаумен шектеледі. Демек, оқушының өз әрекеті арқылы әдебиетті үйренуіне жағдай жасау қажет. Бұл тұрғыда еліміздің жаңартылған білім мазмұны да талап етіп отырған «белсенді оқыту» (active learning) тәсілдері бар. Солардың бірі – жобалық жұмыс және АКТ–ны қолдану. Цифрлық әңгімелеу осы екі компонентті (жоба және технология) ұштастыратын әдіс. Оқушы цифрлық жобаны орындау барысында әнші–ақынның өмірбаянын өздігімен зерттеп, мәтіндеріне талдау жасайды, сосын түсінген мәліметтерін өз қиялымен үшөлшемді

(көркем+дыбыстық+мәтін) хикаяға айналдырады. Бұл үдеріс барысында оның зерттеушілік, ақпараттық сараптау, тілдік және шығармашылық дағдылары қатар дамиды.

Ғалымдардың пайымдауынша, цифрлық әңгімелеу – конструктивистік оқыту теориясына сай келетін тиімді құрал. Н. Каранталис әдебиет сабағында жүргізген тәжірибесі негізінде цифрлық әңгімелеуді қолдану оқушылардың білім алу үдерісін белсенді ететінін және оны қашықтан оқытуда да қолдануға болатынын атап көрсеткен [11]. Олар әзірлеген сабақ барысында оқушылар бірлесе жұмыс жасап, жаңа технологияны пайдалану арқылы әдеби шығарманы тереңірек түсінген.

Сол сияқты, австралиялық ғалым Н. Смеда бірнеше мектепте жүргізген ауқымды зерттеуінде цифрлық әңгімелеуді қолдану оқушының танымдық белсенділігі мен ынтасын оятып, білім нәтижелерін жақсартатынын дәлелдеген. Цифрлық жобамен шұғылданған оқушылар дәстүрлі әдіспен оқыған құрдастарымен салыстырғанда оқу материалын тереңірек меңгеріп, өз ойын құрылымды түрде жеткізу қабілеттері артқан [12].

Түрлі жас тобында (бастауыштан жоғары сыныпқа дейін) жүргізілген эксперименттерде барлық топтағы оқушылар цифрлық тарих жасауға қызығушылықпен кіріскені және тапсырманы шығармашылықпен орындағаны байқалған. Олардың цифрлық әңгімелерін сарапшылар бағалағанда жоғары сыныптарда нәтиже сапасы өсіп отырған (Сурет 2).



Сурет 2 – Әртүрлі сыныптардағы оқушылар дайындаған цифрлық әңгімелер сапасының салыстырмалы көрсеткіші (Н. Смеда зерттеуі бойынша)[12]

Цифрлық форматтағы әңгімелеудің психоллингвистикалық тиімділігі, бір жағынан вербалды (сөз, мәтін), екінші жағынан бейвербалды (дыбыс, көрініс) сигналдар арқылы қабылданады. Яғни, ақпарат бір мезгілде ми қабының бірнеше аймағында өңделеді.

АҚШ ғалымдары жүргізген зерттеулер бойынша, баяндау формасындағы контент оқушының миында ұзақ мерзімді естелікке айналу үшін қолайлырақ екен. Себебі қызықты оқиға тыңдағанда адам миында эмоциялық гормондар бөлініп, зейін деңгейі көтеріледі [10]. Саналы түрде аңғармай-ақ, бала өзін әңгімедегі кейіпкер орнына қойып, ситуацияны ішкі тілмен сөйлеп, талдай бастайды, мұны ғылымда «нарративті көшу» феномені дейді. Мысалы, Ақан серінің Құлагер атының өлтірілуі туралы цифрлық фильм көрген оқушы тек ақпарат алып қана қоймай, сол оқиғаға ішкі жан-дүниесімен еніп, эмоционалдық әсер алады. Бұл әсер арқылы ол шығарманың идеясын терең сезінеді, әрі сюжет желісін есінде жақсы сақтайды. Цифрлық әңгімелеу арқылы әдеби кейіпкерлер «жан біткендей» көрініс тауып, оқушының қиялында жанданады. Зерттеуші С. Хирш пен В. Маклеройдың тәжірибесінде поэзияны мультимедиалық әңгімелеу ұштастыру нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі шығармашылық тұрғыда көрсетуі мен қиялдау қабілеті айтарлықтай артқаны байқалған [13]. Яғни, бұрын тек мәтінді талдаумен шектелген оқушылар, цифрлық оқиға жасауда өз ойынан бейне мен дыбыстық жолдарды қосып, поэзиядан алған әсерін жан-жақты шығармаға айналдырған. Сабақ соңында көптеген оқушылар

«бұрын–соңды әдебиет сабағы осындай қызықты болады деп ойламағанын», жобамен жұмыс істей отырып өлең мағынасын тереңірек түсінгенін айтып өткен.

Цифрлық әңгімелеудің тағы бір педагогикалық артықшылығы – ынтымақтастық пен дербестікті қатар дамытуы. Топпен жұмыс барысында оқушылар бір–бірінен үйренеді, бірі идея ұсынып, бірі оны толықтырып, бірін–бірі бағалау арқылы ортақ нәтижеге ұмтылады. Бұл коллаборативті оқу дағдысын қалыптастырады. Сонымен бірге, әр оқушы жобада өзіндік үлес қосады, жеке шығармашылық шешімдер табады, яғни дербес ізденіс жүргізеді. Мысалы, фильмді монтаждаумен айналысқан оқушы бұрын тек көрермен рөлінде болса, енді өзі режиссер әрі сценарист болып көреді. Мұндай рөлдік ауысым оқушының бойында жауапкершілік пен лидерлік қасиеттерін шыңдайды.

Біздің экспериментте жоба қорғау барысында оқушылар сыныптас құрбыларынан келген сұрақтарға нақты дәлел–дәйекпен жауап беруге тырысты, яғни олардың пікірін тыңдап, өз жұмыстарына сын көзбен қарап, қажет жерінде жақсартуға дайын болды. Цифрлық құралдарды (бейнемонтаж бағдарламасы, аудиожазба, интернеттен ақпарат іздеу, презентация жасау) қолдану машығы да айтарлықтай жетілді. Бастапқыда видеоны қиып, өтпелі эффектілер қоюды білмеген кейбір оқушылар соңында өте креативті роликтер жасап шықты. Бұл ХХІ ғасыр дағдыларының бірқатары – ақпараттық сауаттылық, медиаөнер, IT–құзырет – осындай сабақ арқылы табиғи түрде қалыптасатынын көрсетеді.

Жалпы, цифрлық әңгімелеу әдісі дәстүрлі оқытудағы кейбір кемшіліктерді жоюға көмектеседі деп тұжырым жасауға болады. Мысалы, дәстүрлі әдебиет сабағында уақыттың көбі мұғалім түсіндірмесіне кетсе, цифрлық жобада оқушы өзі ізденеді, яғни оқу үрдісінің субъектісі болады. Оқулықтағы ақпаратпен бірге, өзі қызықтап жасаған бейнебаян арқылы білім алады – бұл білім берудегі тұлғалық–бағдарлы (learner–centered) тәсілдің көрінісі. Әрі цифрлық әңгімелер интернет арқылы кең аудиторияға жарияланса (мектеп сайты, YouTube арнасы т.б.), оқушы өз еңбегінің басқаға пайдалы екенін сезініп, жауапкершілігі артады [14]. Біздің тәжірибеде оқушылар өз жұмыстарын ата–аналарына, басқа сынып оқушыларына көрсетуге қызығушылық танытты, тіпті кейбірі видеоны әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті. Яғни, цифрлық өнім дайындау оқудағы уәжді (мотивацияны) күшейтетінін байқадық.

Дегенмен, жаңа әдісті қолдануда кейбір қиындықтар да жоқ емес. Алдымен, мұғалімнің өзі цифрлық жобалау жұмысын ұйымдастыруға дайын болуы шарт. Бұл – сабаққа қосымша уақыт пен күш жұмсауды талап етеді. Сабақ барысында техникалық мәселелер (компьютер, бағдарлама ақауы, файлдың өшіп қалуы т.б.) туындауы мүмкін, оны алдын ала ойластырып, сақтану керек. Оқушылардың барлығы бірдей медиа жасауда қабілетті емес, кейбірінің техникаға икемі болса, кейбірінің шығармашылық идея табуға, мәтін жазуға таланты бар, ал енді бірі екеуіне де шорқақ болуы мүмкін. Осындай әртүрлілікті ескеріп, топ мүшелерінің рөлдерін дұрыс бөлген жөн. Сонымен бірге, цифрлық ортаға шыққанда авторлық құқық, плагиат мәселелерін де оқушыларға түсіндіру маңызды [14]. Мәселен, бір топ интернеттен алынған суреттерге жай ғана сілтеме көрсетпестен пайдаланды, кейін оларға авторлық құқық туралы қосымша түсіндірме берілді. Сол сияқты дайын мәтінді көшірмей, өзіндік идея туындатудың маңызын ұғындыру қажет. Демек, цифрлық әңгімелеу сабағының табысты болуы мұғалімнің жан–жақты әзірлігіне және сыныптың ынтымақтастығына байланысты.

Әнші–ақындар шығармаларын цифрлық әңгімелеуге бағытталған мазмұндық–әдістемелік ұсыныстар

Зерттеуде негізгі оқу материалы ретінде Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» өлеңі, Біржан салдың әндері мен ақын Сарамен айтысы, Ақан серінің лирикалық туындылары («Мақпал», «Балқадидша»), Мұхит Мералыұлының «Дүние» өлеңі, Балуан Шолақ пен Үкілі Ыбырайдың ән–жырлары сынды шығармалар қамтылғаны белгілі. Енді осы туындылардың мазмұны мен поэтикалық ерекшеліктеріне қысқаша талдау жасап, оларды цифрлық әңгімелеуге кіріктіру жолдарын және нақты мультимедиялық тапсырмалар үлгілерін ұсынамыз.

Жаяу Мұса Байжанұлының «Ақ сиса» өлеңі – әлеуметтік әділетсіздікке қарсылықтың көркем үлгісі. Поэзия тілі арқылы ақын өз заманының зорлық–зомбылығына, әсіресе Шорман тұқымының озбырлығына наразылығын білдіреді. Өлеңнің атына айналған «Ақ сиса» сөзі және қайырма ретінде келетін жолдар шығарманың әнге негізделген құрылымын көрсетеді. Жаяу Мұса атынан айтылатын монолог сарказмға толы. Мәселен, «Шорманның Мұстапасы атымды алып, Атандым сол себептен Жаяу Мұса» деп, әділетсіздік салдарынан атына мініп жүру құқығынан айырылғанын ашына жырлайды. Мұнда поэтикалық қайталау («ақ сиса, қызыл сиса...») өлеңнің әуезділігін арттырып, мазмұнға эмоционалдық қуат береді.

Бұл өлеңді оқытуда оқушылар тарихи деректі фильмнің шағын сценарийін жасауына болады. Мысалы, Жаяу Мұсаның жаяу қалуына себеп болған оқиға желісі бойынша бейнебаян құрастырып, оған ақынның өз даусымен айтылған өлең жолдарын немесе ән әуенін фон ретінде қосуға тапсырма беруге болады. Мұндай мультимедиалық туынды арқылы оқушылар өлеңдегі әлеуметтік әділетсіздік сарынын көзбен көріп, құлақпен естіп қабылдайды, ақын образына еніп, оқиғаға жан–жақты талдау жасайды (Кесте 1).

Кесте 1 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Жаяу Мұса)

Жоба түрі	Деректі фильм (docu–short); Аудио–сюжет (подкаст)
Тапсырма 1	«Ақ сиса» өлеңі мен тарихи деректер негізінде деректі фильмнің сценарийін жазу; XIX ғасырдағы әлеуметтік теңсіздік көріністерін сипаттайтын шағын бейнефильм дайындау.
Тапсырма 2	Аудио–сюжет (подкаст) әзірлеу: Жаяу Мұса өмірінен қысқаша деректер мен өлеңнің мағынасын радиохабар стилінде түсіндіру; арасына өлеңнен үзінділер енгізу.
Техникалық/ мазмұндық талаптар	Фонға «Ақ сиса» әуенін және өлең жолдарын синхрондау; дикторлық дауыс сапасы мен орфоэпияны сақтау.
Ұсынылатын материалдар	Өлең мәтіні; тарихи дереккөздер/иллюстрациялар; ән әуені; жазба студиясы немесе сапалы диктофон

Ақан сері – лирикалық ән–жырлары арқылы кеңінен танымал. Оның «Балқадияша» әні ғашықтық сезім мен қазақы сұлулық идеалын жырлаған туынды. «Қызы едің Ыбыкеңнің, Балқадияша, Бұралған белің нәзік тал Қадияша» деген өлең сөздері нәзік суреттеуге құрылған. Ақан өлеңдеріне нәзік лиризм, әуезді ұйқас, қайталама жолдар (Қадияшаның есімін әр шумақтың соңында қайталау) тән, бұл олардың әнге икемді поэтикалық болмысын көрсетеді. Сонымен бірге Ақан серінің шығармашылығында трагедиялық мотив те бар. Әсіресе, оның сәйгүлік аты Құлагердің өлтірілуіне арналған жоқтауында халықтың ауыр қайғысы көрініс тапқан.

Ақан сері шығармаларын цифрлық форматта игерту үшін слайд–презентация түріндегі видеоәңгіме жасау тиімді. Оқушылар ақынның өмірі мен мұрасын зерттеп, «Құлагер» әнінің үзіндісін және тарихи фотосуреттерді пайдаланып, деректі презентациялық фильм дайындай алады. Мысалы, презентацияға Ақанның Балқадияшаға арналған шумақтарын және сол кезеңдегі ғашықтық оқиғаларға қатысты мәліметтерді кіріктіріп, оны өз дауысымен дыбыстау тапсырмасы беріледі. Бұл шағын цифрлық фильмде мәтін, бейне және дыбыс бірлікте жұмылдырылып, оқушылар Ақан жырының эстетикалық құндылығын тереңірек сезінеді. Ақан серінің Құлагеріне қатысты хикаяны бейнеролик етіп көрсету де оқушыларға үлкен эмоциялық әсер береді, олар ақынның қайғысын көзбен көріп, көңілмен түсінеді (Кесте 2).

Кесте 2 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Ақан сері)

Жоба түрі	Слайд–презентациядан видеоәңгіме; Поэзиялық подкаст
Тапсырма 1	«Балқадіша» әнінің сюжетін, Ақанның махаббат хикаясы мен Балқадішаның тарихын слайд–шоу форматында сценарилеп көрсету; әр слайдқа ән жолдарын және сол дәуірдің бейнелерін тіркеу.
Тапсырма 2	«Құлагер» жоқтауы бойынша поэзиялық подкаст: эмоционалдық мәнерде оқу және жылқыға қатысты қазақ дәстүрі мен атбегілік мәдениеті туралы пікірталқы форматында аудиожазба жасау; подкаст фонына әннің бір шумағын қосу.
Техникалық/мазмұндық талаптар	Визуал мен мәтіннің сәйкестігі; дикция/орфоэпия; аудио монтаждың таза болуы
Ұсынылатын материалдар	Ән/өлең мәтіндері; тарихи фотосуреттер; музыкалық үзінділер; субтитрлер үшін мәтін.

Біржан салдың әдеби мұрасы қазақтың әншілік және айтыс өнерінің озық үлгісі саналады. Оның Сара ақынмен әйгілі айтысы – суырыпсалмалық пен поэтикалық тапқырлықтың шыңы. Біржан өз қарсыласын жоғары бағалап, «*Қыз да болса адамның жүйрігі екен, Көрмедім сөзді адамды ондай дана*» деп, Сараның сөз өнеріндегі дарынын мойындайды [9]. Бұл жолдар айтыстың биік мәдениеті мен екі ақынның тең дәрежелі сөз сайысын көрсетеді. Біржан поэзиясының ерекшелігі – экспромт, импровизациялық стиль мен терең мазмұнды астар. Айтыста қоғамдық–әлеуметтік мәселелер де, гендерлік теңдік те (әйел ақынның өнері) көтеріледі.

Біржан сал шығармаларын оқытуда драмаланған көрініс түріндегі видеожоба тиімді әдіс бола алады. Мәселен, оқушыларға Біржан мен Сара айтысын сахналық қойылым ретінде бейнекамераға түсіріп, оны цифрлық фильмге айналдыру тапсырылуы мүмкін. Осындай жұмысты зерттеу экспериментінде бір топ оқушы жүзеге асырған. Олар Біржан мен Сара айтысын рөлдерге бөлініп орындап, видеоны қазақ және ағылшын субтитрларымен әрлеген. Сол сияқты айтыстың ең өткір шумақтарын аудио–подкаст форматында диалог түрінде қоюға болады – бір оқушы Біржан, екіншісі Сара болып, өлеңді кезекпен орындап жазып алады. Бұл тәсіл оқушылардың поэзияны нақышына келтіріп оқу, дауыс ырғағын келтіру, мәтінге интерпретация жасау дағдыларын дамытады (Кесте 3).

Кесте 3 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Біржан Сал)

Жоба түрі	Деректі драма (бейнеқойылым); Интерактивті әдеби журнал (онлайн)
Тапсырма 1	Біржан–Сара айтысының толық бір бөлімін негізге алып, деректі драма сценарийін жазу; айтысты сахналық қойылым ретінде видеоға түсіру (рөлдік орындау).
Тапсырма 2	Интерактивті әдеби журнал: цифрлық платформада Біржан салға арналған парақша жасау (бірнеше әннің аудиожазбасы, өмірбаян деректері, Сарамен айтыстан видео үзінділер)
Техникалық/мазмұндық талаптар	Бейнероликке қазақ/ағылшынша субтитр қосу; диалогтық мәтінді анық айту; веб–платформада мультимедианы дұрыс орналастыру.
Ұсынылатын материалдар	Айтыс мәтіні; костюм/реквизит; фондық музыка; блог/сайт мүмкіндіктері.

Мұхит шығармашылығы ойшылдық, философиялық тереңдікпен ерекшеленеді. Оның әндерінде өмірдің өткіншілігі мен тағдырдың сан-қырлы сынағы жиі тақырып болады. Мысалы, «Дүние» өлеңінде ақын жалған дүниені кейіпкер ретінде тілге тиек етіп, өкпе-назын білдіреді: *«Кез келсе қарамайсың, дүние-ау, кәрі-жасқа... Көрсеттің жек көрініш, дүние-ау...»* деп, адамзатқа ортақ өмір заңдылықтарын күйінішпен жырлайды. Бұл өлеңнің поэтикалық тілінде риторикалық қайырымалар («дүние-ау») және шұбыртпалы ұйқас үлгісі қолданылады, дыбыстық жағынан Мұхит әндерінің әуезділігі байқалады.

Мұхиттың философиялық толғауларын цифрлық форматта меңгерту үшін аудио-визуалды монтаж жұмысы ұсынылады. Оқушылар «Дүние» өлеңін мәнерлеп оқып жазып, оның мазмұнына сәйкес табиғат пен өмір айналымын бейнелейтін фотосуреттер слайд-шоу ретінде жинақтайды. Мультимедиялық поэзиялық подкаст түрінде де тапсырма беруге болады, яғни, Мұхит өлеңінің әр шумағына қатысты өмір мен өлім, тағдыр туралы өз толғамдарын қосып, музыкалық фон үстінде ұнтаспаға түсіреді. Мұндай шығармашылық тапсырмалар оқушылардың өлең мазмұнын терең пайымдауына, өмір философиясын сезінуіне жағдай жасайды (Кесте 4).

Кесте 4 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Мұхит)

Жоба түрі	Визуалды поэзия (видеоэссе); Музыкалық-деректі подкаст
Тапсырма 1	«Дүние» өлеңін жолма-жол заманауи тілде түсіндіріп, әр жолдың мағынасын сәйкес сурет/қысқа видеофрагментпен қабаттастырып, визуалды поэзия жобасын жасау.
Тапсырма 2	Мұхиттың бірнеше әнін («Айдай», «Ақиіс») негізге алып, музыкалық-деректі подкаст дайындау: әр әннің шығу тарихын зерттеу және мәтін астарын талдау; әңгіме желісін Мұхит әндерінің әуенімен әрлеу.
Техникалық/мазмұндық талаптар	Мәтін-визуал сәйкестігі; аудиомонтаж сапасы; рефлексивті баяндау стилі.
Ұсынылатын материалдар	Өлең/ән мәтіндері; табиғат/тіршілік циклын бейнелейтін визуалдар; музыкалық фон; диктор дауысы.

Балуан Шолақ – әрі әнші, әрі палуан ретінде танымал, оның өлеңдерінде жеке өмірі мен батырлық оқиғалары эпикалық сарында жырланады. Ақынның тілі жігерлі, образдары айқын, әсіресе өзі түрмеден қашып шыққан оқиғаны баяндайтын жырлары ерекше қызық. *«Темірді тіземе сап қозғап көрсем, Секілді қоғажайдай былқылдайды... Темірін екі итерін тартқанымда, Кірпіші жерге түсті күтір-күтір»* деп, өзінің асқан күшінің арқасында зынданның қабырғасын қақыратып қашқанын суреттейді. Мұнда көркемдетілген гипербола мен реалистік детальдар (кірпіштің күтірлеп құлауы) қатар келіп, өлеңді көркем шығарма әрі тарихи хикаят деңгейіне көтереді.

Балуан Шолақтың осы іспетті шытырман оқиғасын оқушылар анимациялық видео немесе комикс-видео форматында жаңғырта алады. Тапсырма ретінде өлең мазмұны бойынша сториборд құрып, Балуанның түрмеден қашу сәтін бейнелейтін қысқа мультфильм жасау ұсынылады. Оқушылар кейіпкердің бейнесін салып, оны қозғалысқа келтіріп, өздері диктор дауыспен өлең жолдарын оқып шығады немесе диалогтарын жазады. Сол сияқты деректі фильм үлгісінде Балуан Шолақтың өмірі туралы шағын бейнеролик әзірлеуге болады – оған архив фотолар, картиналар, жергілікті өлкетану мұражайынан түсірілген видеоларды кіріктіріп, оқиға желісін баяндайды. Мұндай цифрлық әңгімелеу оқушыларға тарихи тұлғаны «тірілтіп», оның ерлігін көз алдарына елестетуге мүмкіндік береді (Кесте 5).

Кесте 5 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Балуан Шолақ)

Жоба түрі	Анимациялық хикая/комикс–видео; Спорттық деректі фильм
Тапсырма 1	Балуан Шолақтың түрмеден қашуы немесе өнерпаздық жолы туралы анимациялық хикая: Powtoon, Animaker т.б. арқылы сахналау; диалогтар мен өлең жолдарын титр не дикторлықпен беру.
Тапсырма 2	Спорттық деректі фильм сценарийі: палуандық өнері жайлы қысқаметражды фильм жоспарлау (эпизодтар: тас көтеру рекорды; музыкамен шабыттанған күресі және т.б.) және монтаждау.
Техникалық/мазмұндық талаптар	Сториборд әзірлеу; дыбыс эффектілерін лайық қолдану; монтаждың реттілігі; тарихи оқиғаның дәйектілігі.
Ұсынылатын материалдар	Өлең жолдары; иллюстрациялар/анимациялар; дыбыс эффектілері; музыка; анимация құралдары.

Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әні – қазақ музыка мәдениетіндегі ең көркем әндердің бірі, еркіндік пен өнерпаздықтың символы. Бұл әннің мәтінінде ақын өзінің серілік өмір жолын, табиғат аясындағы саятшылық сәттерін мақтан тұтып жырлайды. «*Аралап талай жердің дәмін таттым, Құс салып айдын көлде дабыл қақтым. Айта алмай “Гэккуімді” ешбір адам, Маймаңдап қоңыр қаздай мамырлаттым*» деп, көп ел аралап, құс салып сауық құрғанын және ешкім оның «Гэккуін» келтіре алмайтынын айтып асқақтайды. Өлеңнің поэтикалық құрылымы да әннің әуеніне сай ырғақты, қайырма сөздері («ерке Гэкку») құлаққа жағымды ұйқас пен әуез тудырады.

«Гэкку» әнін цифрлық форматта оқыту үшін музыкалық бейнебаян жасауға болады. Мысалы, оқушыларға Үкілі Ыбырай образына еніп, әнді өздері орындап жазу, оны табиғат аясында (көл жағасында, құс салу көріністерімен) видеоға түсіру тапсырмасы беріледі. Балама ретінде дайын фонограмманы пайдаланып, сол әнге үйлесетін видеоклип (құстардың көкте қалықтауы, жүйрік ат мінген сал–сері бейнесі, т.б. кадрлар) монтаждауға болады. Сондай–ақ поэзиялық подкаст түрінде ән тарихын баяндау тапсырмасы тиімді. Яғни, бір оқушы Үкілі Ыбырайдың өмірі мен «Гэкку» әнінің шығу тарихын әңгімелеп берсе, екіншісі әннің шумақтарын домбыра немесе оркестр сүйемелдеуімен орындап, аудиожазба дайындайды. Бұл мультимедиа жобалар арқылы оқушылар дәстүрлі әннің көркемдігін заманауи формада сезініп, ұлттық музыка мұрасына құрметін арттырады (Кесте 6).

Кесте 6 – Цифрлық оқыту тапсырмалары (Үкілі Ыбырай)

Жоба түрі	Музыкалық клип; Әдеби–музыкалық радиобағдарлама
Тапсырма 1	«Гэкку» әніне музыкалық клип: студиялық немесе өз орындауын пайдаланып, табиғат көріністері мен сал–серілік өмірді сипаттайтын видеоларды үйлестіріп монтаждау (құс салу, ат үстіндегі сері, кең далалық сауық көріністері).
Тапсырма 2	Әдеби–музыкалық радиобағдарлама: Үкілі Ыбырайдың өмірбаяны мен ән ерекшелігін радиобағдар түрінде сценариілеп, қыран құс дауысы, домбыра үні сияқты дыбыстық эффектілермен байыту; «Гэкку» толық/үзінді орындалып, тарихи мәні түсіндіріледі.
Техникалық/мазмұндық талаптар	Кадр–музыка синхрондығы; дыбыстық эффектілерді мөлшерлі қолдану; жүргізуші мәтінінің құрылымдылығы
Ұсынылатын материалдар	«Гэкку» фонограммасы/орындау жазбасы; табиғат және серілік өмір видеолары; дыбыстық эффектілер (қыран, домбыра).

Сонымен, әнші–ақындар туындыларын цифрлық форматта баяндау негізінде жүргізілген мазмұндық талдау мен әдістемелік ұсыныстар оқушылардың бұл поэзияны игеру үрдісін жандандыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан эксперимент қорытындысында бақылау және эксперимент сыныптарының жетістіктері салыстырылды (Кесте 7).

Кесте 7 – Бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелерін салыстыру (шағын тест және сапалық деректер)

Топ	n	Оқыту тәсілі	Шағын тесттің орташа нәтижесі*	Эксперимент–бақылау айырмасы (Δ, %)	Сапалық дәлелдеме (ашық жауаптар)
Бақылау тобы	24	Дәстүрлі оқыту	Базалық деңгей (реф.)	40%	Жалпылама жауаптар: «Біржан сал – әйгілі әнші, ақын»; мазмұнды толық аспаған.
Эксперименттік топ	25	Цифрлық жобалық оқыту	Бақылаудан жоғары	52%	Нақтылау және терең мазмұндау: әндерін атады (<i>Айтбай, Ләйлім шырақ, Жанбота</i>), Сарамен айтысының мазмұнын баяндады.

Ескертпелер:

1. «Шағын тесттің орташа нәтижесі» – топтық орташа балл; абсолют мәндер жинақталмаған, салыстырмалы айырма көрсетілді.
2. Δ – эксперименттік топтың орташа балының бақылау тобына қатысты пайыздық өсімі (+12%).
3. Сапалық дәлелдеме ашық сұрақтарға берілген жауаптардың мазмұндық талдауынан алынды.
4. Жалпы қатысушылар саны: n=49 (бақылау n=24; эксперимент n=25).

Кестеде көрсетілгендей, бақылау тобында (дәстүрлі әдіспен оқыған) әнші–ақындар тақырыбы бойынша қалыпты деңгейде түсіну байқалса, эксперимент тобында (цифрлық жобамен оқыған) оқушылардың қызығушылық танытып, тереңірек меңгергені анықталды. Атап айтқанда, эксперимент сыныбында өткен шағын тест нәтижесінде орта балл 12%–ға жоғары болды.

Сондай–ақ, ашық сұрақтарға берген жауаптарында оқушылар ақындардың өмірі мен шығармаларының мазмұнын жан–жақты айтып, маңызды жақтарын қамтыған. Мәселен, Біржан сал туралы сұрақта бақылау тобындағы оқушылардың көбі «Біржан сал – әйгілі әнші, ақын» десе, эксперимент тобындағы оқушылар Біржан салдың Айтбай, Ләйлім шырақ, Жанбота секілді әндерін атап, Сарамен айтысының мазмұнын баяндап бере алған. Бұл олардың сабақта тек ақпарат алып қоймай, оны ой елегінен өткізіп, бейне–хикая етіп құрастырғандықтан жақсы есте сақтағанын көрсетеді.

Кесте 8 – Цифрлық әңгімелеудің қатысу белсенділігі мен мотивацияға әсері (сапалық және сауалнама деректері)

Көрсеткіш	Бақылау тобы (дәстүрлі сабақ, n=24)	Эксперимент тобы (цифрлық жоба, n=25)	Дәлелдеме/түсіндірме
Сабақ барысының моделі	Мұғалім жетекшілігі басым; бірнеше оқушымен ғана диалог	Барлық оқушы шығармашылық үдеріске тартылды; әрқайсысы рөл атқарды	Сабақ бақылауы негізінде

Көрсеткіш	Бақылау тобы (дәстүрлі сабақ, n=24)	Эксперимент тобы (цифрлық жоба, n=25)	Дәлелдеме/түсіндірме
Қатысу деңгейі	Шектеулі қатысу	Толық қатысу	Жобалық формат рөлдер арқылы қатысымды күшейтті
«Пайдалы іс атқардым» (сауалнама)	36%	90%	Жауап бергендердің үлесі бойынша көрсеткіш
Орташа/төмен үлгерімді оқушылар	–	Ынтасы артты; техникалық істе озықтық танытты	Екі оқушы топта жетекшілік көрсеткені белгіленді
Қосалқы әсер (трансфер)	72%	Дәстүрлі сабақтарда да белсендірек жауап бере бастады	Мұғалімдердің кері байланысы
Жалпы сынып ахуалы	Өзгеріс байқалмады	Оқу ынтасы мен психологиялық ахуал жақсарды	Сапалық байқаулар мен пікірлер

Ескертпелер:

1. *n* – қатысушылар саны: бақылау *n*=24, эксперимент *n*=25 (жалпы *n*=49).
2. 90% – сауалнамаға жауап берген оқушылардың ішіндегі үлес.
3. «Екі оқушының жетекшілігі» – сабақ барысындағы сапалық бақылаудан алынған нақты мысал.
4. Дереккөздер: сабақ бақылауы, оқушылардың ашық жауаптары, мұғалімдердің кері байланысы.

Кестедегі мағлұматтарға сәйкес цифрлық әңгімелеу әдісінің тағы бір нәтижелі тұсы – оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігінің артуы (Кесте 8). Бақылау сабағында әңгімені негізінен мұғалім жүргізіп, бірнеше оқушымен ғана диалог болған еді. Ал эксперименттік жобалық сабақтарда барлық оқушы міндетті түрде шығармашылық үдеріске қатысты, әрқайсысының қолынан белгілі бір жұмыс (рөл) келді. Сауалнамаға жауап берген оқушылардың 90%-ы «осы сабақта мен өзімді пайдалы іс атқардым деп сезіндім» деп көрсетті. Бұл әсіресе үлгерімі орташа не төмен оқушыларды ынталандыруға көмектесетінін атап өткіміз келеді. Әдетте әдебиет сабағында белсенді емес оқушылар болады, дегенмен цифрлық жоба барысында техникалық істе озықтық танытып, топта жетекшілік еткен екі оқушыны байқадық. Кейін олар дәстүрлі сабақтарда да бұрынғыдан белсендірек жауап бере бастағаны мұғалімдер тарапынан айтылды. Демек, сандық формат әртүрлі қабілеттегі оқушылардың өз талантын көрсетуіне мүмкіндік береді, соның нәтижесінде жалпы сыныптың оқу ынтасы мен ахуалы жақсарады [15].

Оқушылардың цифрлық өнім жасау барысында игерген құзыреттері де зерттеудің маңызды нәтижесі саналады (Кесте 9).

Кесте 9 – Цифрлық өнім жасау құзыреттері бойынша қорытынды бағалау (жалпы нәтижелер)

Көрсеткіш	Сипаттамасы	Нәтиже/өлшем	Түсіндірме
Бағалау панелі	Екі сарапшы (тәжірибелі мектеп мұғалімдері)	Сараптамалық бағалау жүргізілді	Тәуелсіз бағалау арқылы интер–рейтинг сенімділік қамтамасыз етілді*
Бағалау критерийлері	Жоба нәтижелерін бағалау рубрикасы	Қолданылды	Критерийлер толық тізімі қосымшада көрсетіледі

Көрсеткіш	Сипаттамасы	Нәтиже/өлшем	Түсіндірме
Интегралды ұпай (барлық топ)	Жиынтық шкала 0–32	27/32 (≈84%)	Орындау деңгейі – «жақсы»
Жоғары нәтижелі критерий	Технологиялық орындау шеберлігі	Жоғары	Цифрлық құралдарды тиімді және орнықты қолдану байқалды
Жоғары нәтижелі критерий	Эмоциялық әсер	Жоғары	Көрерменге әсер ететін баяндау, визуал мен дыбыстың үйлесімі
Қорытынды интерпретация	Цифрлық өнім жасау құзыреттері	Күшті жақ ретінде айқындалды	Шығармашылық тұрғыда цифрлық құралдарды қолдану тиімді

Ескертпелер:

- 1) Шкала: 0–32; пайыз = (балл/32) × 100. Орташа балл 27/32 ≈ 84%.
- 2) Сарапшылар: мектептің тәжірибелі екі мұғалімі.
- 3) «Жоғары нәтижелі критерийлер»: «Технологиялық орындау шеберлігі», «Эмоциялық әсер». Критерийлердің толық сипаттамасы автордың бағалау рубрикасына негізделген.

Жоба нәтижелерін бағалау критерийлеріне сүйене отырып, әр топтың жұмысын сарапшылар (мектептің тәжірибелі екі мұғалімі) бағалады. Барлық топ өз жобаларын жақсы деңгейде орындады (орташа балл 27/32, яғни ~ 84% құрады). Әсіресе «Технологиялық орындау шеберлігі» және «Эмоциялық әсер» критерийлерінен көптеген топтар жоғары балл жинады, бұл олардың цифрлық құралдарды шығармашылық тұрғыда тиімді қолданғанын көрсетеді.

Ал «Сюжеттің тұтастығы» және «Тіл тазалығы» жағынан кейбір топтарда кемшіліктер байқалды (мысалы, бір топтың әңгімесі оқиға өрбуі қиыспай аяқталған, тағы бірінің мәтінінде орфографиялық қателер бар). Бұл аспектілер бойынша келесіде мұғалім тарапынан қосымша жұмыс қажет екені анықталды (Кесте 10).

Кесте 10 – Мотивациялық және рефлексивтік нәтижелер (эксперимент және бақылау)

Көрсеткіш	Бақылау тобы (n=24), %	Эксперимент тобы (n=25), %	Δ, п.т. (pp)	Түсіндірме
Жоғары деңгейдегі рефлексия (пікір/ қорытынды айту)	52	78	+26	Эксперимент тобында жоғары деңгейлі рефлексия үлесі айтарлықтай жоғары
Әнші–ақындар мұрасын өз бетінше әрі қарай оқу ниеті	47	82	+35	Пәнге қызығушылықтың артуы байқалады

Ескертпелер:

- 1) Δ, п.т. (pp) – пайыздық пункт айырмасы: эксперимент – бақылау.
- 2) Деректер сауалнама нәтижелеріне негізделген; жауаптар үлесіне қатысты көрсетілген.
- 3) Жалпы қатысушылар саны: n=49 (бақылау n=24; эксперимент n=25).

Яғни жобамен айналысқан оқушылардың 78%–ы сабақ тақырыбы бойынша жоғары деңгейдегі рефлексия (пікір, қорытынды айту) көрсетсе, бақылау тобында бұл көрсеткіш

52% болған. Сол сияқты, эксперимент тобында 82% оқушы әнші–ақындар мұрасын болашақта өз бетінше тағы оқып көргісі келетінін айтқан (бақылау тобында 47%). Бұл цифрлық әдістің пәнге қызығушылық тудыратынын аңғартады.

Жоғары сыныптарда жүргізілген бір тәжірибеге сәйкес оқушы ақын өмірі жайлы құр фактіні емес, сол фактілерден хикая құрастырып, мағынасын ашып бергенде ғана тапсырма орындалған болып есептелді. Олай болса, цифрлық жобалар оқушының жеке түсінігін қалыптастыратыны және оны көпшілікке жеткізе алатыны – маңызды педагогикалық тиімділік. Цифрлық әңгімелеу оқушылардың тілдік дағдыларын, соның ішінде жазбаша тіл мен ауызша сөйлеуін дамытады [12]. Тәжірибе барысында сценарий жазу, оны дыбыстау арқылы оқушылардың қазақ тілінде мәнерлеп сөйлеу, тыңдарманға лайықты стиль таңдау, сөздерді орфоэпиялық нормаға сай айту қабілеттері жетілді. Әсіресе, тіл үйренуде қиындық көретін кейбір оқушылар үшін бұл әдіс тиімді болып шықты – олар мәтін жазуды емес, суретпен айтып беруді қолай көріп, өз ойларын еркін жеткізді. Демек, цифрлық формат, әсіресе, қазақ тілі екінші тіл ретінде оқытылатын сыныптарда жазу және сөйлеу сабақтарын жеңілдетудің бір тәсілі бола алады,

Жүргізілген жұмыстың нәтижелері жалпы педагогикалық практикаға бірнеше ұсыныс беруге мүмкіндік береді:

– Біріншіден, қазақ әдебиеті сабағында бір тарауды немесе шығарманы өткенде, мүмкіндігінше цифрлық жоба енгізу пайдалы. Ол үлкен болмаса да (5 минуттық видео, не шағын аудиохикая түрінде), оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады және сол тақырыпты есінде бекітеді.

– Екіншіден, цифрлық әңгімелеу әдісін тек әдебиет емес, тарих, өнер, тіл сабақтарында да қолдануға болады – интеграция мүмкіндіктері жоғары.

– Үшіншіден, мұғалімдердің АКТ құзыретін көтеру маңызды, әрбір әдебиетші ұстаз кемінде қарапайым видео–құрастыру бағдарламаларын (Windows Movie Maker, iMovie, Canva, т.б.) қолдануды үйренсе, оқушыға да бағыт беріп, нәтижесін талап ете алады.

– Төртіншіден, оқушылардың цифрлық этика және авторлық құқық мәселелерін сақтауы қадағалануы тиіс, сол үшін арнайы нұсқаулық сабақтар (мысалы, «Ғаламтордан алынған материалдарға сілтеме көрсету», «Контент плагиат емес, өзіндік болуын қадағалау») өткізу артық емес.

Зерттеу шеңберінде біз көбіне сапалық нәтижелерге көңіл бөлдік, ал алдағы уақытта бұл әдістеменің нақты оқу жетістіктеріне әсерін кеңірек сандық талдау (үлгерім мониторингі, ҰБТ нәтижелеріне ықпалы, т.б.) зерттеу қажет. Сондай–ақ психолінгвистикалық тұрғыдан мидың нейро–белсенділігін арнайы құралдармен өлшеп, әңгімелеудің когнитивтік әсерін тереңірек зерттеу ғылыми қызықты болмақ. Біз қарастырған әнші–ақындар шығармашылығын цифрлық баяндау тек бір мысал; болашақта қазақ әдебиетінің өзге салаларын (эпостар, батырлар жыры, қазіргі поэзия, т.б.) да осы әдіспен оқыту жолдарын тәжірибеден өткізу тиімді болмақ.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, цифрлық әңгімелеу әдісі арқылы қазақ әнші–ақындары поэзиясын оқыту жалпы білім беруде жоғары нәтижелі және заманауи талаптарға сай тәсіл екендігі дәлелденді. Зерттеу барысында анықталған негізгі педагогикалық нәтижелері төмендегідей:

- оқушылардың пәнге қызығушылығы мен мотивациясы айтарлықтай артты;
- оқу материалы тереңірек және ұзақ уақытқа есте сақталды;
- оқушылардың зерттеушілік, шығармашылық және тілдік дағдылары кешенді дамыды;
- сыныптағы ынтымақтастық ахуалы жақсарып, әртүрлі деңгейдегі оқушылардың белсенділігі мен өзіне сенімі көтерілді.

Цифрлық әңгімелеу оқушылар үшін тек оқу тәсілі емес, өзін өзі көрсетудің, әңгімелеудің жаңа мәдениетін үйрететін құрал болды деп айтуға болады.

Әнші–ақындар мұрасын оқытуда цифрлық технологияларды қолдану – дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, жас ұрпаққа ұлттық әдебиетті жақындатудың бір жолы.

Бұл әдіс оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын (сыни ойлау, цифрлық сауаттылық, креативтілік, коммуникация) дамыта отырып, олардың жүрегіне классикалық поэзияның мазмұнын әсерлі жеткізеді. Психолінгвистикалық тұрғыдан, оқушылар поэзиялық мәтінді жай жаттап алғаннан гөрі, оны әңгіме қылып баяндағанда ана тілінің байлығын саналы түрде қолданады, сөйтіп тілдік сезімі оянады. Ал педагогикалық тұрғыдан, цифрлық жобалар баланың мектебі тек білім беріп қоймай, оның шығармашыл тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін орта екенін көрсетеді.

Әрине, кез келген әдістеме сияқты, цифрлық әңгімелеудің де өз шектеулері бар және оны дәстүрлі тәсілдерді толық ығыстырып шығарады деп қарастыру дұрыс емес. Дегенмен, ақпараттық қоғам талаптарына бейімделген бүгінгі оқу бағдарламасында мұндай инновациялық әдістерді орынды қолданып, пән мазмұнын меңгертуге тиімді амал ретінде пайдалану қажет. Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімдері үшін цифрлық әңгімелеу оқушыларды әдебиет әлеміне баулуда құнды қосымша құрал бола алады. Зерттеу нәтижелері бұл әдісті оқу үдерісіне кеңірек ендіру орынды екенін негіздейді.

Ақпараттық технологиялар қарыштаған заманда ұлттың ұлы мұраларын оқытудың да әдіс-тәсілдері жаңаша түрленіп отыруы заңды. Біздің жұмыста ұсынылған тәжірибе – сол жаңашыл бағыттағы бір қадам. Қазақтың әнші-ақындарының асыл мұрасын жас ұрпаққа қызықты да әсерлі тәсілмен үйрету – оларды халқымыздың рухани қазынасынан сусындату деген сөз. Олай болса, ұлттық әдебиетті оқытуды цифрлы дәуір талабына сай бейімдеу алдағы уақытта да үздіксіз ғылыми-әдістемелік ізденісті қажет ететін маңызды іс болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Yeştanayev G., Altaybekova K. Әнші-ақындар – сал-серілік дәстүрдің жалғасы. *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*. 2017. – 5(11). – Б. 355–362. <https://doi.org/10.33692/avrasyad.509689>
- 2 Қондыбай М., Әбдиманұлы Ө. Әнші-ақындар мұрасын зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. «*Керуен*» ғылыми журналы. – 2024. – 82(1). – Б. 44–55. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.1-04>
- 3 Жұбанов А. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. Классикалық зерттеулер: көптомдық. Т. 2. – Алматы: Әдебиет әлемі. – 2012. – 402 б.
- 4 Ысмайылов Е. Ақындар. Монография. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспа-сы. – 1956. – 340 б.
- 5 Каскабасов С. Родники искусства. – Алматы: Онер. – 1986. – 123 с.
- 6 Жақанов І. Жүрек пернесі. Лирикалық эсселер. – Алматы: Дәстүр. – 2015. – 480 б.
- 7 Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. – Алматы: Ана тілі. – 2005. – 128 б.
- 8 Керім Ш. Сал-серілер поэзиясы. ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басы. Монография. – Алматы: Ұлағат. – 2017. – 108 б.
- 9 Оспанова М.Х. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану әдістемесі // *Алтынсарин оқулары – 2024: халықаралық конференция материалдары*. – 2024. – 23 ақпан. – Б. 128–132. <http://localhost:8080/xmlui/handle/123456789/7467> (қаралған күні: 10.05.2025)
- 10 Sambursky V. How Students' Brains Are Wired for Digital Storytelling (Plus 4 Projects to Try) // *WeVideo Blog*. – 2024. – March 22. <https://www.wevideo.com/blog/digital-storytelling-wevideo> (accessed: 07.04.2025).
- 11 Karantalis N., Koukopoulos D. Utilizing digital storytelling as a tool for teaching literature through constructivist learning theory. *SN Social Sciences*. – 2022. – 2 (7), 109–120. <https://doi.org/10.1007/s43545-022-00412-w>
- 12 Smeda N., Dakich E., Sharda N. The effectiveness of digital storytelling in classrooms: a comprehensive study // *Smart Learning Environments*. – 2014. – Vol. 1, No. 1. – Art. 6. <https://doi.org/10.1186/s40561-014-0006-3> Accessed: 12.04.2025.
- 13 Hirsch S., Macleroy V. The Art of Belonging: Exploring the Effects on the English Classroom When Poetry Meets Multilingual Digital Storytelling // *English in Education*. – 2020. – Vol. 54, No. 1. – P. 41–57. – <https://eric.ed.gov/?id=EJ1240981> (accessed: 10.05.2025)
- 14 Morra S. 8 Steps To Great Digital Storytelling // *Transform Learning (blog)*. – 2013. – Jun 5 (upd. 2014 Mar 14). <https://samanthamorra.com/2013/06/05/edudemic-article-on-digital-storytelling/> (accessed: 10.05.2025).
- 15 Moreau, K.A., Eady, K., Sikora, L. et al. Digital storytelling in health professions education: a systematic review. *BMC Med Educ* 18. – 2018. – 208 <https://doi.org/10.1186/s12909-018-1320-1>

REFERENCES:

- 1 Yeshtanayev G., Altaybekova K. (2017). Anshi–aqyndar – sal–serilik dasturdin zhalgasy [Singer–poets as the continuation of the sal–sere tradition] // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, vol. 5(11), pp. 355–362. <https://doi.org/10.33692/avrasyad.509689> (in Kazakh).
- 2 Kondybai M., Abdimanuly O. (2024). Anshi–aqyndar murasyn zertteudin gylymi–teoriyalıq negizderi [Scientific and theoretical foundations of researching singer–poets’ heritage] // Keruen gylymi zhurnaly, vol. 82(1), pp. 44–55. <https://doi.org/10.53871/2078–8134.2024.1–04> (in Kazakh).
- 3 Zhubanov A. (2012). Qazaq kompozitorlarynyn omiri men tvorchestvosy. Klassikalyq zertteuler: koptomdyq. T.2 [Lives and works of Kazakh composers. Classical studies: multivolume. Vol. 2]. Almaty: Adebiet Alemi. – 402 p. (in Kazakh).
- 4 Ysmaïlov E. (1956). Aqyndar. Monografiia [Poets. Monograph]. Almaty: Qazaqtyn memlekettik korem adebiet baspasy. – 340 p. (in Kazakh).
- 5 Kaskabasov S. (1986). Rodniki iskusstva [Springs of art]. Almaty: Oner. – 123 p. (in Russian).
- 6 Zhakhanov I. (2015). Zhurek pernesi. Lirikalyq esseler [Strings of the heart. Lyrical essays]. Almaty: Dastur. – 480 p. (in Kazakh).
- 7 Negimov S. (2005). Qazaqtyn sal–serileri. Gylymi esseler [Kazakh sal–seres. Scientific essays]. Almaty: Ana tili. – 128 p. (in Kazakh).
- 8 Kerim Sh. (2017). Sal–seriler poeziiasy. XIX gasyrdyn ekinshi zhartysy men XX gasyrdyn basy. Monografiia [Poetry of sal–seres. The second half of the 19th and the beginning of the 20th century. Monograph]. Almaty: Ulagat. – 108 p. (in Kazakh).
- 9 Ospanova M.H. (2024). Qazaq tili men adebieti sabaktarında cıfırlıq tehnologialardy qoldanu adıstemesi [Methodology of using digital technologies in Kazakh language and literature lessons] // Altynsarin oqulary – 2024: halyqaralyq konferentsiia materialdary, February 23, pp. 128–132. <http://localhost:8080/xmlui/handle/123456789/7467> (accessed: 10.05.2025). (in Kazakh).
- 10 Sambursky V. (2024). How Students' Brains Are Wired for Digital Storytelling (Plus 4 Projects to Try) // WeVideo Blog, March 22. <https://www.wevideo.com/blog/digital-storytelling-wevideo> (accessed: 07.04.2025).
- 11 Karantalis N., Koukopoulos D. (2022). Utilizing digital storytelling as a tool for teaching literature through constructivist learning theory. SN Social Sciences, vol. 2(7), pp. 109–120. <https://doi.org/10.1007/s43545-022-00412-w>
- 12 Smeda N., Dakich E., Sharda N. (2014). The effectiveness of digital storytelling in classrooms: a comprehensive study. Smart Learning Environments, vol. 1(1), art. 6. <https://doi.org/10.1186/s40561-014-0006-3> (accessed: 12.04.2025).
- 13 Hirsch S., Macleroy V. (2020). The Art of Belonging: Exploring the Effects on the English Classroom When Poetry Meets Multilingual Digital Storytelling. English in Education, vol. 54(1), pp. 41–57. <https://eric.ed.gov/?id=EJ1240981> (accessed: 10.05.2025).
- 14 Morra S. (2013). 8 Steps To Great Digital Storytelling. Transform Learning (blog), June 5 (upd. 2014 Mar 14). <https://samanthamorra.com/2013/06/05/edudemic-article-on-digital-storytelling/> (accessed: 10.05.2025).
- 15 Moreau K.A., Eady K., Sikora L., Horsley T. (2018). Digital storytelling in health professions education: a systematic review. BMC Medical Education, vol. 18, art. 208, pp. 1–9. <https://doi.org/10.1186/s12909-018-1320-1>

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ЭФФЕКТИВНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ ПОЭЗИИ КАЗАХСКИХ ПЕВЦОВ–АКЫНОВ ПОСРЕДСТВОМ МЕТОДА ЦИФРОВОГО ПОВЕСТВОВАНИЯ

Кондыбай М.М. , Абдиманулы О.*

*Казахский национальный университет имени аль–Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы*

**e–mail: medetmanasuly@gmail.com, abdimanuly@rambler.ru*

Аннотация. Творчество казахских певцов–акынов обладает высокой ценностью для духовно–культурного развития современных школьников. В то же время важно учитывать, что познавательный потенциал и особенности восприятия нынешних обучающихся существенно изменились под влиянием требований времени. Настоящая статья ориентирована на исследование психолингвистической и педагогической эффективности преподавания поэзии казахских певцов–акынов учащимся старших классов общеобразовательной школы с использованием метода цифрового повествования (digital storytelling). Актуальность работы обусловлена необходимостью внедрения инновационных методов обучения в контексте обновленного содержания образования. В учебных программах средней школы Казахстана тема жизни и творчества певцов–акынов XIX века обозначена как самостоятельный раздел; при ее освоении принципиально значимыми являются эффективное использование возможностей информационно–

коммуникационных технологий, признание учащегося центральным субъектом обучения и применение активных методов, основанных на его самостоятельной образовательной деятельности.

Цель исследования – обосновать психолингвистическую и педагогическую эффективность обучения поэзии певцов–акынов через цифровое повествование и предложить содержательно–методическую модель, готовую к внедрению в школьную практику. Научная новизна состоит в разработке последовательной модели мультимедийного пере–повествования произведений (видеоэссе, документальный короткометражный фильм, поэтический подкаст, анимация), а также в подготовке оценочной рубрики и карты конкретных заданий. В методологии применены анкетирование, педагогический эксперимент и поэтический анализ; интегрированы цифровые инструменты Canva, StoryMap, Adobe Express. Результаты показывают, что цифровое повествование усиливает учебную мотивацию, развивает творческие способности и языковую компетентность учащихся; в процессе обучения оно интенсифицирует эмоционально–когнитивное восприятие и способствует более глубокому пониманию идей поэзии певцов–акынов. Исследование закладывает научные основы эффективного использования возможностей цифровой педагогики при преподавании национальной литературы.

Ключевые слова: цифровое повествование, певцы–акыны, казахская литература, педагогика, мультимедийное обучение, проектная деятельность, ИКТ, мотивация.

PEDAGOGICAL EFFECTIVENESS OF TEACHING THE POETRY OF KAZAKH SINGER–POETS THROUGH DIGITAL STORYTELLING

*M.M. Kondybay * O. Abdimanuly*

Al–Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

**e–mail: medetmanasuly@gmail.com, abdimanuly@rambler.ru*

Abstract. The creative legacy of Kazakh singer–poets is of significant value for the spiritual and cultural development of today’s school students. At the same time, it is essential to recognize that learners’ cognitive capacities and modes of perception have substantially evolved in line with contemporary demands. This article investigates the psycholinguistic and pedagogical effectiveness of teaching the poetry of Kazakh singer–poets to upper–secondary students by means of digital storytelling. The study is relevant due to the need to introduce innovative instructional methods within the framework of the updated national curriculum. In Kazakhstan’s general–education programs, the lives and works of nineteenth–century singer–poets constitute a dedicated topic; effective delivery requires the meaningful use of information and communication technologies (ICT), recognition of the learner as the central agent, and the application of active, self–directed learning strategies.

The objective is to substantiate the psycholinguistic and pedagogical effectiveness of digital storytelling for teaching singer–poets’ poetry and to propose a content–methodological model ready for classroom implementation. The study’s novelty lies in designing a coherent model for multimodal re–narration of texts (video essay, documentary short, poetry podcast, animation), together with an assessment rubric and a task map. Methodologically, the research employs a questionnaire survey, a pedagogical experiment, and poetic analysis; digital tools such as Canva, StoryMap, and Adobe Express are integrated. The findings indicate that digital storytelling increases student engagement, enhances creativity and linguistic competence, strengthens the emotional–cognitive dimension of learning, and deepens conceptual understanding of the singer–poets’ ideas. Overall, the study lays the groundwork for the effective use of digital pedagogy in teaching national literature.

Keywords: digital storytelling, singer–poets, Kazakh literature, pedagogy, multimedia learning, project–based learning, ICT, motivation.

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕ (ТДМ 4) ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Мұхамбеталиева З.Ш.^{1*} , Зейнолла С.Ж.² , Узакова А.Б.¹ , Кокталов Н.М.¹ 

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Нархоз университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
*e-mail: mukhambetaliyeva_zukhra@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада білім беру жүйесінде жасанды интеллекті (ЖИ) қолданудың педагогикалық, әдістемелік және этикалық қырлары қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 4-мақсаты – «Сапалы білім» аясында айқындалады, себебі жасанды интеллект білім беру сапасын арттыруға, инклюзивтілікті қамтамасыз етуге және білім алушыларға жеке оқу траекториясын ұсынуға зор мүмкіндік береді. Мақалада ЮНЕСКО, ЭЫДҰ, Еуропалық комиссия және Еуропалық парламент құжаттарына жасалған талдаулар ұсынылып, білім беру жүйесінде жасанды интеллект құралдарын қолданудың артықшылықтары мен шектеулері анықталған. Зерттеу әдіснамасы квантитативті контент-талдауға негізделді, ал эмпирикалық дерек көзі ретінде «Aitalim» платформасының пайдаланушыларына қатысты деректер қарастырылды.

Нәтижелер жасанды интеллект құралдарының педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, функционалдық сауаттылығын дамытуға және сабақ мазмұнын дайындау тиімділігін жоғарылатуға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен бірге, жасанды интеллект құралдарын білім беруде интеграциялау білім алушылардың шығармашылығын, ынтымақтастығын дамытуға, сондай-ақ бағдарламалау, машиналық оқыту және этика негіздерін меңгеруге көмектесетіні атап өтілді. Мақалада DigCompEdu еуропалық шеңбері мен ISTE стандарттары талданып, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы ашылды. «Aitalim» платформасының тест құрастыру тәжірибесі мұғалімдерге оқу тапсырмаларын автоматтандыруға, уақытты үнемдеуге және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік беретіні көрсетілді. Қорытындылай келе, жасанды интеллект білім беру саласында педагогикалық тәжірибені жаңа деңгейге көтеретін қуатты құрал болып табылады. Дегенмен, оны тиімді қолдану үшін этикалық, құқықтық және әдістемелік тұрғыда кешенді дайындық қажет.

Кілт сөздер: кәсіби құзыреттілік, жасанды интеллект, білім беру, педагог, сапалы білім, тұрақты даму.

Кіріспе

Технологиялық эволюция бүкіл әлемдегі қоғамдарға оң, сонымен қатар, теріс те әсер етіп, адамдардың жұмыс, денсаулық, экономика және бастысы білім беру мен оқыту саласындағы қажетті дағдыларын өзгертіп келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен 2030 жылға дейінгі күн тәртібіндегі төртінші мақсат (Тұрақты дамудың төртінші мақсаты – «Сапалы білім») қазіргі кездегі мемлекеттер мен басқару ұйымдарының ортақ мақсаты болып табылады. Сапалы білім мақсаты барлық адамдар үшін инклюзивті және тең сапалы білім алуға қамтамасыз ету және өмір бойы оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді. Бұл мақсатқа жетуде жаңа технологиялардың рөлі маңызды және осы мақсат арқылы қалған тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу тиімді болмақ.

Соңғы онжылдықтарда жаңа технологиялар білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі оқыту және оқу үдерістеріне елеулі өзгерістер енгізілуде. Осы контексте, жасанды интеллект – айтарлықтай жаңа болмаса да, барлық кәсіби және білім салаларында дамып келе жатқан технологиялық құрал [1].

ЮНЕСКО-ның «Жасанды интеллект жөніндегі ұсынымы» құжатына сәйкес жасанды интеллект жүйесі – бұл ақпаратты өңдеу технологиялары, олар модельдер мен алгоритмдерді біріктіріп, оқуға және когнитивтік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз материалдық және виртуалды ортада болжам жасау мен шешім қабылдауға әкелетін нәтижелер.

Осы тұста қорыта кетсек, тұрақты дамудың төртінші мақсаты «Сапалы білім» жасанды интеллект технологияларын білім беруге тең және инклюзивті қолжетімділікті

қамтамасыз ету үшін қолдану қажеттілігін атап көрсетеді. Яғни педагог мамандардың жас ұрпаққа білім беру рөлін өзгерту қажеттігіне туындағанын білдіреді. Басқа зерттеушілер жоғары білімнің болашағы жаңа ақылды машиналардың дамуы мен олардың үлкен көлемдегі ақпаратты өңдеу, өзін-өзі оқыту және жетілдіру қабілеттерінің артуымен тығыз байланысты екенін айтады. Осыған орай жасанды интеллект білім беру нарығындағы жаңа халықаралық бәсекелестіктің нысанына айналып отыр [2].

Бүгінде білім беру саласында жасанды интеллекттің қатысуымен робототехника сияқты түрлі ғылым салалары үздіксіз дамып келеді. Бұл бағыттағы басқа зерттеулердің келесі бағыты жасанды интеллекттің білім беру саласындағы артықшылықтары ғана емес, оны қолданудың этикалық қырларын да талқылауда. Оған мысал ретінде «жасанды интеллект және білім берудің болашағы: ЖИ дәуіріндегі құзыреттерді дамыту» атты ЮНЕСКО халықаралық форумын айта аламыз. Бұл форумда жасанды интеллект дәуірінде қажетті құзыреттерді анықтау және жасанды интеллект құралдарымен дұрыс жұмыс істеуге дайындау стратегиялары қарастырылды.

Еуропалық комиссия «ЕО құндылықтарына негізделген стратегиялық шеңбер» ұсынып, жасанды интеллектке негізделген шешімдерді қабылдауға сенім беруді мақсат етті. Өз кезеңінде Еуропалық парламент білім беру секторында жасанды интеллект технологияларын енгізу мен қолдану бойынша заңнамалық бастамалар көтеріп, бұл технологияларда қауіпсіздік, ашықтық, әділдік және есептілік тұрғысынан қатаң талаптар қою қажеттігін ескертті [3].

Жасанды интеллект білім беруде басқару, оқыту және бағалау үдерістерін қолдау үшін жиі қолданылуда. Мысалы, Google Classroom платформасының соңғы әзірлемелерін атауға болады және бұл құрал білім алушылар мен мұғалімдерге көмек көрсету үшін пайдаланылуда. Сондай-ақ, тапсырмаларды автоматтандыру, білім алушылардың құзыреттіліктерін диагностикалау, жеке оқу қарқынына сәйкес оқу материалдары мен кері байланыс ұсыну үшін қолдану кеңінен тараған.

ЮНЕСКО ұсынған «Білім берудегі жасанды интеллект: тұрақты даму үшін сын-қатерлер мен мүмкіндіктер» атты баяндамасында: «Жасанды интеллект – тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді жеделдетуге үлкен мүмкіндік», – деп атап көрсетілген. Осы талдаулар негізінде әлемдік сарапшылар мен ұйымдар көтерген этикалық және философиялық мәселелерді қарастырып, білім беру саласында жасанды интеллекттің жаһандық деңгейдегі терең этикалық салдарын болжау, талқылау және алдын ала ойластыру көзделген. ЮНЕСКО мәліметінше бұл салада реттеу шаралары қажет [4].

Білім беру саласында соңғы жылдары жасанды интеллект құралдары үлкен өзгерістер мен жаңалықтар әкелуде. Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері айқын көрініп тұр, алайда білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын интеграциялауда бірқатар қиындықтар мен сын-қатерлер де кездеседі. Бұл зерттеуімізде педагог мамандардың жасанды интеллект туралы көзқарастары мен олардың осы технологияларды қолдануға қажетті құзыреттіліктері және оны дамытудағы рөлі қарастырылады. Білім беруде жасанды интеллект құралдары маңызды рөл атқаратынын мойындай отырып, педагогтер тарапынан осы технологияларды тиімді пайдалану және тұрақты дамудың «Сапалы білім беру» мақсатына жету құралы ретінде дамыту маңызды болып табылады [5].

Жасанды интеллект білім беру саласында революциялық өзгерістер әкелуде. Жасанды интеллект құралдары оқытуды жеке тұлғаға бейімдеуге, білім алушылардың оқу үдерістерін тиімді түрде қадағалап, уақытында кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Оқытушылар бұл жаңа технологияларды қолдану арқылы оқу процесін оңтайландырып, әрбір білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген тапсырмалар мен жаттығулар ұсына алады. Сонымен қатар, бұл технологиялар оқыту әдістерін әртараптандырып, оқушыларға сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Бірақ, жасанды интеллект құралдарының білім беру саласында толыққанды қолданысқа енгізілуі бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келуде. Ең басты қиындықтар – мұғалімдердің жасанды интеллект саласындағы білім деңгейінің төмендігі.

Мұғалімдердің жасанды интеллектке деген позитивті көзқарастары олардың когнитивтік, негізгі және білім беру басқару дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқаратыны анықталды. Осы орайда мұғалімдердің жасанды интеллектті тиімді пайдалануы үшін олардың білімдері мен дағдыларын арттыруға баса назар аудару қажет екені айқын болды. Сондай-ақ, мұғалімдер жасанды интеллектті жаңа оқыту құралы ретінде қолдануға дайын бола отырып, оларды сабақта тиімді пайдалану үшін арнайы дайындықтан өту қажеттілігін білдірді [6].

Жасанды интеллект технологияларын білім беру саласына енгізудің басты қадамдары мыналар:

1. Мұғалімдердің кәсіби дамуы: Мұғалімдер үшін жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға арналған кәсіби дамыту бағдарламаларын әзірлеу. Бұл бағдарламалар жаңа технологияларды оқу үдерісіне интеграциялауға қажетті дағдыларды меңгеруге көмектеседі;

2. Цифрлық теңсіздікті жою: Барлық мектептер мен оқу орындарында жасанды интеллектке тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылымды құру. Бұл жасанды интеллект технологияларын барлық білім беру мекемелерінде бірдей деңгейде пайдалану мүмкіндігін береді.

Қорытындылай келе, жасанды интеллекттің білім беру саласындағы интеграциясы үлкен әлеуетке ие, бірақ бұл үшін көптеген қиындықтар мен мәселелерді шешу қажет. Жасанды интеллектті енгізу тек технологиялық аспектілерді ғана емес, мұғалімдердің кәсіби дамуын, оқу бағдарламаларының жаңаруын қамтамасыз етуді талап етеді [7].

Материалдар мен әдістер

Цифрландыру білім беруде жаңа мүмкіндіктер береді. Осы тұрғыда технология эволюциясы мен жасанды интеллекттің даму мүмкіндіктерімен қатар тәуекелдер болары сөзсіз. Қауіптердің бірі – ақпаратқа қолжетімділік мәселесі, өйткені ол «мінез-құлықты өзгерту империялары» деп аталатын ірі компаниялар (Facebook, Google, Twitter және т.б.) тарапынан айтарлықтай манипуляцияға ұшырауда. Білім беру саласында деректер мен ақпарат көлемі қарқынды өсіп келеді. Осындай белгісіздіктерге толы жағдайда жасанды интеллекттің этикасына қатысты мәселелер пікірталастардың өзегіне айналып отыр.

Зерттеу әдістемесі білім беру саласында жасанды интеллекттің дамуы мен әрекет ету әлеуеті туралы құжаттарға шолу жасау негізінде құрастырылды, бұл ТДМ 4 сапалы және инклюзивті білім беру мақсатымен үйлеседі. Халықаралық ұйымдар ЮНЕСКО, БҰҰ, ЭЫДҰ, Еуропалық комиссия, Еуропалық парламент сияқты сапалы және инклюзивті білім беруді дамытуға ұмтылатын және бұл салада жасанды интеллектті қолдану мәселесін бірнеше жыл бойы қарастырып келе жатқан мекемелердің дереккөздері іріктелді.

Бұл жұмыстың негізі қарастыратын мақсаты – педагогтердің және болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен функционалдық сауаттылығын дамытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың ықпалын талдау, сондай-ақ сапалы білім беруді қамтамасыз етуде (ТДМ 4) жасанды интеллект құралдарының педагогикалық мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеу келесі ғылыми сұрақтарға негізделді:

1. Жасанды интеллект құралдарын қолдану педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне қалай әсер етеді?

2. Функционалдық сауаттылықты дамытуда жасанды интеллектті қолданудың тиімділігі қандай?

3. Білім беру сапасын арттыруда жасанды интеллект технологияларын интеграциялаудың педагогикалық мүмкіндіктері мен шектеулері қандай?

Зерттеу квантитативті контент-аналитикалық әдіске негізделді. Нақты эмпирикалық дерек көзі ретінде «Aitalim» білім беру платформасынан алынған пайдаланушылардың цифрлық әрекеттері мен аналитикалық көрсеткіштері қолданылды. Бұл тәсіл педагогтердің жасанды интеллект құралдарын қолдану қарқындылығы мен мазмұны жөнінде нақты әрі объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Егер жасанды интеллект адамзат игілігіне қызмет ететін жаһандық нормалар мен стандарттарды құрметтейтін және бейбітшілік пен

даму қағидаттарына негізделіп дамытылса, ол қоғамға үлкен пайда әкеліп, тұрақты даму мақсаттарына жетуді ілгерілетуге мүмкіндік береді [8].

Қазіргі кезде жасанды интеллект білім беру саласында білім алушылардың оқу тәжірибелерін жеке тұлғалық деңгейде бейімдеу, оқыту әдістерін жетілдіру және оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында қолданылуда. Тағы қосарымыз, соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары оқу процесінде педагогтердің кәсіби дағдыларын арттыру үшін маңызды құралға да айналуда [9].

Жасанды интеллект құралдары мұғалімдердің әртүрлі құзыреттіліктерін арттыруда тиімді құрал болып келеді. Зерттеулерге назар салсақ, жасанды интеллектке деген оң көзқарастары педагог мамандардың когнитивтік, негізгі және басқарушылық дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталған. Жасанды интеллект мұғалімдерге оқу мазмұнын тиімді дайындауға, оқу нәтижелеріне сәйкес келетін кері байланыс алуға және жеке оқыту стратегияларын қалыптастыруға көмектеседі. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер мұғалімдерге жеке қажеттіліктерге негізделген оқу жолдарын ұсынуға, сондай-ақ арнайы қажеттіліктері бар студенттер үшін оқыту әдістерін таңдауға мүмкіндік береді. Бұған қоса, мұғалімдерге оқушылардың оқу нәтижелерін автоматты түрде бағалау мүмкіндігін ұсынады, бұл оларды әкімшілік міндеттерді орындаудан босатып, оқытуға көбірек назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ЖИ мұғалімдерге оқу процесінде пайда болған қиындықтарды анықтауға және деректер негізінде оларды жою үшін қажетті әрекеттерді қабылдауға мүмкіндік береді [10, 11].

Білім саласында оқу мен оқытуда жасанды интеллекттің артықшылықтары басым болғанымен кейбір зерттеу нәтижелеріне қарасақ, қиындықтарын да көре аламыз. Көптеген зерттеушілер ЖИ жүйелерін енгізудің қиындықтары туралы айтады, себебі көптеген педагогтер жасанды интеллектке қатысты техникалық білімдер жетіспейді. Бұдан басқа, жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде деректердің қауіпсіздігі, алгоритмдердегі ақаулар және жеке ақпаратты қорғау сияқты этикалық мәселелер де маңызды болып табылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тұрақты даму – күн тәртібінің негізгі мақсаттарының бірі, бүкіл әлемде сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету. Қазіргі кезеңде еліміздің білім беру жүйесінде жасанды интеллект құралдарын енгізу мен қолдану түрлі форматта жүзеге асуда. Бұл үдеріс мемлекеттік деңгейде қабылданған нормативтік-құқықтық құжаттармен, әдістемелік ұстанымдармен және тәжірибелік жобалар негізінде іске асып келеді. «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» білім беру саласында жасанды интеллектті пайдаланудың стратегиялық бағытын айқындайды. Тұжырымдамада оқыту процесін цифрландыру, білім алушылардың дербес қажеттіліктеріне бейімделген интеллектуалды жүйелерді әзірлеу, сонымен бірге педагогтерді жаңа цифрлық құзыреттермен қамтамасыз ету мәселелері қамтылған.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беру жүйесінде жасанды интеллект құралдарын пайдаланудың педагогикалық, этикалық және құқықтық аспектілерін айқындайды. Бұл құжаттар мұғалімдерге оқу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдануға арналған нақты нұсқаулықтар береді [12]. Сонымен қатар, тәжірибелік деңгейде жасанды интеллект технологиялары жоғары оқу орындарында да белсенді енгізілуде. Мәселен, «жасанды интеллект технологиялары» атты білім беру бағдарламалары арқылы жаңа мамандықтар ашылып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін дамытуға жағдай жасалуда.

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше назар аударатын бағыт – цифрлық құзыреттілік. Ол педагогтің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдануын, электрондық білім беру ресурстарын сабаққа кіріктіруін және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуын қамтиды [13].

Педагогтердің цифрлық құзыреттілігі – бұл оқу-тәрбие үдерсінде заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдануға қажетті білім мен дағдылардың жиынтығы. Осы ұғымды нақтылау мақсатында мұғалімдердің цифрлық құзыреттіліктерін бағалау мен дамытуда


кеңінен қолданылатын «DigCompEdu» Еуропалық шеңберіне сүйену орынды. Бұл шеңбер Еуропалық Одақ елдерінде педагогтердің кәсіби қызметінде цифрлық құзыреттердің болуының маңыздылығы артып келе жатқандығын ескере отырып әзірленген. «DigCompEdu» педагогтерге тән негізгі цифрлық дағдыларды жүйелеп қана қоймай (Сурет 1), білім беру сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік бағдар ретінде қолданылады. Оқытушылардың цифрлық құзыреттілігінің маңызды қыры – білім алушыларды цифрлық қоғам жағдайында белсенді өмір сүруге және кәсіби қызметке дайын ету. Сонымен қатар, ол педагогикалық тәжірибені жетілдіруге, ұйымдастырушылық стратегияларды жаңғыртуға және оқу процесінде цифрлық технологиялардың әлеуетін барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [7].



Сурет 1 – Digcompedu құзыреттері

Қазіргі білім беру жүйесінде ISTE стандарттары цифрлық технологияларды оқу процесіне тиімді енгізудің маңызын көрсетеді. Бұл стандарттар мұғалімдердің кәсіби қызметінде технологияны қолдану арқылы оқыту сапасын арттыруға бағыт береді. Атап айтқанда, олар оқу материалдарын оқушылардың нақты міндеттері мен жеке қажеттіліктеріне бейімдеуді, білім нәтижелері үшін жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруды, сондай-ақ әртүрлі платформаларда технологияны үйлестіріп қолдануды көздейді. Сонымен қатар, оқушылардың жобалық қызметке қатысуын ынталандыру, шығармашылық және алгоритмдік ойлауын дамыту, сандық технология негізінде білімді тексеру мен рефлексия жүргізу маңызды міндеттер ретінде қарастырылады. ISTE стандарттары қалыптастырушы және критериялды бағалауды уақытылы кері байланыспен ұштастыруға, бағалау нәтижелерін тиімді пайдалана отырып, жеке білім беру траекторияларын құруға жағдай жасайды. Осылайша, бұл стандарттар педагогтерге цифрлық дәуір талаптарына бейімделуге, ал білім беру ұйымдарына тиімді және бейімделгіш оқу ортасын қалыптастыруға мүмкіндік береді [14].


Мұғалімнің сандық көмекшілері – бұл жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін, білім беру процесін оңтайландыруға және мұғалімнің кәсіби міндеттерін жеңілдетуге арналған заманауи құралдар. Олар күнделікті әкімшілік және оқу операцияларын автоматтандырып қана қоймай, сонымен қатар оқушыларға дараланған қолдау көрсетіп, жекелендірген кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді. Осы зерттеу жұмысына мұғалімдерге арналған цифрлық көмекші құрал ретінде ұсынылған «Aitalim» платформасын негізге алдық (Сурет 2). Қазіргі уақытта пилоттық негізде жүзеге асып жатқан бұл платформа жасанды интеллектке негізделген оқу материалдарын, атап айтқанда, тест тапсырмаларын, ҰБТ тапсырмаларын, PISA және басқа да оқу материалдарын жасауды автоматтандырады. Себебі, көптеген зерттеулер көрсеткендей, оқу материалдарын жасау ұзақ уақытты қажет етеді.



Сурет 2 – «Aitalim» платформасының негізгі беті


Платформада тапсырмаларды жасау үшін ашылған негізгі беттен соң өзіңізге керек тапсырма форматын таңдай аласыз. Оқу материалдарының конструкторы функциясын таңдап, әрі қарай тест тапсырмаларын жасаймыз. Тест конструкторы үш қадамнан тұрады (Сурет 3):

- 1-қадам: Негізгі параметрлер деп аталады, бұл қадамда материал қай тілде, қай сыныпқа және қай пәннен жасалады таңдаймыз, соған сәйкес оқулық таңдалады.
- 2-қадам: Тақырыптар мен күрделілікті таңдау, бұл қадамда тақырыпты таңдап, оқу мақсаттарын айқындалады. Осы қадамда таңдалған тақырыпқа қосымша сипаттама берсеңіз болады.
- 3-қадам: Материал құрылымы, бұл қадамда жасалатын тапсырманың құрылымын көрсетесіз. Ашық немесе жабық сұрақ, сұрақ саны, сәйкестендіру сияқты тапсырманың түрлерін таңдауға болады.



Сурет 3 – Тест конструкторы

Кейс ретінде тест тапсырмасын құрастыруын мысал ретінде ұсынамыз. Тапсырмаға 7–сынып бойынша «Химия» пәні таңдап алынды. Тест тапсырманы құрастыруға «Таза заттар және қоспалар» тақырыбы алынды. Тақырып бойынша жабық сұрақтар, ашық сұрақтар, сәйкестендіру форматындағы тапсырмалар платформа көмегімен жасалды. Тапсырмалар төрт блоктан тұрады, жалпы саны он екі тапсырма (Сурет 4).



Сурет 4 – Платформа көмегімен құрастырылған тапсырма кейсі

AI этикасы мұғалімдер түсініп, қолдануы тиіс негізгі этикалық құндылықтарды, нормаларды, ережелерді, институционалдық заңдар мен практикалық этикалық нормаларды айқындайды. Бұндай талаптар AI этикасына қатысты білімнің кеңеюі мен оның білім беру саласына әсерінен туындайды. Бұл аспект мұғалімдердің AI-ды жауапты әрі қауіпсіз пайдалануына, оның негізгі этикалық дағдыларын меңгеруіне, сондай-ақ этикалық нормаларды бейімдеуге қатысу құзыреттерін дамытуға бағытталған [15].

Қорытынды

Жасанды интеллект білім беруді дамытуда үлкен мүмкіндіктерге ие. Ол білім алушылар мен мұғалімдерге оқыту процесін даралау, бейімдеу, автоматтандыру, аналитикалық қолдау және ынтымақтастықты арттыру тұрғысынан көмек көрсете алады. Дегенмен, білім беру жүйесіне жасанды интеллектті енгізу тек артықшылықтармен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар этикалық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық сипаттағы бірқатар қиындықтарды да туындатады. Сондықтан жасанды интеллектті тиімді әрі жауапты пайдалану үшін оның мүмкіндіктері мен шектеулерін кешенді зерттеу, сондай-ақ нақты стратегиялар мен ұсыныстар әзірлеу аса маңызды. Сонымен қатар, білім беру процесін жетілдіруде сабақ жоспарлаудың рөлі айрықша. Жақсы ойластырылған сабақ жоспары оқытудың жүйелілігін қамтамасыз етеді, тиімділігін арттырады, мұғалімнің кәсіби беделін нығайтады және уақытты оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, мұғалімдер бұл салада да бірқатар қиындықтарға тап болып отыр, соның ішінде оқу бағдарламасының мақсаттарын сабақ мақсаттарына түрлендіру, әртүрлі білім беру қажеттіліктерін ескеретін тапсырмаларды әзірлеу мәселелері ерекше орын алады.

Жалпы алғанда, жасанды интеллектті білім беруге енгізу педагогикалық тәжірибені жаңа деңгейге көтеріп, оқыту сапасын арттыруға бағытталған қуатты құрал бола алады. Бұл тұрғыда ол БҰҰ ұсынған Тұрақты даму мақсаттарының 4–мақсаты – «Сапалы білім» аясында ерекше мәнге ие. Жасанды интеллект құралдарын орынды пайдалану инклюзивті және әділ білім беруді қамтамасыз етуге, оқыту нәтижелерін жетілдіруге және әрбір оқушыға жеке білім беру траекториясын ұсынуға мүмкіндік береді. Осылайша, жасанды интеллектті білім беру жүйесіне жауапты түрде енгізу – сапалы білімді қамтамасыз етудің, адами капиталды дамытудың және тұрақты дамуға үлес қосудың маңызды алғышарты болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырып отыр (2025 ж. 05.04 №60/61 шарт «Сапалы білім беруде (ТДМ 4) жасанды интеллект арқылы педагогтердің функционалдық және кәсіби құзыреттілігін жетілдіру»).

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 UNESCO. AI and education: Guidance for policy-makers. Paris, France: UNESCO. – 2024 – <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000376709>
- 2 UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities for Sustainable Development. Paris: UNESCO Education Sector. – 2019.
- 3 Chiu T.K., Meng H., Chai C.-S., King I., Wong S., Yam Y. Creation and evaluation of a pretertiary artificial intelligence (AI) curriculum. IEEE Transactions on Education, – 2021. – Vol.65(1). <https://doi.org/10.1109/TE.2021.3085878>
- 4 Simuț R., Simuț C., Bădulescu D., and Bădulescu A. Artificial Intelligence and the Modelling of Teachers' Competencies // Amfiteatru Economic. – 2024. – Vol. 26(65). – P. 181–200. – <https://doi.org/10.24818/EA/2024/65/181>
- 5 Zhao X., Guo Z., and Liu S. Exploring Key Competencies and Professional Development of Music Teachers in the Era of Artificial Intelligence // Scientific Programming. – 2021. – P. 1–9. <https://doi.org/10.1155/2021/5097003>
- 6 UNESCO. Understanding the impact of AI on skills development UNESCO–UNEVOC International Centre for Technical and Vocational Education and Training – ISBN: 978–92–3–100446–9 – 2021.
- 7 Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 290 б.
- 8 «Педагог» кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу–ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрық. – 2022 – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>
- 9 Semerikov S. Educational dimension of sustainable development: analytical review // Continuing Professional Education: Theory and Practice. – 2024. – Vol.81(4). – P. 7–30. – <https://doi.org/10.28925/2412-0774.2024.4.1>
- 10 UNESCO. Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. Paris, France: UNESCO. – 2020. – <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137>
- 11 Boonlue S. "Guidance for generative ai in education and research" for teachers. Journal of Industrial Education, 2024. – 23(2). – B1–B12. <https://doi.org/10.55003/JIE.23202>
- 12 Noroozi O., Soleimani S., Farrokhnia M., Banihashem S.K. Generative AI in education: Pedagogical, theoretical, and methodological perspectives. International Journal of Technology in Education (IJTE), 2024. – 7(3). – P. 373–385. <https://doi.org/10.46328/ijte.845>
- 13 Michail Giannakos, Roger Azevedo, Peter Brusilovsky, Mutlu Cukurova, Yannis Dimitriadis, Davinia Hernandez–Leo, Sanna Järvelä, Manolis Mavrikis & Bart Rienties, The promise and challenges of generative AI in education, Behaviour & Information Technology. – 2024 <https://doi.org/10.1080/0144929X.2024.2394886>
- 14 Sunil Pathak Ramnath Krishnan Pallasena, Mapping the evolution of generative AI: insights from bibliometric research, Journal of Decision Systems. – 2024. <https://doi.org/10.1080/12460125.2024.2438612>
- 15 Pachava V., Lasekan O.A., Méndez–Alarcón C.M., Pena M.T.G., Golla S.K. Advancing SDG 4: Harnessing Generative AI to Transform Learning, Teaching, and Educational Equity in Higher Education. Journal of Lifestyle and SDGs Review, 2025. – 5(2). – e03774. <https://doi.org/10.47172/2965-730X.SDGsReview.v5.n02.pe03774>

REFERENCES:

- 1 UNESCO. AI and education: Guidance for policy makers. Paris, France: UNESCO, 2024. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000376709>
- 2 UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities for Sustainable Development. Paris: UNESCO Education Sector, 2019.
- 3 Chiu T.K., Meng H., Chai C.-S., King I., Wong S., Yam Y. (2021). Creation and evaluation of a pretertiary artificial intelligence (AI) curriculum. IEEE Transactions on Education, 65(1). <https://doi.org/10.1109/TE.2021.3085878>
- 4 Simuț, R., Simuț, C., Bădulescu, D., & Bădulescu, A. (2024). *Artificial Intelligence and the Modelling of Teachers' Competencies*. Amfiteatru Economic, 26(65), pp. 181–200. <https://doi.org/10.24818/EA/2024/65/181>
- 5 Zhao X., Guo Z., Liu S. (2021). Exploring Key Competencies and Professional Development of Music Teachers in the Era of Artificial Intelligence. Scientific Programming, 1–9. <https://doi.org/10.1155/2021/5097003>
- 6 UNESCO. (2021). Understanding the impact of AI on skills development. UNESCO–UNEVOC International Centre for Technical and Vocational Education and Training. ISBN 978–92–3–100446–9.
- 7 Орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар [Methodological Recommendations for the Use of Artificial Intelligence in the General Education System]. (2024). Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА. (in Kazakh).

8 «Pedagog» käsıptık standartyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Oqu-aǵartu ministrınıń m.a. 2022 jylǵy 15 jeltoqsandaǵy №500 búıryq [Order No. 500 of the Acting Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated December 15, 2022, on the Approval of the Professional Standard for the “Teacher” Profession]. (2022). (in Kazakh). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031149>

9 Semerikov S. (2024). Educational dimension of sustainable development: Analytical review. Continuing Professional Education: Theory and Practice, 81(4), pp. 7–30. <https://doi.org/10.28925/2412-0774.2024.4.1>

10 UNESCO. (2020). Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. Paris, France: UNESCO. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137>

11 Boonlue S. (2024). Guidance for generative AI in education and research for teachers. Journal of Industrial Education, 23(2), B1–B12. <https://doi.org/10.55003/JIE.23202>

12 Noroozi O., Soleimani S., Farrokhnia M., Banihashem S.K. (2024). Generative AI in education: Pedagogical, theoretical, and methodological perspectives. International Journal of Technology in Education (IJTE), 7(3), pp. 373–385. <https://doi.org/10.46328/ijte.845>

13 Giannakos M., Azevedo R., Brusilovsky P., Cukurova M., Dimitriadis Y., Hernandez–Leo D., Järvelä, S., Mavrikis M., Rienties, B. (2024). The promise and challenges of generative AI in education. Behaviour & Information Technology. <https://doi.org/10.1080/0144929X.2024.2394886>

14 Pathak S., Pallasena R.K. (2024). Mapping the evolution of generative AI: Insights from bibliometric research. Journal of Decision Systems. <https://doi.org/10.1080/12460125.2024.2438612>

15 Pachava V., Lasekan O.A., Méndez–Alarcón, C. M., Pena, M. T. G., & Golla, S. K. (2025). Advancing SDG 4: Harnessing Generative AI to Transform Learning, Teaching, and Educational Equity in Higher Education. Journal of Lifestyle and SDGs Review, 5(2), e03774. <https://doi.org/10.47172/2965-730X.SDGsReview.v5.n02.pe03774>

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ПЕДАГОГОВ ЧЕРЕЗ ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ОБРАЗОВАНИИ (ЦУР 4)

Мұхамбетәлиева З.Ш.^{1,*}, Зейнолла С.Ж.², Узакова А.Б.¹, Кокталов Н.М.¹

¹Казахский Национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Университет Нархоз, Республика Казахстан, г. Алматы
*e-mail: mukhambetalieva_zukhra@mail.ru

Аннотация. В этой статье рассматриваются педагогические, методические и этические аспекты применения искусственного интеллекта (ИИ) в системе образования. Актуальность исследования определяется в рамках Цели 4 Трудовых целей устойчивого развития Организации Объединенных Наций (ТДМ) – «Качественное образование», так как искусственный интеллект предоставляет огромные возможности для повышения качества образования, обеспечения инклюзивности и предложении учащимся индивидуальных образовательных траекторий. В статье представлены анализы документов ЮНЕСКО, ОЭСР, Европейской Комиссии и Европейского Парламента, выявлены преимущества и ограничения использования инструментов ИИ в системе образования. Методология исследования основана на количественном контент-анализе, а эмпирическим источником данных были данные пользователей платформы «Aitalim».

Результаты показали, что инструменты ИИ способствуют повышению профессиональной компетенции педагогов, развитию функциональной грамотности и повышению эффективности подготовки содержания уроков. Также отмечается, что ИИ помогает развивать критическое мышление, творчество, сотрудничество, а также осваивать основы программирования, машинного обучения и этики. В статье анализируются европейская рамка DigCompEdu и стандарты ISTE, и раскрывается их значение в формировании цифровых компетенций педагогов. Практика создания тестов на платформе «Aitalim» показала, что она позволяет учителям автоматизировать учебные задания, экономить время и учитывать индивидуальные потребности учащихся. В заключение искусственный интеллект является мощным инструментом, который может поднять педагогическую практику на новый уровень. Однако для его эффективного использования необходим комплексный подход в этическом, правовом и методическом аспектах.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, искусственный интеллект, образование, педагог, качественное образование, устойчивое развитие.

DEVELOPING TEACHERS' PROFESSIONAL COMPETENCIES THROUGH ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN QUALITY EDUCATION (SDG 4)

Z.Sh. Mukhambetaliyeva ^{1,*}, S.Zh. Zeinolla ², A.B. Uzakova ¹, N.M. Koktalov ¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical university, Republic of Kazakhstan, Almaty

²Narxoz university, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: mukhambetaliyeva_zukhra@mail.ru

Abstract. This article explores the pedagogical, methodological, and ethical aspects of using artificial intelligence (AI) in the education system. The relevance of the study is defined within the framework of the United Nations Sustainable Development Goal (SDG) 4 – "Quality Education," as AI provides significant opportunities to improve the quality of education, ensure inclusivity, and offer personalized learning pathways for students. The article presents analyses of documents from UNESCO, OECD, the European Commission, and the European Parliament, identifying the advantages and limitations of using AI tools in the education system. The research methodology is based on quantitative content analysis, and the empirical data source involves user data from the "Aitalim" platform. The results show that AI tools contribute to enhancing teachers' professional competence, developing functional literacy, and increasing the efficiency of lesson content preparation. It is also highlighted that AI helps develop critical thinking, creativity, collaboration, and aids in mastering the fundamentals of programming, machine learning, and ethics. The article analyzes the European DigCompEdu framework and ISTE standards, revealing their importance in shaping teachers' digital competencies. The test creation practice on the "Aitalim" platform demonstrated that it allows teachers to automate learning tasks, save time, and consider the individual needs of students. In conclusion, artificial intelligence is a powerful tool that can elevate pedagogical practice to a new level. However, its effective use requires a comprehensive approach from ethical, legal, and methodological perspectives.

Keywords: professional competence, artificial intelligence, education, teacher, quality education, sustainable development.

ЖОО–ДА ІОТ ЖӘНЕ МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕНГІЗІЛУ ДЕҢГЕЙІ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейдуәлі Қ.Б.* , Ошанова Н.Т. 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: kasimseiduali@gmail.com, n.oshanova@abaiuniversity.edu.kz

Аңдатпа. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында жоғары білім беру жүйелері оқыту сапасын арттыру және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін озық шешімдерді интеграциялау қажеттілігіне тап болады. Осындай шешімдердің бірі –білім беру ортасында кеңінен қолданылатын заттар интернеті (ІОТ) және машиналық оқыту технологиялары. ІОТ интеграциясы университеттерге инфрақұрылымды автоматтандыруға ғана емес, сонымен қатар оқытуға жекелендірілген тәсілді қамтамасыз ететін интеллектуалды білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, Машиналық оқыту үлкен білім беру деректерін талдауға, оқу курстарын студенттердің жеке траекторияларына бейімдеуге және олардың үлгерімін болжауға мүмкіндіктер ашады. Айқын артықшылықтарға қарамастан, жоғары оқу орындарында осы технологияларды енгізу бірқатар сын–қатерлермен қатар жүреді: техникалық базаның жетіспеушілігі, оқытушылардың біліктілігінің жеткіліксіздігі, сондай–ақ цифрлық трансформацияның бірыңғай стратегияларының болмауы. Бұл мақалада Қазақстан Республикасының университеттерінде ІОТ және машиналық оқытуды енгізудің ағымдағы деңгейі қарастырылады, негізгі проблемалар талданады және оларды шешудің мүмкін жолдары ұсынылады. Сонымен қатар, зерттеу әлемдік білім беру кеңістігінде осы технологияларды интеграциялаудың үздік тәжірибелерін қарастырады, бұл отандық жоғары оқу орындарын цифрландыру деңгейін халықаралық трендтермен салыстыруға мүмкіндік береді. Инновациялық шешімдерді енгізудің педагогикалық және ұйымдастырушылық аспектілеріне ерекше назар аударылады. Талдау нәтижелері университеттерде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқытушылардың біліктілігін арттыру үшін пайдалы болуы мүмкін. Ұсынылған тұжырымдар мен ұсынымдар Қазақстанның жоғары білімінде ІОТ және машиналық оқытуды пайдалануға неғұрлым тиімді және жүйелі тәсілді ынталандыруға бағытталған.

Кілт сөздер: заттар интернеті (ІОТ), машиналық оқыту, білім беруді цифрландыру, жоғары білім, оқыту технологиялары.

Кіріспе

Қазіргі заманауи білім беру жүйесі технологиялық прогрестің шапшаң дамуымен тығыз байланысты. Әсіресе, Industry 4.0 тұжырымдамасының кеңінен таралуы, жасанды интеллект (AI), машиналық оқыту (Machine Learning) және заттар интернеті (ІОТ) сияқты технологиялардың білім беру саласына енуіне жол ашты. Бұл жағдай университеттік деңгейде болашақ мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын қалыптастыруды талап етеді.

Ақылды заттар ұғымы Интернет ұғымының дамуына жаңа серпін берді. Интернетке қосылуға және ақпаратты кеңістік пен уақыт арқылы жіберуге болатын барлық физикалық нысандарды «ақылды» деп атауға болады. Қосылған құрылғылар бір–бірімен өзара әрекеттесе алады және ақпарат алмасады, содан кейін оларды әртүрлі шешімдер қабылдау үшін өңдеуге болады. Бұл тұжырымдаманың барлығы «Заттар интернеті» деп аталады. Пало–Альтодағы (PARC) Херох зерттеу орталығының бас технологы Марк Вайзердің айтуынша: «Технологиялық өзгерістердің ең маңызды кезеңдері – жоғалып кететіндер. Олар күнделікті өмірдің материясына оның ажырамас бөлігі болғанға дейін енеді» [1]. Кевин Эштон алғаш рет «Заттар интернет» терминін 1999 жылы қолданған. ІОТ–тің пайда болуымен көптеген зерттеушілер бұл технологияларға әртүрлі анықтамалар беруге тырысты, мысалы, барлығының интернеті (ағылш. Internet of Everything), кез келген нәрсенің интернеті (ағылш. Internet of Anything), адамдардың интернеті (ағылш. Internet of People), Интернет белгілері (ағылш. Internet of Signs), Интернет қызметтері (ағылш. Internet of Services), деректер интернеті (ағылш. Internet of data) немесе Интернет процестері (ағылш. Internet of Processes) [2].

IoT–бұл физикалық құрылғылардың, көлік құралдарының, тұрмыстық техниканың және электроникамен, бағдарламалық жасақтамамен, датчиктермен, жетектермен және байланыстармен жабдықталған басқа заттардың желісі, бұл заттарды байланыстыруға және бөлісуге мүмкіндік береді, физикалық әлемді компьютерлік жүйелерге тікелей интеграциялауға мүмкіндік береді, нәтижесінде тиімділік, экономикалық пайда және адамның қысқаруы жүктемелер [3]. Қосылған құрылғылардың саны жыл сайын өсу қарқынын арттырады, дегенмен көптеген ықпалды ұйымдар мен зерттеу орталықтары бұл туралы өз болжамдарын батыл жасайды. Statista статистикалық бизнес–порталына сәйкес 2020 жылға қарай киілетін құрылғылар саны 82,5 млн–ға дейін артып, 31% – ға өскенін көрсетті. 2020 жылға қарай автомобильдердің 90% интернетке қосылады. 2021 жылға қарай смарт киім санының 24,75 млрд–қа дейін өсуі күтілуде. IoT құрылғыларының Жалпы саны 2025 жылға қарай 75,44 млрд–қа дейін өседі [4].

IoT жүйелері RFID (радиожилікті Сәйкестендіру, ағылш.) сияқты сымсыз технологиялар арқылы өзара әрекеттеседі. Radio–Frequency identification), ZigBee, NFC (жақын байланыссыз Байланыс, ағылш. Near Field Communication), WSN (сымсыз сенсорлық желі, ағылш. Wireless Sensor Network), WLAN (сымсыз жергілікті желі, ағылш. Wireless Local Area Network), DSL (сандық абоненттік желі, ағылш. Digital subscriber Line), UMTS (әмбебап ұялы байланыс жүйесі, ағылш. Universal Mobile Telecommunications System), WiMax (микротолқынды қол жеткізу үшін интерактивті үйлесімділік, ағылш. Microwave Access үшін Worldwide Interoperability), GPRS (пакеттік радиобайланыстың жалпы қызметі, ағылш. General Packet Radio Service) немесе LTE (ұзақ мерзімді Эволюция, ағылш. Long–Term Evolution) [5].

Материалдар мен әдістер

Дамыған елдерде IoT көбінесе оқу және зерттеу құралы ретінде қолданылады [6]. сәйкес IoT–ті білім беру саласына жаңа құрал ретінде біріктіру академиялық ортада адамдардың (студенттер мен оқытушылардың) және (физикалық және виртуалды) объектілердің өзара әрекеттесуінің өнімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін. Оқу пәні ретінде IoT студенттерді қызықтыратын және информатика тұжырымдамаларын практикалық оқытуға жағдай жасайтын қызықты және перспективалы бағыт болып табылады [7]. IoT–тің оқу пәні ретіндегі маңыздылығын түсіне отырып, Ұлыбританияның ашық университеті (ағылш. Open University) «менің цифрлық өмірім» атты жаңа оқу курсы ұсынды (ағылш. My digital Life), студенттер мен магистранттарға арналған IoT тұжырымдамаларына негізделген. Менің цифрлық өмірім студенттерге IoT–ті физикалық және виртуалды әлемінің айналасындағы әлемді зерттеу және талдау құралы ретінде пайдалануға көмектеседі [8].

АҚШ пен Ұлыбританияда IoT студенттер мен мектеп оқушыларына бағдарламалау тілінің негізгі ұғымдарын үйрету үшін де қолданылады [9]. Қашықтықтан оқыту мектептері ағылшын тілін үйрету үшін құрылған IoT негізіндегі интерактивті платформаларды енгізуде. Мұндай платформалар түзету мақсатында дауыстық және визуалды датчиктерді қолданады оқушылардың айтылуы мен екпіні [10].

Заттар интернеті (IoT) – бұл түрлі физикалық құрылғылардың интернет арқылы өзара байланысуы мен ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін жүйе. Бүгінгі таңда IoT құрылғылары тек өндіріс пен тұрмыстық салаларда ғана емес, сонымен қатар білім беруде де кеңінен қолданылып келеді. Мысалы, деректер жинау, процестерді автоматтандыру, тәжірибелік оқыту құралдарын әзірлеу секілді бағыттарда олар үлкен мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, машиналық оқыту – деректерге негізделген болжамдар мен шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін жасанды интеллект саласындағы маңызды бағыт. Бұл технологияларды студенттерге үйрету – еңбек нарығындағы сұранысқа ие, өзекті және болашағы зор міндеттердің бірі болып отыр.

Осы орайда, «Машиналық оқытуға кіріспе» курсы IoT құрылғыларымен интеграциялай отырып оқыту – білім алушылардың практикалық дағдыларын жетілдірудің, ойлау қабілетін арттырудың, әрі пәнге қызығушылығын оятудың тиімді жолы ретінде қарастырылады.

Осы зерттеудің мақсаты – университетте «Машиналық оқытуға кіріспе» курсы ІОТ құрылғыларын қолдану арқылы оқытудың тиімділігін теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ бұл тәсілдің болашақ информатика мұғалімдерін даярлаудағы рөлін анықтау.

Заттар интернеті (Internet of Things – ІОТ) – бұл әртүрлі құрылғылардың (датчиктер, микроконтроллерлер, смарт құрылғылар) интернет арқылы бір-бірімен байланысып, деректер жинап, оларды өңдеуге қабілетті жүйе. Gartner зерттеу агенттігінің деректеріне сүйенсек, 2025 жылға қарай әлемде 30 миллиардтан астам ІОТ құрылғысы қолданылатын болады. Бұл технологиялар білім беру процесінде де кеңінен енуде.

ІОТ білім беруде оқытудың тәжірибеге негізделуін, нақты өмірмен байланысын арттырады. Мысалы, Arduino, Raspberry Pi, ESP32 сияқты құрылғылар арқылы студенттер нақты жобалар жасап, теориялық білімдерін практикамен ұштастырады. Сонымен қатар, бұл құрылғыларды қолдану зерттеу, бағдарламалау, деректерді талдау, модель құру сияқты дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Машиналық оқыту (Machine Learning, ML) – компьютерлердің үлкен көлемдегі деректерді талдау арқылы өздігінен үлгілерді анықтап, шешім қабылдауға немесе болжам жасауға үйрену процесі. Бұл әдіс әсіресе классификация, регрессия, кластерлеу, нейрондық желілер мен үлгілеу бағыттарында кеңінен қолданылады.

Университеттерде бұл пәнді оқыту әдетте Python бағдарламалау тілі арқылы жүзеге асады, Scikit-learn, TensorFlow, Keras сияқты кітапханалар қолданылып, студенттерге нақты деректермен жұмыс істеу арқылы машиналық оқытудың негізгі алгоритмдері таныстырылады. Алайда, теориялық мазмұнмен шектелу студенттердің пәнге қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

ІОТ мен машиналық оқытуды біріктіру – білім беруде жаңашыл тәсіл ретінде қарастырылады. Мысалы, ІОТ құрылғылары арқылы алынған деректерді машиналық оқыту алгоритмдерімен өңдеу студенттерге білімді практикада қолдануға жол ашады. Бұл бір жағынан пәнаралық байланысты дамытса, екінші жағынан бағдарламалау, алгоритмдік ойлау және аналитикалық дағдыларды жетілдіреді.

Нәтижелер мен талқылау

Информатика мұғалімдерін даярлау барысында олардың тек теориялық біліммен ғана емес, заманауи технологияларды тәжірибеде қолдану қабілетімен де қарулануы маңызды. ІОТ және машиналық оқыту технологияларын біріктіру – мұғалімдерді цифрлық трансформация жағдайында білім беру міндеттерін шешуге бейімдеу үшін тиімді жол.

Мұндай интеграция болашақ мұғалімдердің жобалық оқыту, STEAM–педагогика, деректерге негізделген оқыту (Data-driven learning) сияқты заманауи тәсілдерді меңгеруіне ықпал етеді [11].

Қазақстанда машиналық оқыту (Machine Learning) курстары университеттер бағдарламасына шамамен 2010–жылдардың басы мен ортасынан енгізіле бастады. Алғашқы жылдары бұл пән көбіне жасанды интеллект немесе үлгі тану (pattern recognition) тақырыптарының аясында оқытылып келсе, соңғы он жылдықта дербес «Машиналық оқыту» атауымен бөлек курстар пайда болды. Төменде осы курсты алғашқы болып енгізген бірнеше университет пен енгізілген жылдары келтіріліп, алғашқы курстар мазмұнына тоқталамыз.

Алғашқы енгізген университеттер және жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) – еліміздегі ең ірі классикалық университеттердің бірі ретінде ҚазҰУ машиналық оқыту курсы алғашқы енгізген ЖОО–лардың бірі саналады. 2015–2016 оқу жылдарына қарай ҚазҰУ–да бакалавриат деңгейінде «Машиналық оқыту негіздері» атты элективті курс өткізіле бастады. Мәселен, 2016 жылы ҚазҰУ оқу кестесінде «Машиналық оқыту (лекция)» пәні механика–математика факультетінде көрсетілген. Бұл курсты информатика және ақпараттық жүйелер кафедрасының оқытушылары жүргізіп, мәліметтерді статистикалық талдау мен болжамдау үшін машина арқылы үйрену әдістерін үйретуді мақсат етті [12].

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті (Satbayev University) – техникалық бағыттағы бұл оқу орны да машиналық оқыту пәнін алғашқы енгізгендердің бірі. Аталған университетте 2010–жылдардың орта шенінде машиналық оқыту бойынша мамандар дайындала бастады деуге болады. Университет профессоры Равиль Мұхамедиев машиналық оқыту саласында дәріс оқып қана қоймай, Қазақстандағы алғашқы машиналық оқыту оқулығын жарыққа шығарды. 2023 жылы оның әріптесі Е. Амирғалиевпен бірге «Машиналық оқытуға кіріспе» атты 471 беттік оқу құралы жарық көрді. Бұл Satbayev University–де машиналық оқытудың қаншалықты дамығанының бір дәлелі. Университеттің қазіргі оқу жоспарларында Machine Learning пәндері қазақ және ағылшын тілдерінде оқытылып, қолданбалы жобалармен ұштастырылуда [13].

Назарбаев Университеті (NU) – 2010 жылы құрылған заманауи зерттеу университеті ретінде Назарбаев Университеті құрылғаннан кейін бірнеше жыл ішінде оқу бағдарламасына машиналық оқыту негіздерін кіріктірді. Алғашқы студенттерін 2011 жылы қабылдаған NU информатика және деректану бағдарламаларында 2013–2014 жылдардан бастап Machine Learning пәні оқытыла бастаған. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкілі атап өткендей, Назарбаев Университеті Қазақстанда машиналық оқыту және деректерді талдау бағдарламаларын алғашқылардың бірі болып жүзеге асырды. Бүгінде Назарбаев Университетінде Machine Learning, Artificial Intelligence бағыттарына маманданған толыққанды магистратура бағдарламалары да бар, онда машиналық оқыту алгоритмдері, терең нейрондық желілер, тіл өңдеу секілді пәндер оқытылады [14].

Қазақстан–Британ техникалық университеті (КВТУ) – IT саласына маманданған бұл университет те машиналық оқыту курсы ерте енгізгендердің қатарында. 2000–жылдардың аяғы мен 2010–жылдардың басында КВТУ информатика кафедрасы шетелдік әріптестермен бірігіп заманауи курстар әзірлей бастады. ҚР ҒЖБ вице–министрі Динара Щеглова 2024 жылы сөйлеген сөзінде КВТУ–дың бизнес–анализ, машиналық оқыту және робототехника бойынша білім беру бағдарламаларын сәтті іске асырып жатқанын ерекше атап өтті. Бұл – КВТУ–дың машиналық оқытуды оқытуда көшбасшылардың бірі екенінің ресми дәлелі. Университеттің өзінде деректер ғылымы және ML бойынша мамандандырулар пайда болып, студенттерге арналған тегін Machine Learning семинар–тренингтері ұйымдастырылып келеді (мысалы, КВТУ–да 2019 жылы машиналық оқыту бойынша ашық дәрістер сериясы өткен) [15].

Салыстырмалы кесте: Қазақстандағы кейбір университеттердегі машиналық оқыту курсы енгізу (1–кесте)

Кесте 1 – Қазақстан ЖОО–да алғашқы «Машиналық оқыту» курсы енгізу

№	Университет атауы	Енгізілген жыл / кезең	Деңгейі	Ерекшеліктері мен сипаттамасы
1	Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ)	2015–2016 жж.	Бакалавриат	Элективті курс ретінде енгізілді; Python, SVM, нейрондық желі қамтылған.
2	Satbayev University (ҚазҰТЗУ)	2014–2015 жж.	Бакалавриат / Магистратура	Қазақ тіліндегі ML оқулығы шықты; практикаға негізделген оқыту.
3	Назарбаев Университеті (NU)	2013 ж.	Бакалавриат, магистратура	AI және Data Science бағыттары енгізілген; халықаралық бағдарлама.
4	Қазақстан–Британ техникалық университеті (КВТУ)	2010–жылдардың басы	Бакалавриат	ML және бизнес–аналитика бағыттары, шетелдік серіктестік.

№	Университет атауы	Енгізілген жыл / кезең	Деңгейі	Ерекшеліктері мен сипаттамасы
5	Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ITU)	2018 ж.	Бакалавриат	Data Science and ML мамандығы; практикалық бағыт, Python, TensorFlow.
6	Сүлейман Демирел университеті (SDU)	2017–2018 жж.	Бакалавриат	INF321 курсы ағылшын тілінде; HackerRank, Moodle қолданылды.
7	Абай атындағы ҚазҰПУ	2020 ж.	Магистратура	Жобалық жұмыс, педагогикалық бағыт, цифрлық сауаттылық
8	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (ҚызПУ)	2021 ж.	Бакалавриат	Қазақ тіліндегі курс; Google Colab, зертханалық жұмыстар
9	Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ (Ясауи)	2021 ж.	Бакалавриат	Python, Jupyter Notebook қолданылатын практикалық бағыт

Жоғарыдағы деректерден байқағанымыздай, Қазақстанда машиналық оқыту жеке оқу курсы ретінде 2010 жылдардан бастап оқытыла бастады. Алғашқы болып енгізген университеттер қатарында ҚазҰУ, ҚазҰТЗУ (Satbayev University), Назарбаев Университеті және КВТУ бар. Сондай-ақ, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (ITU), Сүлейман Демирел атындағы университет (SDU) секілді оқу орындары да 2015–2018 жылдары өз бағдарламаларына Machine Learning пәндерін қоса бастады. Мысалы, ITU 2018 жылы мемлекеттік стандарт бекітілген соң «Деректер ғылымы және машиналық оқыту» атты бакалавриат мамандығын ашты yecher.kz. Осылайша, машиналық оқыту курстары соңғы он жылда еліміздің көптеген ЖОО–ларында тұрақты оқытылатын маңызды пәнге айналды.

Алғашқы курстардың силлабусы мен мазмұны

Алғашқы машиналық оқыту курстарының мазмұны негізінен машиналық оқытудың базалық әдістерін қамтыды. Мысалы, ҚазҰУ бағдарламасында бұл пәннің мақсаты – «студенттердің статистикалық әдістер мен машиналық оқыту модельдерін деректердің предиктивтік талдауына қолдану қабілетін қалыптастыру» деп көрсетілген. Курста мәліметтерді алдын ала өңдеу, үлгілерді тану әдістері және әртүрлі ML алгоритмдері оқытылатындығы атап өтіледі.

Нақтырақ айтсақ, алғашқы курстарда келесі тақырыптар қарастырылды github.com:

Бақыланатын және бақыланбайтын оқыту әдістері: сызықтық және логистикалық регрессия, k–жақын көрші әдісі, шешім ағаштары, Наив Байес классификаторы, т.б. Алгоритмдердің теориялық негіздері мен олардың қолданбалары үйретілді.

Жасанды нейрондық желілер негіздері: көпқабатты перцептрон моделі, backpropagation (кері таралу) алгоритмі, нейрондық желілерді оқыту үшін градиенттік түсу әдісі. Нейрондық желілер арқылы күрделі бейсызық тәуелділіктерді үйрену мысалдары қаралды.

Терең оқыту және арнайы модельдер: алғашқы курстардың кейбірінде нейрондық желілердің озық түрлері – конволюциялық желілер (CNN) мен рекурренттік желілер (RNN) негіздері таныстырылды. Сондай-ақ, ансамбль әдістері (бірнеше модельдерді біріктіру арқылы дәлдікті арттыру) және күшейтілген оқыту (reinforcement learning) туралы кіріспе мәлімет берілді.

Практикалық жобалар: студенттер Python сияқты бағдарламалау тілдерін қолданып, кішігірім жобалар жасаған. Мысалы, деректер жинағын алып, соған машиналық оқыту моделін құру, оны үйрету және алынған нәтижелерді бағалау тапсырмалары орындалды. Курстық жобаларда негізінен scikit-learn сияқты ML кітапханалары пайдаланылды.

Алғашқы машиналық оқыту курстары көбіне жоғары курс студенттеріне немесе магистранттарға арналған таңдау пәні ретінде ұсынылды. Дегенмен, пәннің маңыздылығына байланысты қысқа мерзімде оның мазмұны тереңдеп, кредит саны ұлғайып, деректер ғылымы бағдарламаларының ядросына айналды. Мысалы, 2018 жылдан кейін көптеген университеттер деректер ғылымы (Data Science) бойынша толық мамандықтар ашып, олардың міндетті пәндерінің бірі ретінде машиналық оқытуды енгізді.

Қазақстан жоғары оқу орындарында (ЖОО) машиналық оқыту пәні көбінесе Python тіліндегі танымал кітапханалармен оқытылады, мысалы, scikit–learn, TensorFlow, Keras және PyTorch. Бұл тәсілдер студенттерге теориялық білім мен алгоритмдерді түсінуге мүмкіндік береді. Алайда, олар көбінесе абстрактілі деңгейде қалады, нақты әлемдік қосымшалармен байланысы шектеулі.

Қазақстан университеттерінде машиналық оқыту пәні бойынша ұсынылған силлабустарды талдау барысында төрт жоғары оқу орны таңдалды: Сүлейман Демирел университеті (SDU), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (ҚазҰПУ), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (ЖенПУ) және Satbayev university жалпы стандартты ағылшын тіліндегі бағдарлама (2018 жылғы үлгі). Бұл талдаудың негізгі мақсаты – курстардың мазмұны, оқыту әдістері мен бағалау ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан салыстыру.

Төмендегі кестеде осы университеттердің машиналық оқыту курстарының салыстырмалы талдауы берілген: (2–кесте).

Кесте 2 – Қазақстан ЖОО–ларындағы машиналық оқыту курстарының силлабустық салыстырмалы талдауы

№	Университет атауы	Курс атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Бағалау жүйесі	Негізгі тақырыптар	Қолданылатын құралдар	Жоба / Қорытынды тапсырма
1	Сүлейман Демирел университеті (SDU)	Machine Learning	3 кредит	Статистика, Алгебра, Визуализация	Міндеттеп (10%), Тесттер (50%), Жоба (40%)	Regression, SVM, Naive Bayes, Ensemble, Neural Nets	Python, scikit–learn, TensorFlow	Жеке мини–жобалар
2	Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ)	Основы машинного обучения	3 кредит	Системный анализ, Базы данных	Аралық бақылау (60%), Емтихан (40%)	KNN, Decision Trees, Naive Bayes, PCA, RNN, CNN, Transformers	Python, OLAP, Colab	Жеке тапсырма, практика арқылы тексеру
3	Satbayev University (ҚазҰТЗУ)	Машинный оқыту және нейрондық желілер	3 кредит	Физика, Статистика, Математика	СӨЖ, Аралық бақылау, Қорытынды емтихан	Regression, SVM, Gaussian processes, Neural Nets, Clustering	Python, TensorFlow	Екі аралық аттестация және емтихан

№	Университет атауы	Курс атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Бағалау жүйесі	Негізгі тақырыптар	Қолданылатын құралдар	Жоба / Қорытынды тапсырма
4	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (ҚызПУ)	Machine Learning	5 кредит	АКТ (ағылшын)	БӨЖ, Бақылау жұмыстары, Зертханалар	Regression, ANN, SVM, K-Means, Decision Trees, Boosting	Python, Scikit-learn, Colab, Keras	Жоба түріндегі жаттығулар мен анализ
5	Абай атындағы ҚазҰПУ	Машинное обучение	5 ECTS	Цифрлық педагогика	СРМ, СРМІ, Рубежжық контроль, Экзамен	Regression, KNN, SVM, XGBoost, PCA, Neural Nets	Python, Numpy, Coursera, edX	Жеке жобалар және практика негізіндегі бағалау

Кестеде көрсетілгендей, барлық университеттердің силлабустарында машиналық оқытудың базалық алгоритмдері мен әдістері қамтылған. Барлық курстарда Python бағдарламалау тілі және оның Scikit-learn кітапханасы кеңінен қолданылады. Бұл курстарда теориялық біліммен қатар, студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға үлкен көңіл бөлінеді.

Сүлейман Демирел университеті (SDU) ұсынған курс халықаралық стандарттарға жақын, ағылшын тілінде жүргізіліп, Moodle, HackerRank сияқты цифрлық платформаларды белсенді пайдаланады. Мұнда практикалық жаттығулар мен мини-жобаларға баса назар аударылады.

ҚазҰПУ магистратура деңгейінде ұсынылатын курстың ерекшелігі – педагогикалық контекстке бағытталғандығы және студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға ерекше мән берілуі. Бұл университеттегі бағалау жүйесі рубеждік бақылау тесттері мен ауызша емтиханға негізделген.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті (ҚызПУ) курсының басты ерекшелігі – қазақ тілінде оқытылуы және Google Colab платформасында практикалық жұмыс жасауға бағытталуы. Бұл тәсіл студенттердің мәліметтермен тікелей жұмыс істеу тәжірибесін арттырады.

Satbayev University 2018 жылғы ағылшын тіліндегі жалпы курс барлық негізгі тақырыптарды қамтып, supervised, unsupervised және reinforcement learning әдістерін толық таныстыру арқылы кешенді құрылымға ие. Бұл курс бағалау әдістерінде quiz және емтихандар арқылы студенттердің теориялық және практикалық білімдерін жан-жақты тексеруге мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің негізгі гипотезасын, яғни «Машиналық оқыту» пәнін ИОТ құрылғыларымен интеграциялаудың тиімділігін практикалық тұрғыдан дәлелдеу мақсатында, Абай атындағы ҚазҰПУ – дың 1–2 курс магистранттары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 48 магистрант қатысты. Іріктеме үш білім беру бағдарламасын қамтыды: «Информатика», «Цифрлық педагогика», «Ақпараттық жүйелер». Сауалнама 10 сұрақтан тұрды және жауаптар үш нұсқамен шектелді: «Келісемін», «Келіспеймін», «Бейтарап». Деректер Google Forms платформасы арқылы жиналды [16].


Кесте 3 – «Машиналық оқыту» курсының оқытылуы және оны IoT құрылғыларымен интеграциялау тиімділігіне қатысты сауалнама нәтижелер

№	Сұрақтар	Келісемін	Келіспеймін	Бейтарап
1	«Машиналық оқыту» курсы практикадан гөрі теорияға бағытталған	68%	22%	10%
2	Курста орындалған тапсырмалар нақты өмірлік мәселелерді шешуден алшақ	55%	35%	10%
3	Оқуды аяқтағаннан кейін, ML алгоритмдерін нақты жобаларда қолдана аламын	45%	50%	5%
4	Осы пәндерді жүргізетін оқытушылардың теориялық білімінен бөлек, нақты практикалық тәжірибесі жеткілікті	75%	16%	9%
5	Физикалық IoT құрылғыларымен жұмыс істеу машиналық оқытудың абстрактілі теориясын жақсырақ түсінуге көмектеседі	78%	12%	10%
6	IoT және машиналық оқытуды интеграциялау білім сапасын арттырады	60%	30%	10%
7	Университет сіздің оқу жобаларыңыз үшін IoT жабдықтарымен (Arduino, Raspberry Pi, сенсорлар, т.б.,) қамтамасыз етеді	95%	0%	5%
8	IoT құрылғыларынан нақты деректерді жинау және өңдеу практикалық дағдыларды арттырады	92%	3%	5%
9	Оқу процесіне IoT құрылғыларын енгізу курсты қызықтырақ етеді	85%	10%	5%
10	IoT мен машиналық оқытуды біріктіретін жобалар менің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігімді арттырады	89%	6%	5%

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, «Машиналық оқыту» курсына теория мен практика арасында алшақтық бар, бұл студенттердің практикалық дағдыларды меңгеруіне кедергі келтіруде. Алайда, бұл мәселенің шешімі ретінде ұсынылған IoT интеграциясын студенттер толықтай қолдайды және оның тиімділігіне сенеді. Ең бастысы, бұл өзгерістерді жүзеге асыруға қажетті негізгі факторлар – білікті оқытушылар (75%) мен материалдық – техникалық база (95%) – университетте жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Демек, негізгі мәселе ресурстардың жетіспеушілігінде емес, оқу бағдарламасының мазмұны мен әдістемесін заманауи талаптарға сай жаңартуда болып отыр. IoT интеграциясы осы олқылықтың орнын толтыра алады: студенттер тек алгоритмді қолданып қана қоймай, деректерді жинау, тазалау және модельді нақты физикалық құрылғыда сынаудың толық циклінен өтеді. Бұл өз кезегінде олардың зерттеушілік және инженерлік ойлауын дамытады.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері «Машиналық оқыту» курсына оқытуда теория мен практика арасында алшақтық бар екенін көрсетті, алайда студенттер бұл мәселені шешу үшін IoT технологияларын қолдануға жоғары қызығушылық пен дайындыққа ие. Осы анықталған мәселені шешу және оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында біз «IoT және машиналық

оқыту интеграциясы арқылы тәжірибеге бағытталған оқытудың әдістемелік моделін» ұсынамыз (сурет 1). Бұл модель студенттердің теориялық білімін нақты инженерлік дағдылармен біріктіруге бағытталған алты сатылы дизайнды оқыту циклін сипаттайды. Оқу процесі теориялық негіздемеден басталады: 1–қадам және студенттер Python және Машиналық оқытудың негізгі кітапханаларын оқиды. Содан кейін нақты мәселе анықталып, жоба таңдалады; 2–қадам. Келесі кезеңдерде студенттер жобаға қажетті техникалық құралдарды таңдайды; 3–қадам және осы құрылғылардың көмегімен нақты уақыт режимінде деректерді жинайды; 4–қадам. Жиналған мәліметтер негізінде Машиналық оқыту моделі құрылады және оқытылады; 5–қадам. Цикл аяқталғаннан кейін дайын модель ИОТ құрылғысымен біріктіріліп, нақты жағдайда тексеріледі; 6–қадам. Бұл оқушыларға нақты физикалық құрылғыда модельді жинау, тазарту және сынаудың толық циклынан өтуге мүмкіндік береді. Осылайша, бұл модельді оқу процесіне енгізу студенттердің тек теориялық білім алумен шектелмей, толық инженерлік дағдыларды игеруіне жағдай жасайды. Нәтижесінде бұл тәсіл олардың зерттеу және сыни ойлау қабілеттерін дамытады және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Модельдің графикалық визуализациясы draw.io (diagrams.net) веб-платформасында жасалды [17].



Сурет 1 – ИОТ және машиналық оқытуды интеграциялау арқылы практикаға бағытталған оқытудың әдістемелік моделі

Біздің ұсынысымыз – машиналық оқытуды Заттар Интернеті (ИОТ) платформалары арқылы оқыту, мысалы, Arduino, Raspberry Pi, ESP32 немесе Makeblock сияқты құрылғыларды пайдалану. Бұл әдіс студенттерге нақты құрылғылармен жұмыс істеу арқылы теорияны практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар датчиктер мен орындаушылардан алынған нақты деректерді өңдеуге үйретеді.

Қорытынды

Қазақстан ЖОО–ларында машиналық оқыту курсы шамамен соңғы он жылдықта жүйелі оқытыла бастады. Алғашқы болып ҚазҰУ, Satbayev University, Назарбаев Университеті, KBTU сынды жетекші оқу орындары енгізсе, кейіннен бұл үрдісті өзге

университеттер де жалғастырды. Бастапқы курстардың мазмұны әлемдік деңгейдегі оқулықтарға сүйеніп жасақталды (мысалы, Кристофер Бишоптың «Pattern Recognition and Machine Learning» және Энрю Нг курстары). Нәтижесінде елімізде жасанды интеллект пен деректер талдауына бейімделген жаңа мамандар буыны қалыптасуда. Ресми дереккөздер де Қазақстан университеттерінде машиналық оқытуды оқыту қарқын алып келе жатқанын растайды. Бұл курс қазіргі таңда IT мамандықтарының маңызды құрамдас бөлігіне айналды және оның алғашқы енгізілуі отандық жоғары білімнің заманауи трендтерге жылдам бейімделгенін көрсетеді.

Зерттеулер көрсеткендей, IOT және жасанды интеллекттің (AI) білім беру саласындағы интеграциясы оқыту сапасын арттыруға, студенттердің белсенділігін жоғарылатуға және оқу ортасын персонализациялауға ықпал етеді. Мысалы, IOT құрылғылары мен AI алгоритмдерін біріктіру арқылы оқу процесін тиімді басқаруға және оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделген оқу жолдарын жасауға болады [1].

Қазақстанда да цифрландыру процесі белсенді түрде жүріп жатыр. Мемлекет 2024 жылдан бастап университеттерде жасанды интеллект бойынша курстар енгізуді жоспарлап отыр, бұл білім беру жүйесінің заманауи технологияларға бейімделуін көрсетеді.

Қорытындылай келе, IOT платформаларын қолдану арқылы машиналық оқыту курсы оқыту студенттердің теориялық білімін нақты тәжірибемен толықтырады, оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Бұл тәсіл Қазақстандағы білім беру жүйесінің цифрландыру стратегиясына сәйкес келеді және болашақ мамандарды даярлауда маңызды қадам болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP23490844).

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Вайзер М. Компьютер XXI века. Международная образовательная конференция. – 1991. – Том 265, № 3. – С. 66–75. <https://clck.ru>
- 2 Корнел К. Роль Интернета Вещей для непрерывного совершенствования в образовании. Hyperion. – 2015. – С. 25–31. <https://kornel.example.com>
- 3 Инициатива глобальных стандартов в Интернете МСЭ. [Электронный ресурс]. – 2015. Режим доступа: <https://www.itu.int/en/ITU-T/gsi/IOT/Pages/default.aspx/> (дата обращения: 16.06.2025).
- 4 Статистическое агентство Statista. [Электронный ресурс]. <https://www.statista.com/> (дата обращения: 16.06.2025).
- 5 Маркус Ж., Гарсия Н., Помбо Н. Достижения в области мобильных облачных вычислений и большие данные в эпоху 5G. – 2017. – Том 22. – С. 115–130. <https://Markus, Zh>
- 6 Маркес Дж., Соларте З., Гарсия А. IOT в области образования: интеграция объектов с виртуальными академическими сообществами. Новые достижения в области информационных систем и технологий. – № 115. Springer International Publishing. – 2016. – С. 201–212. <https://hdl.handle.net/10614/13134>
- 7 Чин Дж., Каллаган В. Образовательные живые лаборатории: новый подход к обучению и исследованиям, основанный на интернет-вещах. 9-я Международная конференция. – 2013. – С. 92–99. <https://clck.ru> (дата обращения: 16.06.2025).
- 8 Perwej Y., Kumar, R., Rani, D., Kumar, D. Transforming Education Through IOT and AI Opportunities and Challenges. Educational Administration Theory and Practice journal. – Volume 30. – 2024. – С. 11610–11622. doi: 10.53555/kuey.v30i5.4982
- 9 Ванг Й. Английская интерактивная обучающая модель, основанная на Интернет-вещах. Международная конференция Вычислительных приложений и Моделирования. – 2010. – Том 13. – С. 587–590. <https://surl.lt/wsdvdy>
- 10 Баракат С. Образование и Интернет всего. Int. Bus. Manag. – 2016. – Том 10. – С. 4301–4303. <https://surl.li/anquzm>
- 11 Камалова Г., Курмангалиева Н., Салгожа И., Турашова Ш., Оспанова Н. Инновационные технологии в области обращения с пластиковыми отходами в образовательных учреждениях. Международный журнал инновационных исследований. – 2025. – 8. – С. 1979–1986. <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4841>
- 12 Эл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті (ҚазҰУ) ресми сайты. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://surl.li/lvwqxs> (дата обращения: 16.06.2025).

13 Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің ресми сайты. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://surl.li/vfxtqg> (дата обращения: 16.06.2025).

14 Oprea M. Integration of Artificial Intelligence in STEM Education through IOT Projects based on Machine Learning // Oprea, Marin. – 2021. – P. 211–221. <https://www.scopus.com/pages/publications/85127229832?origin=resultslist>

15 AQSHAMNEWS.KZ ресми сайты. [Электронды ресурс]. Қаралды: <https://surl.li/gscmaw> (дата обращения: 26.01.2024).

16 Google Forms [Электронды ресурс]. – Қаралды: <https://www.google.com/forms/about/> (қаралған күні: 15.09.2025).

17 Diagrams.net (бұрынғы draw.io) [Электронды ресурс]. – Қаралды: <https://app.diagrams.net/> (қаралған күні: 20.10.2025).

REFERENCES:

1 Vayzer M. (1991). Komp'uter XXI veka [Computer of the 21st Century], Mezhdunarodnaya obrazovatel'naya konferenciya [International Educational Conference], Vol. 265, No. 3, pp. 66–75. <https://clck.ru> (in Russian)

2 Kornel K. (2015). Rol' Interneta Veshchey dlya nepreryvnogo sovershenstvovaniya v obrazovanii [Role of Internet of Things for Continuous Improvement in Education], Hyperion, pp. 25–31. <https://Kornel> (in Russian)

3 Initiativa global'nykh standartov v Internete MSE [Global Standards Initiative in the Internet, ITU]. (2015). [Electronic resource]. Retrieved from <https://www.itu.int/en/ITU-T/gsi/IOT/Pages/default.aspx> (accessed 10.09.2018). (data obrashcheniya: 16.06.2025). (in Russian)

4 Statisticheskoe agentstvo Statista [Statista Statistical Agency]. (2018). [Electronic resource]. Retrieved from <https://www.statista.com/> (data obrashcheniya: 10.09.2018). (in Russian)

5 Markus Zh., Garcia N., Pombo N. (2017). Dostizheniya v oblasti mobil'nykh oblachnykh vychisleniy i bol'shie dannye v epokhu 5G [Advances in Mobile Cloud Computing and Big Data in the 5G Era], Vol. 22, pp. 115–130. <https://Markus, Zh> (in Russian)

6 Marquez D., Solarte Z., Garcia A. (2016). IOT v oblasti obrazovaniya: integratsiya ob'ektov s virtual'nymi akademicheskimi soobshchestvami [IOT in Education: Integration of Objects with Virtual Academic Communities], Novye dostizheniya v oblasti informatsionnykh sistem i tekhnologiy [New Achievements in Information Systems and Technologies], No. 115, Springer International Publishing, pp. 201–212. <https://hdl.handle.net/10614/13134> (in English)

7 Chin J., Callaghan V. (2013). Obrazovatel'nye zhivye laboratorii: novyy podkhod k obucheniyu i issledovaniyam, osnovanny na internete–veshchakh [Educational Living Labs: A New Approach to Learning and Research Based on IOT], 9–ya Mezhdunarodnaya konferenciya [9th International Conference], pp. 92–99. <https://clck.ru/INTERNET OF THINGS> (data obrashcheniya: 16.06.2025). (in Russian)

8 Perwej Y., Kumar R., Rani D., Kumar D. (2024). Transforming Education Through IOT and AI Opportunities and Challenges, Educational Administration Theory and Practice Journal, Vol. 30, pp. 11610–11622. doi: [10.53555/kuey.v30i5.4982](https://doi.org/10.53555/kuey.v30i5.4982) (in English)

9 Wang Y. (2010). Angliyskaya interaktivnaya obuchayushchaya model', osnovannaya na Internete–veshchakh [English Interactive Learning Model Based on IOT], Mezhdunarodnaya konferenciya vychislitel'nykh prilozheniy i modelirovaniya [International Conference on Computational Applications and Modeling], Vol. 13, pp. 587–590. <https://surl.lt/wsdvdlv> (in Russian)

10 Barakat S. (2016). Obrazovanie i Internet vsego [Education and Internet of Everything], Int. Bus. Manag., Vol. 10, pp. 4301–4303. <https://surl.li/anquzm> (in English)

11 Kamalova G., Kurmangaliyeva N., Salgozha I., Turashova Sh., Ospanova N. (2025). Innovatsionnye tekhnologii v oblasti obrashcheniya s plastikovymi otkhodami v obrazovatel'nykh uchrezhdeniyakh [Innovative Technologies in Handling Plastic Waste in Educational Institutions], Mezhdunarodnyy zhurnal innovatsionnykh issledovaniy [International Journal of Innovative Research], Vol. 8, pp. 1979–1986. <https://doi.org/10.53894/ijirss.v8i1.4841> (in Russian)

12 Äl–Farabi atyndaғы Qazaq ulttyq universiteti (QazU) [Al–Farabi Kazakh National University]. (2025). [Electronic resource]. Retrieved from <https://surl.li/lvwqxs> (data obrashcheniya: 16.06.2025). (in Kazakh)

13 Q.I. Sätbaev atyndaғы Qazaq ulttyq tekhnicalyq zertew universiteti [Satbayev Kazakh National Research Technical University]. (2025). [Electronic resource]. Retrieved from <https://surl.li/vfxtqg> (accessed 16.06.2025). (in Kazakh)

14 Oprea M. (2021). Integration of Artificial Intelligence in STEM Education Through IOT Projects Based on Machine Learning, pp. 211–221. <https://www.scopus.com/pages/publications/85127229832?origin=resultslist> (in English)

15 AQSHAMNEWS.KZ. (2024). [Electronic resource]. Retrieved from <https://surl.li/gscmaw> (data obrashcheniya 26.01.2024). (in Kazakh)

16 Google Forms [Elektronnyy resurs]. – Qaraldy: <https://www.google.com/forms/about/> (qaralğan küni: 15.09.2025). (in English)

17 Diagrams.net (bürynғы draw.io) [Elektronnyy resurs]. – Qaraldy: <https://app.diagrams.net/> (qaralğan küni: 20.10.2025). (in English)

УРОВЕНЬ И АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЙ IOT И МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ В ВУЗАХ

Сейдуали К.Б. *, Ошанова Н.Т.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы

*e-mail: kasimseiduali@gmail.com, n.oshanova@abaiuniversity.edu.kz

Аннотация. В условиях стремительного развития цифровых технологий системы высшего образования сталкиваются с необходимостью интеграции передовых решений для повышения качества обучения и подготовки конкурентоспособных специалистов. Одним из таких решений является интернет вещей (IOT) и технологии машинного обучения, которые широко используются в образовательной среде. Интеграция IOT позволит университетам не только автоматизировать инфраструктуру, но и создать интеллектуальное образовательное пространство, обеспечивающее индивидуальный подход к обучению. В свою очередь, машинное обучение открывает возможности для анализа больших образовательных данных, адаптации учебных курсов к индивидуальным траекториям учащихся и прогнозирования их прогресса. Несмотря на очевидные преимущества, внедрение этих технологий в вузах сопровождается рядом вызовов: отсутствием технической базы, недостаточной квалификацией преподавателей, а также отсутствием единых стратегий цифровой трансформации. В данной статье будет рассмотрен текущий уровень внедрения IOT и машинного обучения в университетах Республики Казахстан, проанализированы основные проблемы и предложены возможные пути их решения. Кроме того, в исследовании рассматриваются лучшие практики интеграции данных технологий в мировом образовательном пространстве, что позволяет сравнить уровень цифровизации отечественных вузов с международными трендами. Особое внимание уделяется педагогическим и организационным аспектам внедрения инновационных решений. Результаты анализа могут быть полезны для разработки образовательных программ в университетах и повышения квалификации преподавателей. Представленные выводы и рекомендации направлены на стимулирование более эффективного и системного подхода к использованию IOT и машинного обучения в высшем образовании Казахстана.

Ключевые слова: интернет вещей (IOT), машинное обучение, цифровизация образования, высшее образование, технологии обучения.

ACTUAL PROBLEMS AND THE LEVEL OF IMPLEMENTATION OF IOT AND MACHINE LEARNING TECHNOLOGIES IN UNIVERSITIES

K.B. Seiduali*, N.T. Oshanova

Abai Kazakh National Pedagogical university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: kasimseiduali@gmail.com, n.oshanova@abaiuniversity.edu.kz

Abstract. In the context of the rapid development of digital technologies, higher education systems are faced with the need to integrate advanced solutions to improve the quality of training and train competitive specialists. One such solution is the Internet of Things (IOT) and machine learning technologies, which are widely used in the educational environment. IOT integration allows universities not only to automate infrastructure, but also to create an intelligent educational space that provides a personalized approach to teaching. In turn, machine learning opens up opportunities for analyzing large educational data, adapting training courses to the individual trajectories of students and predicting their progress. Despite the obvious advantages, the introduction of these technologies in higher education is accompanied by a number of challenges: the lack of a technical base, insufficient qualifications of teachers, as well as the lack of unified strategies for digital transformation. This article discusses the current level of implementation of IOT and machine learning in universities of the Republic of Kazakhstan, analyzes the main problems and offers possible ways to solve them. In addition, the study considers the best practices for integrating these technologies in the global educational space, which makes it possible to compare the level of digitalization of domestic universities with international trends. Particular attention is paid to the pedagogical and organizational aspects of the implementation of innovative solutions. The results of the analysis can be useful for developing educational programs at universities and improving the skills of teachers. The proposed conclusions and recommendations are aimed at encouraging a more effective and systematic approach to the use of IOT and machine learning in higher education in Kazakhstan.

Keywords: IOT, machine learning, digitalization of education, higher education, teaching technologies.

СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОҚУ–ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІНДЕ ФРУСТРАЦИЯНЫҢ КӨРІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тохтаров А.М.^{1*} , Тоқсанбаева Н.Қ.² , Шағатаева З.Е.¹ , Утегенов Е.Қ.¹ ,
Заманбеков М.М.¹ 

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.

*e-mail: akniet.mukhtaruly@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада спортшылардың оқу үдерісіндегі фрустрация көріністері әртүрлі қырынан қарастырылады. Фрустрациялық жағдайлар көбінесе спортшылардың жарыс барысында кездесетін кедергілермен байланысты зерттелген. Алдағы уақытта бұл бағыттағы зерттеулердің ауқымы кеңейіп, фрустрациялық күйге байланысты белсенділік танытатын жағдайлар жан–жақты талданатын болады. Алайда, мұндай жағдайлар фрустрация ұғымының шекарасын толық қамти алмайды. Фрустрация терминін түсіндіруге қатысты біраз айқын еместік бар: бұл ұғым сыртқы факторлармен (жағдайлармен) байланысты ма, әлде олардың туындататын психикалық күй немесе жеке реакцияларымен бе? «Фрустрация» терминінің мағынасын ашу да оңай емес. Этимологиялық тұрғыдан алғанда, frustration сөзі жоспардың бұзылуын, мақсаттың жойылуын, яғни белгілі бір деңгейде сәтсіздікке ұшырау арқылы пайда болатын травматикалық жағдайды білдіреді. Фрустрацияның филологиялық түсіндірмесі спортшылардың оқу–жаттығу процесінде жиі ұшырасатын, бірақ әрқашан нақты қабылдана бермейтін құбылысқа сай келеді. Бұл құбылыстың көріну формалары спортшылардың өмірлік қиындықтарға төтеп беру қабілетімен және сол қиындықтарға деген психологиялық реакцияларымен тікелей байланысты. Осыған орай, мақалада қолданылған эмпирикалық зерттеу аясында келесі әдістемелер пайдаланылды: 1. Розенцвейгтің фрустрацияға реакция беру тесті және А.Н. Леонтьевтің өмірлік–мағыналық бағдар тесті; 2. Лазарус ұсынған стресс деңгейін бағалау тесті және дифференциалды эмоциялар шкаласы (ДЭШ); 3. Томас–Килманның қақтығыстарды шешу стратегиялары шкаласы; 4. Л.И. Вассерманның «Әлеуметтік фрустрация деңгейін анықтау» әдістемесі (В.В. Бойко модификациясы).

Зерттеу нәтижелері сауалнама деректері негізінде спортшылардың фрустрациялық жағдайларға бейімділік деңгейін, олардың өмірлік қиындықтарға деген қатынасын және ішкі психологиялық тұрақтылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Спортшылар, оқыту үрдісі, бағалау, фрустрация, теория, кедергілер, психология, әдістер, статистикалық өңдеу.

Кіріспе

Шетелдік психологияда адам агрессиясының мәні мен шығу тегін түсіндіретін кең таралған теориялардың бірі – фрустрация теориясы.

Фрустрация теориясының негізгі тұжырымдамалық ережелері алғаш рет 1939 жылы АҚШ–та Дж. Доллард, Н. Миллер, О. Маурер, Дж. Саерс және Р. Сиерс тарапынан тұжырымдалып, жарияланған. Бұл еңбекте олар адамның мінез–құлқы мен агрессиясының арасындағы байланысқа назар аударып, фрустрацияны мотивациялық процестердің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Н.Д. Левитовтың пікірінше, фрустраторлардың әрекеттерінде жиі кездесетін кейбір типтік күйлерді ажыратуға болады, бірақ олар жеке түрде көрінеді. Фрустраторлар адамның төзімділігімен, оның төзімсізділігімен анықталмайды. Төмен төзімділік пен көңілсіздік болған кезде адамның психикалық күйлері әртүрлі болуы мүмкін және фрустраторлардың күшіне, олардың іс–әрекеттерінің маңыздылығына, оларға деген әдеттеріне байланысты [1]. Қазіргі шетелдік психологияда әртүрлі фрустрацияның көрінуі мынандай теорияларда талданады – фрустрациялық фиксация теориясы, фрустрациялық регрессия теориясы, фрустрациялық агрессия теориясы (Валиуллина Е.В.), фрустрацияның эвристикалық теориясы С. Розенцвейг бойынша, экзистенциалды фрустрация теориясы (В. Франкл) қаралады [2, 3, 4].

Спортсмендердің жоғары оқу орнына түскеннен кейін өмірі көптеген өзгерістерге ұшырайды: дамудың әлеуметтік жағдайы өзгереді, жаңа әлеуметтік рөлдер мен қатынастар игеріледі, студенттік әртүрлі іс-шаралар және оқу іс-әрекеті өзгеріп отырады. Жоғарыда аталған факторлардың салдарынан спортсмендерде фрустрацияның көріну формалары өмірінде айтарлықтай өзгерістер пайда болады, көбінесе психологиялық қиындықтармен бірге жүреді. Өмірдің барлық салаларында студент жағымсыз фрустрациялық тәжірибені тудыратын әртүрлі күрделі жағдайларға тап болады. Психологиялық шиеленісті сипаттайтын негізгі ұғым – фрустрация. Көбінесе спортсмендердің эмоциялық күйін тудыратын фрустрациялық жағдайларды жеңудің конструктивті емес тәсілдерін қалыптастырады. Фрустрация спортсмендердің қарым-қатынасы мен мінез-құлқына теріс әсер етеді, оқу іс-әрекетінің сәттілігін төмендетеді [2].

Фрустрацияны көптеген психологтар Н.Д. Левитов, С. Розенцвейг, Л. Фестингер, К. Роджерс, В.Н. Мясищев, А.Р. Лурия, Н.В. Тарабрина, В.С. Мерлин, А.И. Захаров, Т.В. Мальцева, И.Е. Реуцкая, В.Н. Астапов зерттеген.

Н.Д. Левитов: «Фрустрация – объективті еңсерілмейтін немесе субъективті түрде қабылданатын қиындықтар мен мақсатқа бағытталған мінез-құлықтың ұзаққа созылған бұғаттануынан туындайтын белсенділік пен қарым-қатынастың ұйымдастырылмауынан көрінетін күрделі фрустрациялық және мотивациялық жағдай», – деп анықтама берді [1].

Ал Т.И. Аврамованың фрустрацияны адам өзі және ол үшін маңызды шындық аспектілері арасындағы сәтсіз, нәтижесіз қарама-қайшылықты, ауыр тәжірибелерді тудыратын: сәтсіздіктер, қанағаттандырылмаған қажеттіліктер, орындалмаған мақсаттар, орны толмас шығындар деп анықтады [5].

Көңілсіз жағдайдан және онымен байланысты тәжірибелерден ұтымды, нәтижелі жолды таба алмау жеке тұлғаның күйзелісіне, өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, өзіне деген сенімділіктің жоғалуына және т.б әкеледі. Сонымен мұнда Дубовицкая Т.Д., Эрбегеева А.Р. фрустрацияның жеке тұлғаға әсері туралы жазады, бұл фрустрацияның әсері сындарлы да, деструктивті де болуы мүмкін екенін көрсетеді, бірақ егер соңғы нұсқа сындарлы жол болса (күш-жігерді күшейту, мақсатқа жету құралдарын ауыстыру, мақсатты ауыстыру, фрустрация жағдайынан шығу жағдайын қайта бағалау), мақсатқа жетуге әкелмейді және шиеленіс күшейе береді. Фрустрацияға жеке төзімділік шегінің қозу деңгейіне жеткенде деструктивті салдарлар пайда болады: агрессия және жағдайдан қашу [6].

Спортсмендердің фрустрацияға реакция түрі әртүрлі болуы мүмкін. Спортсмендердің оқыту процесін бағалауда фрустрацияның көріну формаларына байланысты көңілсіздік дәрежесі, темперамент түрі, жеке адамның өзгеше табиғаты, оқыту процесін, оның дамуы, таным, жас, өмірлік тәжірибе, бағалау талаптардың деңгейі, әлеуметтік өлшемдермен, жеке тұлғаның идеялық бағытымен байланысты.

Белгілі бір күн тәртібін, тәуелсіздікті қажет ететін студенттік өмір толыққанды және интеллектуалды даму аясында шешім қабылдауда, мен-тұжырымдаманы және әлеуметтік-психологиялық бәсекелестікті бекіту жағдайында көңілсіздік көзі бола алады. Т.Д. Дубовицкая, А.Р. Эрбегеева пікірінше, спортшылардың ашулануы көбіне жарыс жағдайындағы эмоционалдық шиеленіспен байланысты:

- 1) өз құрдастарынан төмен;
- 2) сынды әділетсіз деп қабылдайды;
- 3) өз қоғамына сәйкес келуіне байланысты мазасыздықты сезінеді;
- 4) кемшілік кешені;
- 5) өз мүмкіндіктерінен төмен болғанда [7].

3. Фрейд үшін фрустрация – бұл қанағаттандыру объектісінің жоқтығынан немесе суперэго талаптарының салдарынан «идеалды» қажеттілікті қанағаттандыра алмау. Ал В.С.Собкин, Т.А. Лыкова: «Фрустрация – қайшылықты тенденциялармен, мотивациялық-семантикалық формациялар мен жеке тұлғаның мүмкіндіктері арасындағы диссонанспен сипатталатын феноменологиялық көп қырлы психологиялық құбылыс», – дейді [8].

Бұл жағдайлар, яғни фрустрациялық күйлер мен эмоциялар, көбіне адам үшін маңызды қажеттіліктердің қанағаттанбауынан немесе өмірлік мәні бар мақсаттарға жете алмаудан туындайды. Мұндай күй адамның жақын қарым-қатынастарындағы бұзылыстармен, жақын адамынан айырылумен немесе тұлғааралық қақтығыстармен байланысты болуы мүмкін. Кейде мұндай эмоциялық шиеленістер адамның ерік-жігерінен тыс, «жағдай бізден күштірек» деген сезім тудыратын сыртқы факторлардың әсерінен де өршиді.

Фрустрация – бұл өте кең ұғым, өйткені объективті және субъективті факторлардың айтарлықтай саны бұзылған күйлерді тудырады. Бұл құбылыстың күрделілігі мен көп қырлылығы зерттеуді қиындатады. Көңілсіз күйлерге алаңдаушылық, депрессия және тітіркену жатады.

Бұл күйлер бір мезгілде болуы мүмкін, мысалы, реніш («өзінді аяу» және «ашулану») сияқты күрделі сезім. Фрустрация жеке маңызды мотив қанағаттанбаған жағдайда пайда болады, ал пайда болған эмоциялар – алаңдаушылық, депрессия, тітіркену – эмоциялық жарақаттанушылық әсер етеді. Міне осындай фрустраторлар фрустратариялық жағдайларға әкелуі мүмкін. Бұл өз кезегінде ЖОО спортсмендерінің оқу үлгерімінің нашарлануына, топтағы спортсмендерді түсінбеу, мұғалімдері және де ата-аналары арасындағы қарым-қатынасқа жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар фрустрациялық жағдай спортсмендерде мазасыздықтың туындауына себеп болуы мүмкін.

ЖОО дағы мазасыздыққа ықпал ететін факторлар әртүрлі және әр студент үшін әрқалай болуы мүмкін. Міне, олардың кейбіреулері Т.А. Егоренко, А.В. Лобанова, Д.В. Чумаченконың еңбегінде былай сипатталады:

- академиялық қысым: ата-аналардың, мұғалімдердің тарапынан болатын немесе студенттің өзіне деген жоғары үміттері мен мақсаттарының орындалмай қалуына байланысты алаңдаушылық пен стрессті тудыруы мүмкін.
- сәтсіздік, қорқыныш немесе төмен баға алудан қорқу мазасыздыққа әкелуі мүмкін;
- әлеуметтік факторлар: достарымен немесе мұғалімдерімен қарым-қатынас мәселелері, қорқыту, оқшаулану немесе құрдастарынан бас тарту студентті алаңдатуы мүмкін;
- отбасылық факторлар: тұрмыстық зорлық – зомбылық, ата-ананың ажырасуы, отбасылық қақтығыстар немесе басқа стресстік оқиғалар студенттің эмоциялық жағдайына әсер етіп, мазасыздықты тудыруы мүмкін;
- перфекционизм: мінсіз болуға ұмтылу, қателесуден қорқу немесе үміттерді ақтамау, сәйкес келмеу мазасыздыққа әкелуі мүмкін;
- өзін-өзі бағалаудың төмендігі: өзін-өзі теріс бейнелеу, өз қабілеттері мен дағдыларына деген сенімділіктің болмауы [9].

Сонымен, фрустрация – еңсерілмейтін қиындықтардан туындаған мінез-құлықтан көрініс беретін психикалық күй. Фрустрация өкініш, ашу, жабырқау, қайғы, кінә сияқты эмоциялар арқылы көрінеді. Студенттің өмірі университетте көптеген өзгерістерге ұшырайтындықтан, ол фрустрациялық күй кешуі мүмкін. Фрустрация өз кезегінде оқу үлгерімінің нашарлануына, агрессияға, қорқынышқа, өзін-өзі бағалауының төмендеуіне әкеледі.

Студентке қойылатын талаптар неғұрлым жоғары болса, оның мамандыққа дайындық деңгейі соғұрлым жоғары болады деп саналады. Жоғары оқу орнындағы спортсмендердің психологиялық қызметтің негізгі бағыттарының ішінде олардың психикалық дамуы мен жеке ерекшеліктерін диагностикалау ерекше орын алады. С.М. Жақыпов атап өткендей: «Психодиагностика мәселерінің психологиялық себептерін, жекелеген студенттерді оқыту мен тәрбиелеудегі қиындықтарды анықтау, олардың даму ерекшеліктерін бақылау бойынша қазіргі уақытта университеттің психологиялық қызметінің жұмысында негізгі орын алады» [10].

Ал осы зерттеуді Е.И. Шлягинаның еңбегінде фрустрация топтық және жеке аффилиация дәрежесін төмендетеді және педагогика тұрғысынан бұл жағдай қауіптер мен тосын сыйларға толы. Мектеп топтарында ол – жанжалды жағдайлар, өткір тұлғааралық қатынастар, топтық құндылықтардың деградациясы, бұл, әрине, оқу үлгерімін, сабаққа қатысуды төмендетеді [11].

Психологиялық тұрғыдан алғанда, оқу мен спорттағы эмоционалдық күй студенттің жетістігіне тікелей әсер етеді. Pekrun R. және әріптестері академиялық эмоциялар адамның өзін-өзі реттеу қабілеті мен оқу мотивациясын қалыптастыратынын атап көрсетеді [12]. Ал Zeidner M. оқу жағдайындағы тест мазасыздығы мен эмоционалдық қысым студенттің тиімділігін төмендететінін айтады [13].

Руан мен Десі ұсынған өзін-өзі анықтау теориясына сәйкес, адамның ішкі мотивациясы мен психологиялық саулығы автономия, құзыреттілік және әлеуметтік байланыс сезіміне тәуелді [14]. Осы қажеттіліктердің бұзылуы фрустрациялық реакциялардың күшеюіне және тұлғаның эмоциялық тұрақтылығын жоғалтуына әкелуі мүмкін.

Фрустрацияны жеңуге көмектесетін бірқатар жағдайларды анықтауға болады. Оларға: тұрақты құндылықтар жүйесінің болуы, бейімделгіштік пен икемділік, өмірге деген оптимистік көзқарас, өз қалауы мен эмоцияларын басқара білу, күшті ерік қасиеттерін дамыту, өзін-өзі адекватты бағалау және туындаған мәселелерді уақытылы шешу жатады.

Материалдар мен әдістер

Бұл мақалада фрустрация деңгейін, күресу стратегияларын және олардың оқудағы табысты және сәтсіз спортсмендердің жеке қасиеттерімен байланысын зерттеу нәтижелері келтірілген. 290 бірінші курс спортсмендерінен тұратын үлгіде фрустрация деңгейі мазасыздықпен, қаттылықпен, агрессивтілікпен, шиеленіспен, консерватизммен оң корреляцияланатыны және де қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау деңгейі, эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі бақылау, мінез-құлық нормативтілігі, радикализм, интернационалдылық деңгейі және кәсіби фокуспен теріс корреляцияланатыны анықталды. Қысқы сессиядан кейін спортсмендердің алдыңғы сессияаралық кезеңдегі көңілсіздік деңгейі неғұрлым жоғары болса, олардың орташа ұпайы соғұрлым төмен болатындығы анықталды. Осыған байланысты ішкі және сыртқы фрустраторларға – табысты оқуды қиындататын кедергілерге, сондай-ақ туындайтын қиындықтарды сәтті жеңуді қамтамасыз ететін жеке қасиеттерді дамыту қажеттілігіне ерекше назар аударылады.

Жоғары жетістіктерге жеткен спортшыларға қарағанда, төмен нәтижелі спортшылардың психологиялық жағдайы мен мінез-құлық ерекшеліктері ғылыми зерттеулерде дерлік қарастырылмайды.

Бұл үшін бөлінген уақытта сессиядан өтпеген спортсмендер, әдетте, тек статистикалық есептілікке түсіп, үлгермегені үшін оқудан шығарылады. Егер талапкер түсу емтихандарын тапсыра алса, онда ол университетте кем дегенде «қанағаттанарлық» оқуға қабілетті деп саналады. Ол үшін ол, ең алдымен, тәртіпті, адал және жауапты болуы керек; заманауи жоғары оқу орындарын әдістемелік және техникалық жабдықтау кез келген оқу ақпаратына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, маман даярлау сапасы университетте оқу кезінде оған қойылатын талаптардың деңгейімен де байланысты.

Теориялық бөлімде фрустрация феномені, оның себептері мен салдары, сондай-ақ өзін-өзі бағалаудың қалыптасу ерекшеліктері қарастырылды. Алайда, бұл ұғымдардың өзара байланысын толық түсіну үшін тәжірибелік зерттеу жүргізу қажеттілігі туындады. Осыған орай, бұл жұмыстың тәжірибелік бөлігінде 1. Розенцвейгтің фрустрация реакциялары тесті, Леонтьевтің өмірлік-мағыналық бағдарлық тесті; 2. Лазарустың стресс деңгейін анықтау тесті, дифференциалды эмоциялар шкаласы (ДЭШ); 3. Томас–Килман қақтығыстарды шешу стратегиялары шкаласы; 4. Л.И. Вассерманның «Әлеуметтік фрустрация деңгейін айқындау» әдістемесі (В.В. Бойко модификациясы) қолданылды.

Розенцвейгтің фрустрация реакциялары тесті – адамның сәтсіздік жағдайларына және қызметіне немесе қажеттіліктерін қанағаттандыруға кедергі келтіретін жағдайларға реакциясын зерттеуге арналған проективті әдіс. Бұл тест 1945 жылы Саул Розенцвейгпен әзірленген. Тест 24 суреттен тұрады, онда әр кейіпкер фрустрациялық жағдайға тап болғаны бейнеленген. Әр суретте сол жақта тұрған кейіпкер сөз арқылы өз фрустрациясын немесе басқа адамның фрустрациясын сипаттайды. Оң жақта тұрған кейіпкердің үстінде бос төртбұрыш бар, оған зерттелуші өзінің жауабын жазуы керек. Кейіпкерлердің бет-әлпетінің ерекшеліктері мен

мимикасы бейнеленбеген, бұл осы белгілерді зерттелушінің өзі проективті түрде толтыруына мүмкіндік береді. Бұл тест адамның фрустрация жағдайларына қалай жауап беретінін, стресстік жағдайда қандай мінез-құлықты таңдайтынын және оның ішкі психологиялық жағдайын тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

Эксперименттік зерттеудің мақсаты – спортсмендердегі фрустрациялық жағдайларда пайда болатын мінез-құлық ерекшеліктерін анықтап, олардың жеке тұлғалық сипаттамалары мен өмірлік мағынасының арасындағы байланысты талдау. Бұл бөлімде қолданылған тағы да бір негізгі әдістемелердің бірі – Д.А. Леонтьевтің «Өмірдің мағыналық-бағдарлық» (СЖО) тесті болды. «Әлеуметтік фрустрация деңгейін айқындау» әдістемесі (В.В. Бойко модификациясы) адамның әлеуметтік жағдайлардағы фрустрация деңгейін анықтау мақсатында қолданылатын психологиялық әдіс болып табылады. Бұл әдіс тұлғаның әртүрлі әлеуметтік жағдайлардағы кедергілерге, қиындықтарға және тосқауылдарға деген реакцияларын зерттейді. В.В. Бойко модификациясы зерттеу нәтижелерінің нақтылығын арттыру үшін нақты әлеуметтік жағдайлармен байланысты сұрақтар мен тапсырмаларды ұсынады. Әдіс әлеуметтік фрустрацияның деңгейін, оның ықпалын және тұлғалық ерекшеліктерді талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Спортсмендерде М(О–D) жауаптарының пайызы жоғары. Реакцияның бұл түрі адамның мінез-құлқы фрустрацияны бастан кешіру, жағдайды байыппен қабылдамау және өзара әрекеттесуді тоқтатуға ұмтылу процесін басу немесе азайтуға бағытталғанын көрсетеді. Күнделікті өмірде мұндай әрекет ету тәсілі стресске төзімділіктің жоғары деңгейін көрсетуі мүмкін. Біз реакцияның бұл түрінің оң бағасы күнделікті өмірге қатысты екенін атап өтеміз.

Lazarus R.S. эмоция мен стресс өзара тығыз байланысты және адамның когнитивтік бағалау процесі арқылы анықталатынын көрсеткен [15]. Бұл тұрғыдан алғанда, спортсмендердің фрустрациялық реакциялары олардың жеке тәжірибесін қалай бағалайтынына және оны қаншалықты бақылай алатынына тәуелді

Кесте 1–де көрсетілгендей, спортсмендерде М(О–D) жауаптарының пайызы жоғары. Бұл нәтиже фрустрациялық жағдайды елемеу және өзара әрекеттесуді азайтуға ұмтылу тенденциясын көрсетеді.

Кесте 1 – Розенцвейг тесті бойынша студент спортсмендердің арасындағы реакция түрлері мен бағыттарының комбинацияларының орташа мәндері (%)

Реакция бағыты	Реакция типтері		
	О–D –кедергіге бекіту	Е–D –өзін-өзі қорғауға бекіту	Н–Р – рұқсатқа бекіту
Е – экспраунитивті	12,7	16,8	15,7
І – интраунитивті	1,5	11,1	11,2
М – импунитивті	18,2	7,5	5,5

Ескерту: Кесте авторлық зерттеу нәтижелері бойынша Розенцвейгтің фрустрация реакциялары тесті негізінде құрастырылған.

Алынған деректерді талдау фрустрацияға реакциялардың бағыттары мен түрлерінің ең көп тараған комбинацияларын анықтауға мүмкіндік береді:

М(О–D) – фрустрациялық жағдайды елемеу ниеті;

Е(Е–D) – дұшпандық, басқаларды кінәлау;

Е(Н–Р) – басқа адамдардан мәселенің шешімін күту;

Е(О–D) – фрустрациялық жағдайды эмоциялық жағымсыз бағалау.


Спортсмендерде М(О–D) жауаптарының пайызы жоғары. Реакцияның бұл түрі адамның мінез-құлқы фрустрацияны бастан кешіру, жағдайды байыппен қабылдамау және

өзара әрекеттесуді тоқтатуға ұмтылу процесін басу немесе азайтуға бағытталғанын көрсетеді. Күнделікті өмірде мұндай әрекет ету тәсілі стресске төзімділіктің жоғары деңгейін көрсетуі мүмкін. Біз реакцияның бұл түрінің оң бағасы күнделікті өмірге қатысты екенін атап өтеміз.

Респонденттердің жауаптарында экстрапунитивті реакциялардың барлық түрлері көрсетілгені назар аудартады. Жалпы алғанда, олар барлық басқа нұсқалардың жартысына жуығын құрайды – 45,2%. Реакцияның мұндай сыртқы бағыты, бір жағынан, қақтығыстың дамуына, екінші жағынан, фрустрациялық жағдайдың басқа қатысушыларымен байланысын сақтауға ықпал етеді. Бұл жалпы тенденция студент–спортсмендердің серіктеспен өзара әрекеттесуімен байланысты мінез–құлық нұсқаларының толық спектрін: жағымсыз тәжірибені білдіруден, қарсыласпен мәселені шешуге талап қоюдан бастап, қарсыласқа бағытталған агрессия арқылы өзін–өзі қорғауға дейін қолдануға дайындығын көрсетеді. Интрапунитивтік реакциялардың үлесі айтарлықтай аз. Олар өзін кінәлау және кінәлі сезіну арқылы өзін–өзі қорғауға немесе жағдайды өз бетімен шешуге дайын болуға бағытталған.

Ал келесі әдістеме бойынша сауалнама нәтижелері арқылы спортсмендердің фрустрациялық жағдайларға қаншалықты бейім екенін, олардың өмірлік мақсаттарына деген көзқарастарының қалыптасуын және ішкі тұрақтылығын бағалауға болады.

Жүргізілген әдістеме бойынша спортсмендердің өзін–өзі бағалау деңгейлері төрт негізгі өлшем бойынша зерттелді: адекваттылық, тұрақтылық, өзін–өзі қабылдау және жалпы бағалау. ҚазҰУ–дың және Тұран университетінің дене шынықтыру сабағындағы спорттық жетістігі бар спортсмен–студенттерге жүргізілген зерттеудің нәтижесі (1 сурет):



Сурет 1 – Л.И. Вассерманның «Әлеуметтік фрустрация деңгейін айқындау» әдістемесі (В.В. Бойко модификациясы)

Бұл психологияда әлеуметтік фрустрацияны зерттеуге арналған құрал болып табылады. Бұл әдістеме Л.И. Вассерманмен 1970–ші жылдары құрастырылды, ал кейін В.В. Бойко оны 1980 жылдары модификациялап, кеңінен қолдануға бейімдеді. Тест нәтижелерін салыстырып, қатысушының қақтығыстарды шешу қабілетін дамытуға арналған жеке ұсыныстар беріледі.


И.В. Абаева мен В.Л. Ситниковтың құндылық – мағыналық және фрустрацияның танымдық белсенділікке әсері туралы зерттеулерінде, әртүрлі жағдайларда агрессия мүлдем туындамауы мүмкін, өйткені фрустрацияның өзі агрессияны тудырмайды, тек оның пайда болуының алғышарттарын қамтамасыз етеді. Осылайша, агрессия әрқашан фрустрацияның салдары болып табылады [16]. Кесте 2–де көрсетілгендей, ҚазҰУ және Тұран университеті спортшы–студенттерінің қақтығыстарды шешу стратегияларында айырмашылықтар бар. Бұл мәліметтер Томас–Килманның қақтығыстарды шешу шкаласы бойынша алынған сауалнама нәтижелеріне негізделген.

Кесте 2 – Томас–Килман Шешу Стратегиялары Шкаласы (ТКИ) бойынша ҚазҰУ және Тұран университетінің спортсмен – студенттерінен алынған сауалнама нәтижелері:

Қақтығыстарды шешу тәсілдері	КН университет%	ТТ университет%
Бәсекелестік А	65%	55%
Ыңғайласу В	60%	65%
Бейтараптану В	20%	30%
Ынтымақтастық А	70%	75%
Компромисс А+В	75%	70%

Ескерту: Кесте Томас–Килманның «Қақтығыстарды шешу стратегиялары» шкаласы негізінде жүргізілген авторлық зерттеу нәтижелері бойынша құрастырылған.

КН университет Спортсмендері қақтығыстарды белсенді түрде шешуге көбірек бейім, өз көзқарастарын қорғауда және компромисс іздеуде көш бастап тұр. **ТТ университеті** спортсмендері де белсенді шешім қабылдауға қабілетті, бірақ олардың кейбірі қақтығыстарды айналып өтуге және ымыраға келуге көбірек бейім (2 сурет).



Сурет 2 – В формуласы спортсмен – студенттердің пассивті тәсілдерін (ыңғайласу мен бейтараптану) және компромисске жартылай бейімділігін көрсетеді

– **КН университетте** $V = 117.5$: Бұл Спортсмендердің пассивті тәсілдерге аз бейімді екенін білдіреді.

– **ТТ университетте** $V = 130.0$: **КН университетімен** салыстырғанда пассивті тәсілдерге сәл жоғарырақ бейімділік бар.

Қорытынды

Жоғары оқу орнында фрустрациялық жағдайлардың пайда болуы студенттерде мазасыздықтың, ішкі шиеленістің және алаңдаушылықтың артуына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайлар көбіне оқу процесіндегі қиындықтармен, өзара қарым–қатынас мәселелерімен және жоғары талаптармен байланысты туындайды. Бұл құбылыс кеңінен таралған және ол студенттердің эмоционалдық тұрақтылығына, әлеуметтік бейімделуіне, сондай–ақ академиялық жетістіктеріне кері әсерін тигізеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жоғары оқу орнындағы фрустрациялық жағдайлар студент–спортсмендердің психологиялық тұрақтылығына, эмоционалдық жағдайына және оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Фрустрация көбіне оқу жүктемесінің артуы, академиялық қысым, әлеуметтік бейімделу қиындықтары мен өзін–өзі бағалаудың төмендігі сияқты факторлармен тығыз байланысты.

Зерттеу барысында Розенцвейгтің фрустрацияға реакция беру тесті мен басқа да психодиагностикалық әдістемелер нәтижелері спортсмендердің фрустрациялық жағдайларда өзін ұстау ерекшеліктерін, олардың бейімделу және эмоциялық реттеу деңгейін анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижелерге сүйенсек, көптеген студент–спортсмендер фрустрацияны жеңу барысында импунитивті және экстрапунитивті реакциялар типін көрсетеді, бұл олардың стресске төзімділік пен өз сезімін басқару қабілетін көрсетеді.

Сонымен қатар, алынған деректер студенттердің әлеуметтік фрустрация деңгейінің жоғары болуы олардың академиялық мотивациясына, топ ішіндегі өзара қатынасына және өзіндік сенімділігіне кері әсер ететінін көрсетті. Бұл өз кезегінде оқу үлгерімінің төмендеуіне, психологиялық шиеленіс пен мазасыздықтың артуына себеп болуы мүмкін.

Фрустрациялық жағдайлардың алдын алу мен оларды еңсеру үшін университет деңгейінде психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру, студенттердің эмоционалдық интеллектісін дамыту, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру маңызды. Тұлғаның ішкі тұрақтылығын арттыратын факторлар – өмірлік мағыналарды анықтай білу, оптимистік көзқарас, өзін адекватты бағалау және қиындықтарға бейімделу икемділігі – фрустрацияны конструктивті түрде жеңуге мүмкіндік береді.

Бұл тұжырым Pekun R. мен Ryan & Deci еңбектерінде сипатталған оқу эмоциялары мен ішкі мотивацияның өзара байланысын растайды. Олардың пікірінше, студенттің ішкі уәжін қолдау және позитивті эмоциялық фон құру фрустрацияның деструктивті әсерін азайтып, оқу мотивациясын күшейтеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері фрустрация феноменінің спорттық және оқу қызметіндегі рөлі күрделі әрі көпқырлы екенін дәлелдейді. Ол студент–спортсмендердің тұлғалық дамуында, мінез–құлық стратегиясында және әлеуметтік өзара әрекетінде маңызды психологиялық көрсеткіш болып табылады. Сондықтан болашақ зерттеулер фрустрацияны реттеу мен оны тиімді басқару жолдарын тереңірек зерделеуге бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Левитов Н.Д. Фрустрация как один из видов психических состояний // Вопросы психологии. – 1967. – № 6. – С. 118–126.
- 2 Багаева В.В. Стратегия поведения в конфликте // Современные тенденции экономики и права (СТЭЖ). – 2015. – № 1 (20). – С. 91–92. <https://cyberleninka.ru/article/n/strategii-povedeniya-v-konflikte> (дата обращения: 25.09.2025).
- 3 Баркер Р. Фрустрация, конфликт, защита // Вопросы психологии. – 1991. – № 6. – С. 69–83.
- 4 Валиуллина Е.В. Взаимосвязь конфликтоустойчивости и фрустрации личности // Вестник психологии и педагогики Алтайского государственного университета. – 2020. – № 1. – С. 1–9.
- 5 Аврамова Т.И. Исследование фрустрации у студентов // Известия Самарского научного центра Российской академии наук. – 2010. – Т. 12, № 5 (2). – С. 348–352.
- 6 Донскова Е.С. Особенности фрустрационного поведения леворуких детей младшего школьного возраста // Психологическая наука и образование. – 2022. – Т. 27, № 4. – С. 5–14. 1 Левитов Н. Д. Фрустрация как один из видов психических состояний // Вопросы психологии. – 1967. – № 6. – С. 118–126.
- 7 Дубовицкая Т.Д., Эрбегеева А.Р. Особенности фрустрации и стратегий преодоления у студентов с трудностями в учебе // Психологическая наука и образование (электронный журнал). – 2010. – № 1. – С. 43–51. URL: <https://psyjournals.ru/psyedu/2010/n1/26550> (дата обращения: 25.09.2025).
- 8 Собкин В.С., Лыкова Т.А. Личностные особенности и реакции на фрустрацию (по результатам исследования студентов–актеров) // Консультативная психология и психотерапия. – 2018. – Т. 26, № 1. – С. 7–28. DOI: 10.17759/cpp.2018260102.
- 9 Егоренко Т., Лобанова А.В., Чумаченко Д.В. Опросник «Школьная тревожность» Б. Филлипса: результаты стандартизации русскоязычной версии // Вестник практической психологии образования (сетевой журнал). – 2023. – Т. 20, № 3. – С. 39–54. DOI: 10.17759/bppe.2023200304.
- 10 Жақыпов С. М. Оқыту процесіндегі танымдық іс–әрекет психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 218 б.
- 11 Шлягина Е.И. Особенности фрустрации и стратегий преодоления у студентов с трудностями в учебе // Психолого–педагогические исследования. – 2010. – Т. 2, № 1. – URL: https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010_n1/26550 (дата обращения: 25.09.2025).

12 Pekrun R., Goetz T., Titz W., Perry R.P. Academic emotions in students' self-regulated learning and achievement: A program of qualitative and quantitative research // *Educational Psychologist*. – 2002. – Vol. 37, № 2. – P. 91–105. DOI: 10.1207/S15326985EP3702_4

13 Zeidner M. Test anxiety in educational contexts: Concepts, findings, and future directions // *Emotion in Education*. – 2007. – P. 165–184.

14 Ryan R.M., Deci E.L. Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being // *American Psychologist*. – 2000. – Vol. 55, № 1. – P. 68–78. DOI: 10.1037/0003-066X.55.1.68

15 Lazarus R.S. *Stress and emotion: A new synthesis*. – New York: Springer, 1999. – 336 p. DOI: 17759/pse.2022270401

16 Абаева И.В., Ситников В.Л. Ценностно-смысловые отношения и фрустрация познавательной активности старших подростков // *Психология и право*. – 2016. – № 2. – URL: https://psyjournals.ru/journals/psylaw/archive/psylaw_2016_n2.pdf (дата обращения: 25.09.2025).

REFERENCES:

1 Levitov N.D. (1967). Frustratsiya kak odin iz vidov psikhicheskikh sostoyaniy [Frustration as one of the types of mental states], *Voprosy Psikhologii*, no. 6, pp. 118–126. (in Russian).

2 Bagaeva V.V. (2015). Strategiya povedeniya v konflikte [Strategy of behavior in conflict], *Sovremennye Tendentsii Ekonomiki i Prava (STEZh)*, no. 1(20), pp. 91–92. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategii-povedeniya-v-konflikte> (accessed 25.09.2025). (in Russian).

3 Barker R. (1991). Frustratsiya, konflikt, zashchita [Frustration, conflict, defense], *Voprosy Psikhologii*, no. 6, pp. 69–83. (in Russian).

4 Valiullina E.V. (2020). Vzaimosvyaz' konfliktoustoychivosti i frustratsii lichnosti [The relationship between conflict resilience and personality frustration], *Vestnik Psikhologii i Pedagogiki Altayskogo Gosudarstvennogo Universiteta*, no. 1, pp. 1–9. (in Russian).

5 Avramova T.I. (2010). Issledovanie frustratsii u studentov [Study of frustration in students], *Izvestiya Samarskogo Nauchnogo Tsentra RAN*, vol. 12, no. 5(2), pp. 348–352. (in Russian).

6 Donskova E.S. (2022). Osobennosti frustratsionnogo povedeniya levorukikh detey mladshego shkolnogo vozrasta [Features of frustration behavior of left-handed primary school children], *Psikhologicheskaya Nauka i Obrazovanie*, vol. 27, no. 4, pp. 5–14. DOI: 10.17759/pse.2022270401. (in Russian).

7 Dubovitskaya T.D., Erbegeeva A. R. (2010). Osobennosti frustratsii i strategiy preodoleniya u studentov s trudnostyami v uchebe [Features of frustration and coping strategies in students with learning difficulties], *Psikhologicheskaya Nauka i Obrazovanie (Electronic journal)*, no. 1, pp. 43–51. Available at: <https://psyjournals.ru/psyedu/2010/n1/26550> (accessed 25.09.2025). (in Russian).

8 Sobkin V.S., Lykova T. A. (2018). Lichnostnye osobennosti i reaksii na frustratsiyu (po rezultatam issledovaniya studentov–akterov) [Personality traits and reactions to frustration (based on a study of acting students)], *Konsultativnaya Psikhologiya i Psikhoterapiya*, vol. 26, no. 1, pp. 7–28. DOI: 10.17759/cpp.2018260102. (in Russian).

9 Egorenko T.A., Lobanova A.V., Chumachenko D.V. (2023). Oprosnik “Shkolnaya trevozhnost” B. Fillipsa: rezultaty standartizatsii russkoyazychnoi versii [The “School Anxiety” questionnaire by B. Phillips: results of standardization of the Russian version], *Vestnik Prakticheskoy Psikhologii Obrazovaniya (Online journal)*, vol. 20, no. 3, pp. 39–54. DOI: 10.17759/bppe.2023200304. (in Russian).

10 Zhakypov S.M. (2008). Oqytu protsesindegi tanymdyq is–areket psikhologiyasy [Psychology of cognitive activity in the learning process], *Almaty: Qazaq Universiteti*, 218 p. (in Kazakh).

11 Shlyagina E.I. (2010). Osobennosti frustratsii i strategiy preodoleniya u studentov s trudnostyami v uchebe [Features of frustration and coping strategies in students with learning difficulties], *Psikhologo–Pedagogicheskie Issledovaniya*, vol. 2, no. 1. Available at: https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010_n1/26550 (accessed 25.09.2025). (in Russian).

12 Pekrun R., Goetz T., Titz W., Perry R. P. (2002). Academic emotions in students' self-regulated learning and achievement: A program of qualitative and quantitative research, *Educational Psychologist*, vol. 37, no. 2, pp. 91–105. DOI: 10.1207/S15326985EP3702_4.

13 Zeidner M. (2007). Test anxiety in educational contexts: Concepts, findings, and future directions, in *Emotion in Education*, pp. 165–184.

14 Ryan R.M., Deci E.L. (2000). Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being, *American Psychologist*, vol. 55, no. 1, pp. 68–78. DOI: 10.1037/0003-066X.55.1.68.

15 Lazarus R.S. (1999). *Stress and Emotion: A New Synthesis*, New York: Springer, 336 p.

16 Абаева И.В., Ситников В. Л. (2016). Tsennostno–smyslovye otnosheniya i frustratsiya poznavatel'noy aktivnosti starshikh podrostkov [Value–semantic relations and frustration of cognitive activity of older adolescents], *Psikhologiya i Pravo*, no. 2. Available at: https://psyjournals.ru/journals/psylaw/archive/psylaw_2016_n2.pdf (accessed 25.09.2025). (in Russian).

ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ ФРУСТРАЦИИ В УЧЕБНО–ТРЕНИРОВОЧНОМ ПРОЦЕССЕ СПОРТСМЕНОВ

Тохтаров А.М.^{1,*}, Тоқсанбаева Н.К.², Шағатаева З.Е.¹, Утегенов Е.К.¹, Заманбеков М.М.¹

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан,
г. Талдыкорган

²Казахский национальный университет имени аль–Фараби, Республика Казахстан,
г. Алматы

*e–mail: akniet.mukhtaruly@mail.ru

Аннотация. В статье рассматриваются различные формы проявления фрустрации в процессе обучения спортсменов. Фрустрационные состояния чаще всего исследуются в контексте преодоления трудностей в соревновательной деятельности. В будущем планируется расширение исследований в этом направлении, включая анализ активности, связанной с фрустрацией. Однако такие случаи не охватывают всего спектра феномена фрустрации. Существует некоторая неопределенность в понимании самого термина «фрустрация»: относится ли он к внешней причине (ситуации), либо к вызываемой ею реакции (психическое состояние или индивидуальные поведенческие ответы). С филологической точки зрения слово *frustration* означает срыв планов, утрату намерений, то есть травматическую ситуацию, связанную с неудачей в достижении цели. В этом смысле, проявления фрустрации в учебно–тренировочном процессе спортсменов близки к общепринятому, но не всегда однозначно воспринимаемому понятию. Формы фрустрации у спортсменов могут рассматриваться как часть более широкой проблемы устойчивости к жизненным трудностям и реакций на них. В практической части исследования были использованы следующие методики: 1. Тест фрустрационных реакций Розенцвейга и тест жизненных смыслов А.Н.Леонтьева; 2. Оценка уровня стресса по Лазарусу и шкала дифференциальных эмоций (ШДЭ); 3. Шкала стратегий разрешения конфликтов Томаса–Килмана; 4. Методика определения уровня социальной фрустрации Л.И.Вассермана (в модификации В.В. Бойко).

Результаты исследования позволяют, на основе анкетных данных, оценить степень склонности спортсменов к фрустрации, их отношение к жизненным целям и уровень внутренней устойчивости.

Ключевые слова: Спортсмены, процесс обучения, оценка, разочарование, теория, препятствия, психология, методы, статистическая обработка.

PECULIARITIES OF FRUSTRATION MANIFESTATION IN ATHLETES' TRAINING AND EDUCATIONAL PROCESS

A.M. Tokhtarov^{1,*}, N.K. Toxanbayeva², Z.E. Shagatayeva¹, E.K. Utegenov¹, M.M. Zamanbekov¹

¹Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

²Al–Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e–mail: akniet.mukhtaruly@mail.ru

Abstract. The article explores various forms of frustration manifestations in the training process of athletes. Frustration is most commonly studied in the context of overcoming obstacles during competitive activity. Future research is expected to expand in this area, focusing on activity related to frustration. However, such instances do not fully define the scope of the frustration phenomenon. There is some ambiguity in understanding the term “frustration”: whether it refers to the external cause (situation) or to the reaction it provokes (mental state or personal response). From an etymological perspective, the word *frustration* implies a disruption of plans or failure to achieve a goal, thus representing a traumatic situation associated with perceived failure. In this sense, the understanding of frustration within the educational and training process of athletes aligns with a commonly recognized, though not universally accepted, interpretation. The forms of frustration among athletes can be viewed as part of a broader issue of resilience to life’s difficulties and the psychological responses to them. In the empirical part of the study, the following methods were used: 1. Rosenzweig’s Frustration Reaction Test and A.N. Leontiev’s Life Meaning Orientations Test; 2. Lazarus’ Stress Level Assessment and the Differential Emotions Scale (DES); 3. Thomas–Kilmann Conflict Mode Instrument; 4. L.I. Wasserman’s “Social Frustration Level” method (modified by V.V. Boyko).

The study results allow for an assessment – based on survey data – of athletes’ susceptibility to frustration, their orientation toward life goals, and their level of internal stability.

Keywords: Athletes, learning process, assessment, disappointment, theory, obstacles, psychology, methods, statistical processing.

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫН РЕФОРМАЛАУ: ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Тұрлыханқызы Қ.^{1,*} , Хамзина Ж.А.¹ , Бурибаев Е.А.² 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru, mmmmp13@mail.ru, yermek-a@mail.ru

Аңдатпа: Қазіргі кезеңде білім беру саласындағы еңбек қатынастары құқықтық реформалаудың өзекті нысанына айналып отыр. Бұл салада қалыптасқан еңбек қатынастарының ерекшелігі – оның тек экономикалық қырларымен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және адами капиталды дамытуға бағытталған кешенді сипатқа ие болуында. Қазақстан Республикасындағы педагогтардың құқықтық мәртебесін айқындау, олардың еңбек құқықтарын қорғау, еңбек жағдайларын жетілдіру, сондай-ақ білім беру ұйымдарында әлеуметтік әріптестік механизмдерін енгізу қажеттілігі білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды алғышарттарының бірі ретінде қарастырылады.

Аталған зерттеу жұмысының мақсаты – білім беру саласындағы еңбек қатынастарын құқықтық тұрғыдан реформалаудың бағыттарын, әлеуметтік әріптестік институтының рөлін және құқықтық реттеудің тиімді тетіктерін ғылыми негіздеу. Зерттеуде халықаралық тәжірибе мен ұлттық құқықтық базаның салыстырмалы-талдамалық шолуына сүйене отырып, білім беру қызметкерлерінің еңбек құқықтарын қамтамасыз етудегі кемшіліктер мен құқықтық олқылықтар айқындалады. Сонымен қатар, педагогтардың әлеуметтік қорғалуын арттыру және еңбек дауларын шешудегі құқықтық кепілдіктерді күшейту жолдары ұсынылады. Мақалада еңбек құқығы мен білім беру құқығының түйісу нүктесінде пайда болатын күрделі құқықтық қатынастарды кешенді түрде реттеу қажеттілігі атап көрсетіліп, осы салада әлеуметтік әріптестік механизмдерін (ұжымдық шарттар, келісімдер, кәсіби бірлестіктер мен кәсіподақтардың рөлі) дамыту перспективасы ғылыми тұрғыда талданады.

Кілт сөздер: еңбек құқығы, білім беру саласы, құқықтық мәртебе, әлеуметтік әріптестік, еңбек шарты, педагог, құқықтық реттеу, еңбек дауы.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап, мемлекеттіліктің конституциялық негізінде адам құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде тану қағидаты бекітілді. Бұл қағидат білім беру кеңістігінде де, еңбек қатынастарында да жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын толық көлемде қамтамасыз ету міндетімен тығыз байланысты. Әсіресе, білім алу құқығы мен еңбек ету құқығының өзара байланысы мен сабақтастығы әлеуметтік мемлекет қағидаттарын іске асырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Қазіргі жаһандану жағдайында азаматтардың білім алу құқығын іске асыру қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық маңызды факторы ретінде танылады. Бұл құқықтың толыққанды жүзеге асырылуы, бір жағынан, еңбек нарығына сапалы мамандарды дайындауды, екінші жағынан, адамның еңбек ету құқығын тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру саласындағы адам құқықтарының сақталуы еңбек құқығының нормаларымен тығыз байланыста көрініс табады. Өйткені адамның еңбекке қабілеттілігі мен кәсіби құзыреттілігі көбіне оның алған білімінің сапасына тәуелді.

Білім беру ортасындағы қатынастарды құқықтық реттеу тәсілдерін қайта қарау – тек білім туралы заңнама үшін ғана емес, сонымен бірге еңбек туралы заңнаманың тиімділігін арттыру үшін де өзекті. Себебі, адамның кәсіби біліктілігі мен еңбекке қабілеттілігін заңды түрде тану, оны мойындау және қорғау – еңбек құқығының іргелі міндеттерінің бірі. Осы міндетті іске асырудың құқықтық негізі ретінде еңбек саласына қатысты заңнамалармен қатар, білім беру туралы заңнаманы да жетілдіру қажеттілігі арта түседі.

Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесін жаңғыртудың маңыздылығы ерекше атап көрсетіліп, бұл саладағы реформалар азаматтардың әлеуетін арттырумен қатар, қоғамның әл–ауқатын арттырудың басты құралы ретінде танылды. Бұл ұстаным білім беру мен еңбек саласының арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтеріп, адами капиталдың сапасын арттыруға бағытталған құқықтық саясатты іске асырудың қажеттілігін көрсетеді» [1].

Сонымен қатар, отандық заң ғылымында білім беру саласындағы адам құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қамтамасыз ету мәселелері әлі де болса кешенді әрі жүйелі түрде зерттелмеген. Бұл жағдай білім беру мен еңбек қатынастарының түйіскен тұстарында туындайтын құқықтық қатынастарды теориялық–құқықтық аспектіде жан–жақты зерделеуді және құқықтық реттеудің үйлесімді механизмін әзірлеуді өзекті етеді. Мұндай механизм еңбек нарығының талаптарына сай келетін сапалы білім беру жүйесін қамтамасыз етудің, сондай–ақ еңбек құқығымен сабақтас құқықтық институттарды дамытудың негізін қалайды.

Материалдар мен әдістер

Осы зерттеу жұмысында білім беру саласындағы еңбек қатынастарын құқықтық тұрғыдан талдауға бағытталған кешенді әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Зерттеудің материалдық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы [2], «Білім туралы» [3] және «Педагог мәртебесі туралы» заңдары [4], Еңбек кодексі [5], сондай–ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен конвенциялар, атап айтқанда, Халықаралық еңбек ұйымының құжаттары құрайды. Сонымен қатар, ғылыми монографиялар, нормативтік–құқықтық актілердің қолданылуына байланысты сот тәжірибесі, ресми статистикалық деректер мен сараптамалық баяндамалар да зерттеу дереккөздері ретінде пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпығылымдық және арнайы–құқықтық әдістер құрайды. Диалектикалық әдіс білім беру саласындағы еңбек қатынастарының табиғатын, дамуын және ішкі қарама–қайшылықтарын ашуға мүмкіндік берді. Тарихи–құқықтық әдіс еңбек заңнамасының эволюциясын, соның ішінде педагогтердің құқықтық мәртебесін қалыптастырудағы кезеңдерді зерделеуде қолданылды. Формальды–заңи әдіс ұлттық заңнама нормаларының мазмұнын ашып көрсетуге, ал салыстырмалы–құқықтық әдіс халықаралық тәжірибені ескере отырып құқықтық реттеудің балама үлгілерін анықтауға бағытталды.

Сонымен қатар, жүйелік талдау мен құрылымдық–функционалдық әдістер әлеуметтік әріптестік институтының құқықтық механизмдерін, еңбек дауларының реттелуін және білім беру кеңістігінде еңбек қатынастарының субъектілері арасындағы өзара іс–қимыл ерекшеліктерін кешенді бағалауға мүмкіндік берді. Статистикалық және эмпирикалық деректерге сүйене отырып, еңбек қатынастарының қазіргі жай–күйі мен құқықтық реттеудегі проблемалық аспектілер анықталды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы әлемдік үрдістерге сәйкес білім беру жүйесін кең көлемде реформалауда. Бұл реформалар халықтың жаңа әлеуметтік және кәсіби дағдыларды меңгеруіне, еңбек нарығында икемділігін арттыруға және кәсіби ұтқырлығын қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған процестердің барлығы еңбек құқығымен реттелетін еңбек қатынастарына тікелей әсер етуде. Яғни, білім беру мен еңбек саласының нормативтік–құқықтық базаларын үйлестіру және өзара сабақтастығын қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр.

Мемлекеттің білім беру саласына қатысты қабылдаған «Жайлы мектеп» [6], «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» [7], «Қолжетімді интернет» [8] секілді ұлттық жобалары оқытудың жаңа мазмұны мен технологияларын апробациялауға, сондай–ақ білім беру қызметін ұйымдастырудың жаңа нысандары мен құқықтық тетіктерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл бастамалар еңбек заңнамасы саласына да әсер етпей қоймайды, себебі кәсіби дайындық деңгейі мен еңбек дағдылары еңбек қатынастарында шешуші рөл

атқарады. Сонымен қатар, еңбек нарығындағы тең мүмкіндіктер, кәсіби бағдар беру, кадрларды қайта даярлау, еңбек етуге құқығы бар тұлғаларға білім беру қызметінің қолжетімділігін қамтамасыз ету – барлығы еңбек құқығы мен білім беру құқығының түйісетін тұстары болып табылады.

Білім беру саласы тек педагогикалық құрылым ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік, еңбек, әкімшілік, қаржылық және басқа да қоғамдық қатынастардың тоғысқан күрделі жүйесі болып табылады. Бұл салада қалыптасатын құқықтық қатынастардың реттелуі мемлекет пен құқық теориясы, еңбек және білім беру құқығы сияқты салалық құқық салалары, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың практикалық құралдары үшін де ерекше маңызға ие. Өйткені, білім алу құқығы мен еңбек ету құқығының өзара байланысы еңбек заңнамасында да көрініс табуы тиіс: мысалы, кәсіби даярлық, біліктілікті арттыру, қайта оқыту, еңбек нарығындағы тең мүмкіндіктер және жастардың жұмыспен қамтылуы мәселелері – барлығы да екі құқық саласының түйісу нүктесінде орналасқан.

Білім беру жүйесі әлемнің дамыған мемлекеттерінде тек экономикалық емес, сонымен қатар, еңбек ресурстарының сапасы мен әлеуметтік әділеттіліктің көрсеткіші ретінде де қарастырылады. Бұл орайда, еңбек заңнамасында көзделген жұмысқа қабылдау, еңбекке ақы төлеу, еңбек жағдайларын қамтамасыз ету секілді нормалар білім беру нәтижелеріне тікелей тәуелді. Қазақстанның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Еуропалық кеңістіктегі интеграциялық процестерге белсенді қатысуы шеңберінде ұлттық білім беру жүйесін өзге елдердің тәжірибесімен үйлестіру – еңбек ресурстарының халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және жұмыс күшінің сапасын арттырудың қажетті шарты.

Сол себепті, бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мен халықаралық еңбек стандарттарына бейімделу, білім беру мен еңбек құқықтарының өзара үйлесімділігін қамтамасыз ететін жаңа құқықтық тетіктерді қажет етеді. Бұл – жаһандану жағдайында ұлттық мүддені халықаралық деңгейде қорғау мен азаматтардың еңбек етуге және білім алуға тең құқығын қамтамасыз етудің өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамалық базасының дамуында «Білім туралы» заң мен басқа да нормативтік-құқықтық актілер арасында қайшылықтар мен үйлесімсіздіктердің жиі кездесуі байқалады. Білім беру процесін реттейтін көптеген заңға тәуелді актілердің (ережелер, нұсқаулықтар, регламенттер және т.б.) бір мезгілде қолданыста болуы білім беру қатынастары субъектілерінің – соның ішінде педагогтердің, қызметкерлердің және білім алушылардың – құқықтары мен міндеттерін нақты және біркелкі түсінуіне айтарлықтай кедергі келтіреді.

Бұл өз кезегінде еңбек қатынастары саласына да әсерін тигізеді, себебі білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін тұлғалар еңбек құқығының субъектісі ретінде тек қана еңбек шартын орындап қоймай, сонымен қатар педагогикалық қызметтің құқықтық және этикалық нормалары шеңберінде әрекет етеді. Алайда құқықтық регламенттердің бытыраңқылығы олардың еңбек құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін тиімді қорғауға кедергі келтіруі мүмкін. Сонымен қатар, нормативтік актілерді қабылдау барысындағы мекемелер арасындағы үйлесімсіздік, білім алушылар мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығының төмендігі, сондай-ақ педагогтердің құқықтық мәдениетінің жеткіліксіздігі білім беру кеңістігіндегі еңбек қатынастарының тұрақтылығына қауіп төндіреді. Мұндай құқықтық ала-құлалық еңбек құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру барысында құқықтық коллизиялар мен құқықбұзушылықтардың пайда болуына алып келуі ықтимал. Осыған байланысты қазіргі кезеңде білім беру саласындағы еңбек қатынастарын да қамтитын, жүйелі әрі кешенді кодификациялық құқықтық акт қабылдау қажеттігі туындап отыр. Бұл акт білім беру жүйесінде әрекет ететін барлық субъектілердің, соның ішінде педагогтер мен техникалық персоналдың еңбек құқықтық мәртебесін нақты бекітіп, нормативтік қайшылықтарды жоюға ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, бұл құжат педагогикалық қызметтің құқықтық стандарттарын, еңбек шарттарын, кәсіби жауапкершілікті, әлеуметтік кепілдіктерді және еңбек дауларын шешу тәртібін де нақтылауға бағытталуы қажет.

Білім беру кеңістігіндегі құқықтық қатынастарды теориялық талдау барысында адам құқықтарының, соның ішінде еңбек құқығының бір бөлігі ретінде білім алу және еңбек ету құқықтарының өзара байланысы арта түседі. Атап айтқанда, педагогтің еңбек қызметі оның кәсіби дайындық деңгейіне, біліктілігін арттыруға, әдістемелік қолдауға және нормативтік реттеуге тікелей тәуелді. Мұндай тәуелділік білім беру мекемелеріндегі еңбек қатынастарын білім беру құқығымен біртұтас жүйеде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қазақстандық және шетелдік зерттеулер білім беру саласындағы құқықтық реттеу тетіктерін жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Мысалы, Н.В. Bourina мен L.A. Dunaeva еңбектері жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету және оның құқықтық негізін қалыптастыру мәселелеріне арналған. Бұл зерттеулерде білім беру сапасы мен еңбекке орналасу мүмкіндігінің арасындағы тікелей байланыс ғылыми тұрғыдан негізделген [9].

Білім беру ортасы – тек әлеуметтік–мәдени кеңістік қана емес, сонымен қатар еңбек құқығы субъектілерінің өзара әрекеттестік алаңы ретінде де сипатталуы тиіс. Бұл кеңістікте педагог, әдіскер, психолог, әкімшілік қызметкер және басқа да қызметкерлер еңбек заңнамасының нормаларына сәйкес өз қызметін жүзеге асырады. Сондықтан, білім беру ортасының құқықтық сипаттамасы еңбек қатынастарының спецификасын да қамтуы тиіс.

К. Nurashva және М. Auevov сипаттағандай, «құқықтық орта – бұл құқықтар мен міндеттердің нормативтік негізін, оларды қорғау және іске асыру тәртібін белгілейтін күрделі құқықтық жүйе. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру ортасының құқықтық құрылымына еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық тетіктерді (еңбек шарты, тәртіп, жалақы, қауіпсіздік, педагогтің кәсіби мәртебесі және т.б.) интеграциялау қажеттігі туындайды» [10]. Сондай-ақ, білім беру саласындағы еңбек қатынастарын педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, еңбек құқығының теориясы мен практикасындағы өзгерістер тұрғысынан қайта қарау – нормативтік–құқықтық реформалардың басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 10-бабында «білім беру жүйесі» ұғымына берілген құқықтық анықтама бұл жүйенің негізгі құрылымдық элементтерін – білім беру ұйымдарын, мемлекеттік стандарттарды, басқару органдары мен инфрақұрылымды қамтитындығымен сипатталады. Дегенмен, бұл анықтама білім беру саласында қалыптасатын күрделі әлеуметтік–құқықтық қатынастардың табиғатын толық көлемде ашып көрсете алмайды. Нақтырақ айтқанда, ол білім беру жүйесінің институционалдық және ұйымдастырушылық құрылымына басымдық беріп, білім беру кеңістігіндегі құқықтық мәртебе, субъектілік өзара әрекеттестік, еңбек қатынастарының құқықтық табиғаты және құқықтық кепілдіктер жүйесі сынды өлшемдерді қамтымайды» [3].

Осыған байланысты қазіргі кезеңде педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік–мәдени ғылыми тұжырымдармен қатар, білім беру ортасын құқықтық категория ретінде ұғыну қажеттілігі туындап отыр. Бұл ретте, білім беру ортасының нормативтік–құқықтық моделін қалыптастыру – білім беру қатынастарына қатысушы субъектілердің (білім алушылар, педагогтер, әкімшілік қызметкерлер, ата-аналар және т.б.) құқықтық мәртебесін, өзара іс-әрекетінің құқықтық қағидаттарын, сондай-ақ олардың еңбек және білім алу құқықтарын жүзеге асыру тетіктерін нақты айқындайтын құқықтық негіздерді құруды талап етеді.

Мұндай модель, өз кезегінде, білім беру кеңістігіндегі еңбек қатынастарының құқықтық реттелуін, педагог қызметкерлердің кәсіби және әлеуметтік кепілдіктерін, олардың құқықтық қорғалу деңгейін арттыру мәселелерін де қамтуы тиіс. Себебі, білім беру саласы – бұл тек білім беру қызметін ұйымдастыру алаңы ғана емес, сонымен қатар, еңбек құқығы субъектілерінің (әсіресе педагогтердің) қызметтік құқықтары мен міндеттері жүзеге асатын сала.

Құқықтық реттеудің кешенді тәсілі білім беру процесінде орын алатын еңбек қатынастарын, әкімшілік тәртіпті, кәсіби қызметті бағалау мен ынталандыру жүйесін, сондай-ақ тәртіптік және құқықтық жауапкершілік тетіктерін де жүйелеуді көздейді. Сонымен бірге, мұндай модель құқықтық қауіпсіздіктің, заңдылықтың сақталуының, еңбек дауларын тиімді шешудің, білім алушылардың құқықтарының кепілдіктерін бекітудің

заманауи құралына айналуы тиіс. Осылай, білім беру ортасының нормативтік–құқықтық моделі білім беру саласындағы адам құқықтарын кешенді қамтамасыз етудің, құқықтық реттеудің тиімділігін арттырудың, білім беру сапасын арттыру мен білім беру процесінің заңдылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі ретінде қарастырылуы қажет. Бұл бағыттағы ғылыми негізделген құқықтық саясат қазіргі құқықтық жүйені жетілдірудің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуға лайық.

Қазіргі кезеңде еуропалық интеграциялық процестер қоғамдық өмірдің барлық салаларына, соның ішінде адам құқықтарын қамтамасыз ету мен құқықтық реттеу салаларына терең ықпал етуде. Бұл үдеріс білім беру кеңістігіндегі құқықтарды қорғау мен іске асырудың тетіктерін жаңаша қарастыруды талап етеді. Атап айтқанда, білім алу құқығы адам құқықтарының құрамдас бөлігі ретінде білім беру саласының құқықтық реттеу объектісіне айналып, халықаралық және ұлттық құқықтың іргелі институттарының бірі ретінде қалыптасты.

Білім алу құқығының еңбек құқығымен байланысы өзекті ғылыми мәселелердің бірі болып табылады. Себебі бұл құқықтың жүзеге асуы тікелей түрде еңбек ету құқығымен, кәсіптік бағдар мен мамандық таңдау еркіндігімен, қоғамдық еңбекте тең қатысу мүмкіндігімен және лайықты еңбек жағдайларымен тығыз байланысты. Білім алған тұлғаның еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасуы – әлеуметтік әділеттіліктің және еңбек саласындағы тең құқықтылық қағидаларының жүзеге асуының кепілі болып табылады.

1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында жарияланған білім алу құқығы білім беру саласындағы негізгі әмбебап халықаралық шарттармен толықтырылып, мемлекеттердің бұл саладағы міндеттерін нақтылайды [11].

Ғылыми әдебиетте білім алу құқығы көбіне әлеуметтік–мәдени немесе әлеуметтік–экономикалық құқықтардың құрамында қарастырылады. Бұл позицияны қазақстандық ғалым А.И. Бирманова қолдай отырып, оны тұлғаның әлеуметтік дамуына ықпал ететін, өмір сүру сапасына әсер ететін іргелі құқық ретінде сипаттайды [12]. Ал D. Kiel бұл құқықты әлеуметтенудің және шығармашылық әлеуетті іске асырудың негізі ретінде сипаттап, оны адамның «екінші буындағы» әлеуметтік құқықтарының қатарына жатқызады [13]. Дегенмен, білім алу құқығының табиғи құқықтар қатарына жататын–жатпайтыны жөнінде зерттеушілер арасында пікір алуандығы бар. Атап айтқанда, А.Н. Кокотов пен М.И. Кукушкин, «бұл құқықты позитивтік сипаттағы әлеуметтік құқық ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл пікір еңбек құқығымен де үндеседі, себебі білім беру арқылы қалыптасқан кәсіби біліктілік еңбек шартының ажырамас құрамдас бөлігіне айналады және еңбекке қабілеттіліктің құқықтық негізін қалайды» [14].

Осылайша, білім алу құқығы қазіргі құқықтық жүйеде тек білімге қолжетімділікпен шектелмей, еңбек құқығы саласындағы субъектілік қабілеттілік пен әлеуметтік кепілдіктерді іске асырудың негізгі алғышарты ретінде танылуы тиіс. Бұл тұрғыда мемлекет білім беру жүйесі мен еңбек саласының өзара байланысын құқықтық реттеудің тиімді құралдары арқылы үйлестіріп, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын және тұлғалық дамуын қамтамасыз етуі қажет.

Бұл модель еңбек құқықтық қатынастарды түсіндіруде де өзектілігін сақтайды. Атап айтқанда, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы құқықтық байланыстарды талдағанда тараптардың мәртебесін заң жүзінде нақты анықтау – еңбек дауларын шешудің, құқықтарды қорғаудың, заңсыз әрекеттерге жол бермеудің құқықтық негізі болып табылады [15].

Сонымен қатар, білім беру саласындағы тұлғалардың – оқытушылар, білім алушылар, әкімшілік қызметкерлер – құқықтық мәртебесі мен жағдайы да еңбек құқығымен тікелей байланысты. Мәселен, білім беру мекемелерінде еңбек ететін педагогтардың құқықтық жағдайы олардың кәсіби міндеттерімен, педагогикалық еркіндігімен, академиялық бостандықтарымен және еңбек қауіпсіздігімен реттеледі. Олардың мәртебесі, бір жағынан, жалпы еңбек заңнамасымен, екінші жағынан, білім беру туралы салалық нормативтік актілермен айқындалады. Бұл ретте, білім беру саласының субъектілері екі құқық саласының – еңбек және білім беру құқығының – түйіскен жерінде орналасады.

Білім беру саласындағы еңбек қатынастарын құқықтық реттеу мәселелері қазір ерекше өзектілікке ие. Әсіресе, педагогтардың мәртебесін құқықтық тұрғыда нақты айқындау, олардың әлеуметтік кепілдіктерін күшейту және еңбек жағдайларын жетілдіру – ұлттық заңнаманы жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі. Бұл орайда, «Педагог мәртебесі туралы» заң білім беру саласы мен еңбек құқығының тоғысу нүктесінде қабылданған маңызды акт болып табылады. «Құқықтық мәртебе» мен «құқықтық жағдай» ұғымдарын ғылыми айналымда біріздендіру, олардың еңбек және білім беру қатынастары контекстіндегі мазмұнын нақтылау – құқықтық терминология мен құқық қолдану практикасының жүйелілігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Бұл құқықтық реттеудің сапасын арттырып, адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуде кешенді тәсілді қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Білім беру саласындағы еңбек заңнамасын реформалау – қазіргі кезеңдегі әлеуметтік, құқықтық және институционалдық өзгерістердің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде ерекше маңызға ие. Бұл реформалардың негізгі мақсаты – білім беру кеңістігінде еңбек құқықтарын тиімді іске асыруға жағдай жасау, педагогтер мен өзге де қызметкерлердің құқықтық мәртебесін нақты айқындау, олардың әлеуметтік кепілдіктері мен кәсіби құқықтарын құқықтық тұрғыдан қорғаудың пәрменді тетіктерін қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік әріптестік қағидаттарына негізделген реформалар еңбек қатынастарына қатысушылар арасындағы өзара сенімділік пен теңгерімді жауапкершілікті қамтамасыз етіп, білім беру жүйесінде еңбек дауларының алдын алуға және кәсіби ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді. Бұл ретте еңбек заңнамасын білім беру саласының ерекшеліктеріне бейімдеу, нормативтік–құқықтық актілер арасындағы жүйесіздікті жою және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру қажеттілігі туындайды.

Құқықтық реттеу перспективаларының негізгі бағыты – білім беру ортасын еңбек құқықтарының толыққанды іске асырылатын кеңістігі ретінде тану, еңбек қатынастарын реттеуде кешенді тәсілді қалыптастыру және ұлттық заңнаманы халықаралық еңбек стандарттарына сәйкестендіру. Осы бағыттағы заңнамалық реформалар білім беру саласындағы адам капиталын дамытуға, әлеуметтік әділеттілік қағидатын орнықтыруға және құқықтық мемлекеттің іргетасын нығайтуға қызмет етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «AP25793729 – Реформалау және жаңғырту: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін дамыту стратегиялары» жобасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Мемлекет басшысы Қасым–Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм. – 2024 жылы 2 қыркүйек – [Электрондық ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 3 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487–IV Заңы – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487>
- 4 «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 645 қаулысы. – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645>
- 5 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414–V ҚРЗ. – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>
- 6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы: «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы: 2022 жылдың 30 қарашасы №963 бекітілген (2024 жылғы 18 наурыздағы өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000963>

7 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы: 2022 жылдың 30 қарашасы №962 бекітілген (2023 жылғы 21 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтыруларымен қоса) – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000823>

8 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. Байланыс саласындағы «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2023 жылдың 27 қазандағы №949 бекітілген – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000949>

9 Bourina H.V., Dunaeva L.A. The conceptual model of the artificial linguistic educational environment for achieving oral communication skills in a second foreign language // E-Learning and Digital Media. – 2019. – Vol. 16. – P. 63–76.

10 Nurashva K., Auezov M. Educational Area of the Central Asian Region: Problems and Prospects of Integration // World Applied Sciences Journal 30 (Innovation Challenges in Multidisciplinary Research & Practice). – 2014. – P. 131–140.

11 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы: біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылдың 10 желтоқсаны № 217 А (III) қабылданған – [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

12 Birmanova A.I. Cultural rights in the human rights system: issues of theory. // Bulletin of the Karaganda University. – 2018. – Vol. 4(92). – P. 99–106.

13 Kiel D. No Caste Here? Toward a Structural Critique of American Education // D. Kiel Penn State Law Review. 2015. – Vol. 119. Iss. 3. – P. 611–644.

14 Кокотов А.Н., Кукушкин М.И. Конституционное право России: Учебник. – М.: Издательство: Норма, – 2008 г. – 544 с.

15 Golovina S.Y. The impact of labor legislation liberalization on the quality of working life (on the example of Russia and Kazakhstan) // Labor Law in Russia and Abroad, 4. – 2021. – Vol. 9. – P. 612–640.

REFERENCES:

1 Memleket bassysy Qasym–Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaуy Ädiletti Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalyq ösim, qoғamdyq optimizm – 2024 jyly 2 qyrküiek [The message of the Head of State Kassym–Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan is a just Kazakhstan: Law and order, economic growth, public optimism – September 2, 2024].– [Elektrondyq resurs]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K24002024_1 [in Kazakh]

2 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy: 1995 jylǵy 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldanǵan [Constitution of the Republic of Kazakhstan: adopted at the republican referendum on August 30, 1995] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> [in Kazakh]

3 «Bilim turaly» Qazaqstan Respublikasynyñ Zañyna özgerister men tolyqtyrular engizu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2011 jylǵy 24 qazandaǵy № 487–IV Zañy [On amendments and additions to the law of the Republic of Kazakhstan "On education" of the Republic of Kazakhstan dated October 24, 2011 No. 487–IV] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487> [in Kazakh]

4 «Pedagog mäртеbesi turaly» Qazaqstan Respublikasy Zañynyñ jobasy turaly Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2019 jylǵy 31 tamyzdaǵy № 645 qaulysy [About the draft Law of the Republic of Kazakhstan "On the status of a teacher" the Republic of Kazakhstan was announced on August 31, 2019, No. 645 resolution] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000645> [in Kazakh]

5 Qazaqstan Respublikasynyñ Eñbek Kodeksi Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2015 jylǵy 23 qarashaǵy № 414–V QRZ [The Labor Code of the Republic of Kazakhstan The Code of the Republic of Kazakhstan 2015, November 23, No. 414 defense system] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> [in Kazakh]

6 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ qaulysy: «Jaily mektep» bilim beru salasyndaǵy pilottyq ұлттық jobasyn bекіту turaly: 2022 jylдың 30 qarashasy №963 бекітілген 2024 jylǵy 18 nauryzdaǵy özgerister men tolyqtyrularymen qosa [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan: On approval of the pilot national project in the field of education "comfortable school" Approved on November 30, 2022, No. 963 with amendments and additions dated March 18, 2024] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000963> [in Kazakh]

7 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ qaulysy. «Auylda densaulыq saqtaudy jañǵyrtu» pilottyq ұлттық jobasyn bекіту turaly: 2022 jylдың 30 qarashasy №962 бекітілген (2023 jylǵy 21 qyrküiekteгі özgerister men tolyqtyrularymen qosa) [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. On approval of the pilot national project "Modernization of healthcare in rural areas" approved as of November 30, 2022 No. 962 (including changes and additions as of September 21, 2023)] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000823> [in Kazakh]

8 Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ qaulysy. Bailans salasyndaǵy «Qoljetimdi internet» ұлттық jobasyn bекіту turaly: 2023 jylдың 27 qazandaǵy №949 бекітілген [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan. On the approval of the national project "Accessible Internet" in the field of communications approved No. 949 of October 27, 2023] – [Elektrondyq resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000949> [in Kazakh]

9 Bourina H.V., Dunaeva L.A. (2019). The conceptual model of the artificial linguistic educational environment for achieving oral communication skills in a second foreign language // E-Learning and Digital Media. vol. 16. – pp. 63–76.

10 Nurashva K., Auevov M. (2014). Educational Area of the Central Asian Region: Problems and Prospects of Integration // World Applied Sciences Journal 30 (Innovation Challenges in Multidisciplinary Research & Practice). – pp.131–140.

11 Adam qūyqytarynyñ jalpyğa birdei deklarasiyası: birkken Ūlttar Ūiymy Bas Asambleiasynyñ rezolūsiyasymen 1948 jyldyñ 10 jeltoqsany № 217 A (III) qabyldanğan [Universal Declaration of Human Rights: adopted by United Nations General Assembly resolution No. 217 A (III) of December 10, 1948] – [Elektronдық resurs]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> [in Kazakh]

12 Birmanova A.I. (2018). Cultural rights in the human rights system: issues of theory. // Bulletin of the Karaganda University. vol. 4(92). – pp. 99–106.

13 Kiel D. (2015). No Caste Here? Toward a Structural Critique of American Education // D. Kiel Penn State Law Review. vol. 119. Iss. 3. – pp. 611–644.

14 Kokotov A.N., Kukuşkin M.İ. (2008). Konstitusionnoe pravo Rosii: [The Constitutional law of Russia:] Uchebnik. – M.: İzdatelstvo: Norma, – 544 p. (in Russian)

15 Golovina S.Y. (2021). The impact of labor legislation liberalization on the quality of working life (on the example of Russia and Kazakhstan) // Labor Law in Russia and Abroad, 4. vol. 9. – pp. 612–640.

РЕФОРМИРОВАНИЕ ТРУДОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ПЕРСПЕКТИВЫ СОЦИАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА И ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ

Тұрлыханқызы Қ.^{1,*}, Хамзина Ж.А.¹, Бурибаев Е.А.²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы

²Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан,
г. Талдықорған

*e-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru, mmmmp13@mail.ru, yermek-a@mail.ru

Аннотация: На современном этапе трудовые отношения в сфере образования становятся актуальной формой правового реформирования. Особенностью сложившихся в этой сфере трудовых отношений является то, что они не ограничиваются только экономическими аспектами, но имеют комплексный характер, направленный на развитие социального, культурного и человеческого капитала. Необходимость определения правового статуса педагогов в Республике Казахстан, защиты их трудовых прав, совершенствования условий труда, а также внедрения механизмов социального партнерства в организациях образования рассматривается как одна из важнейших предпосылок модернизации системы образования.

Цель данной исследовательской работы – научное обоснование направлений правовой реформы трудовых отношений в сфере образования, роли Института социального партнерства и эффективных механизмов правового регулирования. В исследовании, опираясь на сравнительно-аналитический обзор международного опыта и национальной правовой базы, выявляются недостатки и правовые пробелы в обеспечении трудовых прав работников образования. Кроме того, будут предложены пути повышения социальной защищенности педагогов и усиления правовых гарантий в разрешении трудовых споров. В статье подчеркивается необходимость комплексного регулирования сложных правоотношений, возникающих на стыке трудового права и права на образование, научно анализируется перспектива развития механизмов социального партнерства (коллективных договоров, соглашений, роли профессиональных объединений и профсоюзов) в данной сфере.

Ключевые слова: трудовое право, сфера образования, правовой статус, социальное партнерство, трудовой договор, педагог, правовое регулирование, трудовой спор.

REFORMING LABOR LEGISLATION IN THE FIELD OF EDUCATION: PROSPECTS FOR SOCIAL PARTNERSHIP AND LEGAL REGULATION

K. Turlykhankyzy^{1,}, Zh.A. Khamzina¹, Ye.A. Buribayev²*

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty*

²*Zhetysu university named after I.Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan*

**e-mail: kuralay_turlykhan@mail.ru, mmmmp13@mail.ru, yermek-a@mail.ru*

Abstract: At the present stage, labor relations in the field of education are becoming an urgent form of legal reform. The peculiarity of the existing labor relations in this area is that they are not limited only to economic aspects, but have a complex character aimed at the development of social, cultural and human capital. The need to determine the legal status of teachers in the Republic of Kazakhstan, protect their labor rights, improve working conditions, and introduce social partnership mechanisms in educational institutions is considered one of the most important prerequisites for modernizing the education system.

The purpose of this research work is to scientifically substantiate the directions of legal reform of labor relations in the field of education, the role of the Institute of Social Partnership and effective mechanisms of legal regulation. The study, based on a comparative and analytical review of international experience and the national legal framework, identifies shortcomings and legal gaps in ensuring the labor rights of education workers. In addition, ways to increase the social protection of teachers and strengthen legal guarantees in resolving labor disputes will be proposed. The article highlights the need for comprehensive regulation of complex legal relations arising at the intersection of labor law and the right to education, and scientifically analyzes the prospects for the development of social partnership mechanisms (collective agreements, agreements, the role of professional associations and trade unions) in this area.

Keywords: *labor law, education, legal status, social partnership, employment contract, teacher, legal regulation, labor dispute.*

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ДИСКУРСЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Шүкенай Г.Т.



I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: chukenaeva@mail.ru

Аңдатпа. Мақала «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты қоғамдық дискурсты педагогикалық тұрғыдан зерделеуге бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – бағдарламаның ресми және қоғамдық коммуникацияларындағы құндылықтық бағдарларды айқындап, олардың жастардың ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы тәрбиелік әлеуетін ғылыми тұрғыда талдау.

Зерттеу қоғам санасын жаңғырту саясаты тек саяси–әлеуметтік құбылыс қана емес, сонымен қатар білім беру мен тәрбие жүйесінде қолдануға болатын маңызды әдіснамалық және мазмұндық ресурс екенін көрсетуге негізделген. Зерттеу бағыты жастардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырудағы дискурстық стратегиялардың ролін анықтауға, білім беру үдерісінде рухани және мәдени мазмұнды тиімді пайдаланудың ғылыми негіздерін ұсынуға бағытталды.

Зерттеудің ғылыми маңызы мемлекеттік идеологиялық дискурсты педагогикалық ғылым тұрғысынан кешенді талдаудың жаңа тәсілін ұсынуы арқылы айқындалады. Зерттеу нәтижелері оқу–тәрбие үдерісінде, тәрбие бағдарламалары мен әдістемелік құралдар жасауда қолданылуы мүмкін.

Мақалада контент–талдау әдісі қолданылды: сандық тұрғыда лексикалық бірліктер мен тақырыптық маркерлердің жиілігі анықталса, сапалық талдау олардың саяси және мәдени контексте интерпретациялануына бағытталды. Нәтижесінде «ұлттық құндылықтар», «білім», «жаңғыру», «бірлік», «қазақ тілі» сияқты доминант ұғымдар жастардың құндылықтық бейнесін қалыптастыруда негізгі рөл атқаратыны анықталды.

Жастардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мүмкіндіктері ең алдымен олардың тарихи жад пен мәдени дәстүрге негізделген құндылықтарға бейімделуі арқылы айқындалады. Сонымен қатар, дискурстағы білім, тіл және бірлік ұғымдары жастардың өзіндік «ұлттық менін» тануына және жаһандық кеңістікте бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Бағдарлама аясында қалыптасқан құндылықтық парадигма жастардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы әлеуметтік ынтымақ пен ұлттық тұтастықты нығайтудың тиімді педагогикалық құралы ретінде танылады. Жасалған талдау нәтижесінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының дискурсы педагогикалық тұрғыдан тұлғаның рухани–адамгершілік дамуын қамтамасыз ететін, ұлттық бірегейлікті нығайтатын маңызды құрал ретінде бағаланды. Зерттеу қоғамдық дискурсты білім беру жүйесінде ұлттық сана мен құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін тиімді педагогикалық ресурс ретінде ұсынуымен құнды.

***Кілт сөздер:** Рухани жаңғыру, қоғамдық дискурс, құндылық, құндылық бағдарлар, контент–талдау, қоғамдық сананы жаңғырту, дискурстық стратегиялар.*

Кіріспе

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи қазақстандық қоғамды құруда идеологиялық негізге ие бағдарлама болды. Оның мазмұны қазақстандықтардың іс–әрекеттері мен мінез–құлық моделін айқындап, құндылықтық бағдарын, өзекті ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама мемлекетті, жеке тұлғаларды дамытуды мақсат тұтып, тұлға – азамат – қоғам – мемлекет өзара байланысын нығайтуды көздеді. Қоғамдық сананы жаңғырту нәтижесінде болған өзгерістерді тіркеуге мүмкіндік беретін құралдардың бірі бағдарламаны іске асыруға қатысты қоғамдық дискурсты зерттеу болып табылады.

Бағдарлама және оның арнайы жалпыұлттық жобаларын нақты жүзеге асыру жаңа трендтермен, мазмұнмен және жаңғырту символдарымен толықтырылып, ұлттық бірегейліктің негізіне, жалпы алғанда ұлттың рухани жобасына айналды.

Тақырыптың өзектілігі жаңғыру саясатының қоғамдық және ресми коммуникациялар арқылы қандай тәсілдермен жеткізілетінін ғылыми тұрғыдан пайымдаудың қажеттілігі, сондай–ақ осы мәтіндердің интенциясын және негізгі лексикалық маркерлерін айқындауға мүмкіндік беретін кешенді зерттеулердің жеткіліксіздігімен айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Материал ретінде 2017 жылдан бастап 2024 жылға дейін жарияланған мәтіндер жинақталды. Оның ішінде:

- Қазақстан Республикасы орталық органдары өкілдерінің, министрлердің, аймақтық жобалық кеңселер басшыларының көпшілік алдында сөйлеген сөздері;
- тиісті министрліктердің, жергілікті атқарушы органдар мен жобалық кеңселер дайындаған талдамалық есептері мен материалдары;
- бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар.

Мақалада талданған талдамалық есептер:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың қорытындысы бойынша талдамалық баяндама (2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша). – Нұр–Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2019 ж. – 141б.

2. 2020 жылдың 10 айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық баяндама. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020ж. – 201б.

3. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру тиімділігі әлеуметтанулық зерттеуі. – Нұр–Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2021 ж. – 75б.

4. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын 2022 жылдың 9 айында іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық баяндама. – Астана: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2022 ж. – 101б.

Талдамалық баяндамалар бағдарламаның іске асырылуын, үрдістері мен перспективаларын, негізгі бағыттары мен алты арнайы жоба бөлінісінде бағдарламаны іске асырудың маңызды жетістіктерін талдауды қамтыған. Баяндамаларда бағдарламаны орталық мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өңірлік жобалық офистер деңгейінде іске асыру нәтижелері талданған. Әр талдамалық есеп соңында жүргізілген жұмысты талдау, сараптамалық сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, бағдарламаны іске асырудың келесі кезеңдері үшін ұсынымдар берілген.

Құжаттар, нұсқаулар:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі алты бағыты бойынша технологиялық пакеттер. – Нұр–Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020 ж. – 198б.

2. «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау. – Нұр–Сұлтан, 2019. – 24б.

3. Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер. – Нұр–Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020 ж. – 150б.

4. Ішкі саясат саласы қызметкерлеріне арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында түсіндіру және идеологиялық жұмыстар жүргізу бойынша әдістемелік құрал. – Нұр–Сұлтан, 2021. – 40б.

5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша әдістемелік нұсқаулық. – Нұр–Сұлтан, 2020. – 150б.

Мәтіндердің жалпы корпусы 1200 беттен астам (шамамен 480 000 сөз) құрады, бұл талдаудың репрезентативтілігін қамтамасыз етеді. Материалдар бағдарламаның алты негізгі бағытын қамтыды:

1. Бәсекелік қабілет
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы
6. Сананың ашықтығы

2024 жылы «Ұлттық құндылықтар: стратегиялық ұстанымдарға шолу» тақырыбында жүргізілген әлеуметтік зерттеудің деректері бойынша қазақстандықтардың құндылықтарының қалыптасуына ықпал ететін азаматтық қоғам институттарының мынадай көрсеткіштері анықталды: саяси партиялар – 28,2%, кәсіподақтар – 23,4%, құқық қорғау ұйымдары – 28,8%, этномәдени бірлестіктер – 17,3%, діни ұйымдар – 22,5%, қоршаған ортаны қорғау ұйымдары – 14,9%, гендерлік ұйымдар – 7,8%, жастар ұйымдары – 29,3%, қайырымдылық ұйымдары – 25,8%, бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың өкілдері – 20,5%, тұрғылықты жері бойынша азаматтардың бірлестіктері – 14,8%, әлеуметтік желілердегі топтар мен қауымдастықтар – 18,8%, жауап беруге қиналамын дегендер – 13,9% [1].

Әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құндылықтардың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдары мен олардың өкілдері 20,5% жағдайда әсер етеді. Осыған сәйкес, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты жарияланымдарды талдау құндылықтардың аталмыш материалдар негізінде қалай қалыптасатынын анықтаудың орынды әдістемелік тәсілі болып табылады.

Контент–талдау сандық және сапалық түрде жүргізілді. Сандық талдау барысында лексикалық бірліктер мен тақырыптық маркерлердің қолданылу жиілігі есептелді. Сапалық талдау саяси және мәдени контекстегі жиі кездесетін бірліктерді интерпретациялауға бағытталды. Бұл әдісті таңдаудың себебі, ең алдымен, зерттеу нысанының мазмұндық құрылымын жүйелі түрде ашуға мүмкіндік беруінде. Сонымен қатар, контент–талдау мәтіндерде жасырын түрде көрінетін құндылықтық бағдарларды айқындауға жағдай жасайды. Сандық өлшемдер мәтіндегі басым тақырыптарды дәл және объективті түрде анықтауға көмектесе отырып, зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Сапалық интерпретация лексемалардың саяси және мәдени мәнін терең түсіндіруге мүмкіндік береді, ал осы екі деңгейдің үйлесуі зерттеу нәтижелерінің кешенділігін және сенімділігін арттырады.

К. Krippendorff контент–талдауді «мәтінге негізделіп, бастапқы көздің басқа жағдайлары немесе қасиеттері туралы нақты тұжырым жасауға арналған қайта өңдеуге болатын әрі жарамды әдіс» деп анықтайды [2]. Контент–талдау қоғамда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптасатын түсініктер құрылымын анықтауға мүмкіндік береді. Барлық анықтамалар әдістің объективті сипатына назар аударады, мұндағы объективтілік әр кезеңнің нақты белгіленген ережелер мен рәсімдерге сүйене отырып жүргізілуін талап етеді [3]. Бір материалды әртүрлі зерттеушілер қолданғанда нәтижелердің қайталануы сенімділікті тексерудің маңызды элементі болып табылады. Осылайша, контент–талдау нақтылық қағидатына негізделген әдістер қатарына жатады.

Сапалық контент–талдау мәтіндегі элементтердің жиілігін санаумен шектелмейді, ол әлеуметтік шындық пен оның кең контекстін түсінуге бағытталады. Бұл әдіс мағыналарға, интенциялар мен салдарға, сондай–ақ контекске назар аударады, сөздерді, фразаларды немесе сөйлемдерді олардың қолданылу ортасына қарай сипаттайды [4]. Контент–талдау тек құжаттық дереккөздердің сипаттамасын ғана емес, сонымен бірге коммуникативтік үдерістің өзін – коммуникатордың әлеуметтік бағдарларын, басым құндылықтар мен нормаларды, сондай–ақ олардың түрлі аудитория тарапынан қабылдану тиімділігін де айқындауға мүмкіндік береді.

Неміс зерттеушісі Р. Mauring сапалық контент–талдауды қолданудың бес негізгі бағытын бөліп көрсетеді: коммуникация (нақты контент–талдау ретінде); герменевтика (интерпретация өнері ретінде); сапалық әлеуметтік зерттеу (интерпретациялық парадигма); әдебиеттану; психология [5].

Сонымен қатар, Р. Mauring контент–талдаудың үш негізгі санатын анықтайды: мазмұнды жинақтау, мазмұнды жіліктеп зерттеу және оны құрылымдау.

Сапалық контент–талдауды қолданудың бұл бағыттары зерттеушіге тілдік материалды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және мынадай аспектілерді қамтиды: зерттелетін құбылысты жүйелеу; коммуникативтік модель құру; талдау категорияларын анықтау; астыртын мағыналарға назар аудару; дәстүрлі түсіну және интерпретация

үдерістерін есепке алу; жағдайды қарама–қарсы көзқарас тұрғысынан қарастыру; семиотика мен прагматикалық мағына теориясына сүйену; құрылымданған мәтіндерді интерпретациялаудың арнайы ережелерін пайдалану.

Талдау категорияларын анықтау кезінде теңгерімді тәсіл сақталуы тиіс, мұнда категориялар мынадай өлшемдерге сәйкес келуі қажет:

- Өзектілік – зерттеу міндеттеріне сәйкестігі;
- Толық қамту – зерттелетін ұғымдардың мазмұнын барынша толық көрсету;
- Ерекшелікті ескеру – бір мазмұн бір уақытта бірнеше категорияға бірдей дәрежеде енгізілмеуі тиіс;
- Сенімділік – құжатты талдау барысында мазмұнды белгілі бір категорияға жатқызу жөнінде зерттеушілер арасында қарама–қайшылық болмауы [3].

Нәтижелер мен талқылаулар

«Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты мәтіндер патриоттық және гуманитарлық лексикаға қанық. Онда назар тек экономикалық немесе саяси трансформацияға ғана емес, ең алдымен, рухани жаңғыруға аударылған.

Зерттеліп отырған мәтіндер бірнеше қайталанатын дискурстық стратегиялар негізінде қызмет етеді:

Легитимация стратегиясы – реформаларды тарихи сабақтастық арқылы негіздеу. Бұл контексте легитимация қарастырылып отырған құжаттың маңыздылығын қоғам да, мемлекеттік институттар да мойындауды білдіреді.

Сакрализация стратегиясы – рәміздерге, маңызды тарихи даталарға және қаһармандар бейнелеріне сүйену.

Анықтаушы стратегия – болашақ ұрпаққа, жастарға жүгіну және елдің келешегіне екпін қою.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық жаңғыру дискурсын қалыптастырады, мұнда негізгі субъект мәдениетті азамат болып табылады. Бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдардың тілі ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған және «төменнен жоғарыға» стратегиясына негізделген, яғни шағын отаннан жаһандық деңгейге көтерілу қозғалысын болжайды.

Бағдарлама аясындағы коммуникациялар тек ақпараттық–есептік қызмет қана емес, сонымен қатар құндылықтық бағдарларды қалыптастыру қызметін де атқарады.

Дәстүрлі түрде контент–талдау коммуникацияның айқын мазмұнын объективті, жүйелі және сандық сипаттау әдіснамасы ретінде қарастырылады. Зерттеу нысаны кез келген бекітілген коммуникация түрі бола алады: аудиожазбалар, жазбаша құжаттар, бейнематериалдар және т.б.

«Құндылықтар – бұл қоғам мүшелерімен бөлісетін, қажеттіні, дұрыс пен жақсылықты білдіретін абстрактілі түсініктер. Құндылықтар маңызды деп қабылданғандықтан және терең эмоциялық мәнге ие болғандықтан, қоғам оларды сақтау үшін құрбандыққа баруға дайын» [6].

A. Tadege, A. Seifu және S. Melese Ван Лангенің әлеуметтік құндылықтық бағдарларды үш түрге бөлуге арналған жіктемесіне сүйенеді: просоциалды, индивидуалистік және бәсекелестік. Просоциалды индивидтер өздерінің де, өзгенің де нәтижелерін барынша арттыруға, айырмашылықтарды азайтуға ұмтылады; индивидуалистер тек өзінің пайдасын көздейді және өзгелердің мүддесін ескермейді; ал бәсекелестер өз жетістіктерін басқалардың табыстарымен салыстыру арқылы салыстырмалы артықшылыққа қол жеткізгісі келеді [7].

Әлеуметтік құндылықтық бағдарлардың бұл жіктемесі әлеуметтік–мәдени өзгерістер контекстінде жеке тұлғалардың мотивациялық ұстанымдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сияқты бағдарламалық құжаттармен басталған қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында қоғамды біріктіруге ықпал ететін просоциалды бағдарлар айрықша маңызға ие. Бұл бағдарлар ұлттық бірегейлікті нығайтуға және әлеуметтік

ынтымаққа бағытталған рухани жаңғырудың стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, индивидуалистік және бәсекелестік ұстанымдарды талдау қоғамдық келісімге қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін әлеуетті тосқауылдарды анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, мінез-құлықтың психологиялық үлгілерін идеологиялық бастамалармен салыстыру қоғамдық ұтқырлық тетіктерін кешенді түсінуге жол ашады.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы қазақстандық қоғамның ұлттық-рухани бағытта дамуына және қоғамдық сананың жаңаруына қуатты серпін берді. Бұл үдерісте бағдарлама аясында қолданылған тілдік бірліктер елеулі рөл атқарды. Мәтінде негізгі лексикалық бірліктердің қолданылу жиілігі олардың маңыздылығын айқындайды: «ұлт» – 58, «тарих» – 37, «жаңғыру» – 24, «халық» – 13, «мемлекет» – 7, «тәуелсіздік» – 5 [8].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты материалдарды талдау барысында негізгі лексикалық бірліктердің жиілігі бағаланды (кесте 1). Негізгі ұғымдар ретінде төмендегілер анықталды: ұлттық құндылықтар, бәсекеге қабілеттілік, бірлік, мәдени мұра, салт-дәстүр, тарихи сана, туған өлке, жаңғыру, гуманитарлық білім, білім, цифрландыру, ұлттық бірегейлік, қоғамдық келісім, азаматтық жауапкершілік, әділеттілік, тәуелсіздік, отбасы, теңдік, ар-намыс, қазақ тілі.

Кесте 1 – Аналитикалық есептердегі негізгі ұғымдардың қолданылу жиілігі

№	Лексикалық бірлік	2017, 2018, 2019 ж. талдамалық есепте кездесу жиілігі	2020 ж. талдамалық есепте кездесу жиілігі	2021 ж. талдамалық есепте кездесу жиілігі	2022 ж. талдамалық есепте кездесу жиілігі
1	Жаңғыру	167	295	51	33
2	Білім	108	67	74	62
3	Қазақ тілі	71	66	13	22
4	Туған жер	85	61	8	11
5	Құндылық / ұлттық құндылық	52/5	15/0	26/0	42/2
6	Отбасы	34	12	17	11
7	Гуманитарлық білім	19	30	6	10
8	Дәстүр	1	18	18	23
9	Бәсекеге қабілеттілік	36	5	8	7
10	Ұлттық бірегейлік	16	3	2	6
11	Мәдени мұра	18	2	0	2
12	Цифрландыру	1	1	9	3
13	Бірлік	9	1	0	1
14	Тәуелсіздік	3	1	1	6
15	Қоғамдық келісім	1	8	0	0
16	Азаматтық жауапкершілік	5	1	0	1
17	Теңдік	3	0	0	0
18	Әділеттілік	1	0	1	0
19	Тарихи сана	0	0	0	0
20	Ар-ождан	0	0	0	0

[9–12]

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы контексіндегі жаңғыру қоғамдық сананы кешенді жаңғырту ретінде қарастырылады, ол дәстүрлі құндылықтарды қазіргі заман талаптарына бейімдеуді көздейді. Бұл Батыс үлгілерін механикалық түрде көшіру емес, ұлттық ерекшелікті ескере отырып, прогрессивті тәжірибелерді саналы енгізу үдерісі болып табылады. Жаңғырудың негізгі міндеті – жаһандық ойлауға қабілетті әрі ұлттық бірегейлігін сақтаған бәсекеге қабілетті азамат қалыптастыру. Бағдарламада рухани жаңғырудың тұрақты дамуды қамтамасыз ететін ішкі трансформация ретіндегі маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Осылайша, жаңғыру инновациялар мен мәдени сабақтастықтың синтезі ретінде түсіндіріледі.

Білім беру «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастырудың негізгі құралы ретінде айқындалады. Ол тұрақты дамуды, әлеуметтік ұтқырлықты және елдің жаһандық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады. Білім беру мазмұнын жаңартуға, цифрлық технологияларды енгізуге және сыни ойлауды дамытуға арнайы назар аударылады. Білім беру саясаты жоғары моральдық ұстанымдары бар, патриоттық сана–сезімі қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеуге бағытталуы тиіс. Осы контексте білім тек қана білім жүйесі емес, сонымен бірге рухани және мәдени жаңғыру тетігі ретінде ұсынылады.

Қазақ тілі «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық бірегейлік пен рухани бірліктің іргетасы ретінде қарастырылады. Оның ғылымда, білімде, техникада және мемлекеттік басқаруда қолданылу аясын кеңейту стратегиялық міндет ретінде белгіленген. Бағдарламада тілді қазіргі қоғамдық өмірдің барлық салаларына интеграциялау арқылы оның беделін арттыру қажеттігі атап өтіледі. Бұл үшін лексикалық қорды жаңарту, функционалдық сауаттылықты дамыту және тіл мәдениетін жетілдіру талап етіледі. Нәтижесінде, қазақ тілі дәстүрдің символы ғана емес, заманауи қарым–қатынас пен ойлаудың толыққанды құралына айналуы тиіс.

Ұлттық құндылықтар «Рухани жаңғыру» бағдарламасында мәдени бірегейліктің тұрақтылығын қамтамасыз ететін рухани–адамгершілік бағдарлар ретінде айқындалады. Бағдарлама олардың мәнін қайта қарастыруға және жаһандану жағдайында өзектендіруге шақырады, бұл тарихи мұраны сақтауға кедергі келтірмей, инновациялық дамуға жол ашады. Патриотизм, еңбекқорлық, білімге ұмтылыс, тарих пен аға буынға құрмет сияқты категорияларға ерекше көңіл бөлінеді. Ұлттық құндылықтар жаңа қазақстандықтың – дәстүрлі моральдық ұстанымдар мен заманауи дүниетанымды ұштастыра білген азаматтың қалыптасуының негізіне айналады.

«Туған жер» ұғымы жиі кездесетін алғашқы бес лексема қатарына енеді, бұл қазақ халқының бойына сіңген ұлтжандылығын айғақтайды. Бұл құбылыс ұлттық дәстүрмен байланысты: ата–бабалар туған жерді аялауды, жеке тұлғаның дүниеге келуі мен қалыптасқан ортасын қадірлеуді, өз халқының тіліне, мәдениетіне, әдебиеті мен тарихына құрмет көрсетуді, сондай–ақ ұлттың көрнекті өкілдеріне деген мақтаныш сезімін өсиет еткен. Қазақ қоғамында өзінің тегін және жүзге тиесілілігін білу этникалық бірегейлікті түсіну мен кемелділіктің белгісі ретінде қабылданады, бірақ оның түпкі мақсаты – тұтас әрі біртұтас халық қалыптастыру. Ер азамат үшін Отанға деген сүйіспеншілік, оның шаруашылығы мен мәдениетінің дамуына білім, еңбек және күш–жігер арқылы үлес қосу – перзенттік борыш ретінде қабылданады [13].

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында прагматизм қағидалары және білім культімен тығыз байланысты. Ол тұлғаның инновациялық дамуға бағдарлануын, білімді тәжірибеде қолдануын, сапалы нәтижелерге қол жеткізуін, озық тәжірибені таратуды және осы негізде жаңа мәдени дәстүрді қалыптастыруды көздейді. Егер жеке тұлға немесе ұлт жаһандық деңгейде артықшылыққа ие өнім ұсына алса, ол бәсекеге қабілетті деп танылады. Үнемі өзгеріп отыратын әлем жағдайында бәсекеге қабілеттілік жеке адам да, ұлт та табысқа жетудің басты факторы болып саналады.

«Бірлік» ұғымы да ұлттық дамудың дискурсында негізгі орынға ие. Бұл тұрғыда ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің: «Қазақстан халқының бірлігі – бұл жай ғана талап емес, ол – императив. Оны елемеу – болашақтан айырылу. Біз үшін бұл жердегі шын мәнінде маңызды нәрсені түсіну қажет. Басқамен дауласпай, соңғы нанды немесе бұлақ суын бөліскендей, әркіммен бөлісу керек – сонда ғана сенім мен бірлік орнайды» деген пікірі арқашан өзекті [14].

Негізгі лексемаларды («рухани жаңғыру», «ұлттық құндылықтар», «білім», «модернизация») санау алдын ала жүргізілетін талдаудың маңызды кезеңі болып табылады, ол мәтін корпусындағы негізгі ұғымдардың жиілігі мен таралуын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда статистикалық жиілік бұл лексемалардың дискурс құрылымындағы қызметін толық ашып бере алмайды. Тереңірек түсіну үшін олардың қайталанатын терминдер ретінде жасырын прагматикалық және идеологиялық мәнін айқындайтын сапалық дискурстық талдау қажет. Мысалы, алғаш қарағанда бейтарап немесе гуманитарлық сипаттағы «рухани жаңғыру» тіркесі бағдарлама контекстінде мәдени мұра мен ұлттық тұрақтылық үшін азаматтардың ұжымдық жауапкершілігіне үндеу жасайтын ұранға айналады. Бұл лексема құндылықтық бағдарды ғана емес, сонымен бірге мінез-құлықтың нормативтік шеңберін белгілейді, оның аясында әрбір субъект «ұлттық жаңғыру» жобасына символикалық тұрғыдан қатысады.

Сол сияқты, «білім» ұғымы бағдарламаның мәтіндерінде өзінің институционалдық мағынасынан шығып, идеологиялық мәнге ие екені байқалады. Ол «жаңа қазақстандықты» – ұлттық бірегейлік пен жаһандық бәсекеге қабілеттілікті ұштастыратын азаматты қалыптастыру құралы ретінде қызмет атқарады. Осылайша, «білім» лексемасы жаңғыруды рационалды тұрғыдан негіздеудің, реформалардың қажеттілігін дәлелдеудің және дискурстың ұйыстырушы әсерін күшейтудің құралына айналады.

Жалпы, жиі кездесетін түйінді сөздер тек шындықты сипаттап қана қоймай, оны құрастыруға бағытталған перформативті функция атқарады. Базалық ұғымдардың семантикалық қанықтығы арқылы лексика бағдарламаның құндылықтары төңірегінде халықты жұмылдырудың құралына айналатын идеологиялық кеңістік жасалады.

Бағдарламаға қатысты жарияланымдар құндылықтарды қалыптастыру қызметін де атқарады. Осыған байланысты мақалалар мазмұны арқылы қоғам санасында орнығып, құндылықтық бағдарлар ретінде бекітілетін құндылық түрлерін айқындау мақсатында әртүрлі құндылықтарды бейнелейтін лексикалық бірліктер жинақталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жарияланған материалдар мен құжаттарда [15–18] төмендегідей құндылық түрлері көрініс тапқан: адамгершілік құндылықтар, заттық құндылықтар, адами құндылық, өзекті құндылық, ұлтаралық қатынастар құндылықтары, мәдени құндылық, демократиялық құндылық, тарихи және мәдени құндылық, бірегей құндылық, маңызды құндылық, өмірлік құндылық, тәрбиелік құндылық, бағдарлама құндылықтары, ұлттық құндылық, моральдық құндылық, отбасылық құндылық, идеологиялық құндылық, салауатты өмір салты құндылықтары, Тәуелсіздігіміздің қасиетті құндылықтары, бағыт құндылықтары, негізгі құндылықтар, рухани құндылықтар, этнографиялық құндылықтар, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары, мәдени құндылықтар.

Қорытынды

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық дискурсын мазмұндық тұрғыдан талдау оның идеологиялық, мәдени және әлеуметтік қызметтерінің күрделі құрылымын ашуға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында бағдарламаның дискурстық кеңістігі ресми саяси риториканың бейнесі ғана емес, ұлттық сана мен тарихи жақты трансформациялаудың тетігіне айналғаны анықталды.

Бағдарламаның негізгі ұғымдары – рухани құндылық, жаңғыру, ұлттық код, прагматизм, білімге ұмтылыс – қоғамдық санада қалыптасып жатқан концептуалдық құрылымдардың негізін құрайтыны анықталды.

Жалпы алғанда, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының дискурсы қазіргі қазақстандық қоғамның рухани–мәдени даму үдерісінде маңызды рөл атқарады. Ол ұлттық жаңғыру тетігі ретінде әлеуетке ие және жаңа қоғамдық ойлауды қалыптастыруға бастамашы болады. Бұл дискурсты ғылыми тұрғыдан пайымдау бағдарламаның мазмұнын ашуға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық пікір қалыптасу тетіктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Контент–талдау нәтижелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының дискурсы ұлттық бірегейлік, сананы жаңғырту, рухани құндылықтарды нығайту және әлеуметтік бірлік тақырыптары төңірегінде қалыптасатынын көрсетті. Ұлттық бірегейлік дискурсы бағдарламаның және оған қатысты мақалалардың орталық өзегін құрайды. Құжаттар мен баяндамаларда жаһандану жағдайында ұлттың өміршеңдігінің шарты ретінде «ұлттық кодты сақтау» қажеттігі жиі атап өтіледі. Сананы жаңғырту «Рухани жаңғыру» дискурсында жаһандық кеңістікке ықпалдасу үшін қажет ойлау трансформациясы ретінде ұсынылады. Прагматизмге, ашықтыққа және сыни ойлауға ерекше назар аударылады. Жаңғыру адамның ішкі жаңаруынсыз мүмкін емес екендігі жиі айтылады. Рухани құндылықтарды нығайту дискурсы қоғамның негізгі тірегі ретінде дәстүрлерге, моральға және адамгершілікке жүгінеді. Руханилықтың архаикалық элемент емес, тұрақты дамудың ресурсы екендігі атап өтіледі. Жастарды тарихқа, үлкенге, еңбекке құрметпен тәрбиелеу қажеттілігі жиі аталады. Бағдарлама аясында мәдениет, әдебиет пен рухани мұраны жаңғыртуға бағытталған бастамалар қолдау табады. Бағдарлама қоғамды ортақ құндылықтар, толеранттылық және этносаралық келісім төңірегінде біріктіруге назар аударады. Қазақстан халықтар бейбіт қатар өмір сүретін үлгі ретінде ұсынылады. Құжаттарда «жалпы азаматтық сананы қалыптастыру» қажеттігі айрықша аталады.

Жүргізілген контент–талдау нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

– Ресми мәтіндердің интенциялық стратегиялары қоғамды жұмылдыруға, бірегейлікті қалыптастыруға және құндылықтарды трансформациялауға бағдарланған. Бағдарламаның коммуникативтік үндеуі рухани–тарихи мұраға негізделген жаңа қазақстандық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған.

– Контент–талдау патриоттық, гуманитарлық және тәрбие беру бағытындағы лексикасы басым тұрақты лексика–семантикалық доминанттарды анықтады. Ұлттық бірегейлік, білім беру, жастар және цифрлық трансформация мәселелері.

– Дискурстық стратегиялар реформаларды легитимациялауға, тарихи өткенді сакрализациялауға, болашақ азаматтың позитивті бейнесін қалыптастыруға және ұрпақтар сабақтастығын айқындауға бағытталған. Талдау Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жаңғыру бағдарламасының лингвистикалық–семантикалық қырларын кешенді түрде талдауға жасалған алғашқы қадамдардың бірі болып табылады. Ол қазақстандық қолданбалы лингвистика, дискурс–анализ және әлеуметтік лингвистика дамуына үлес қосады, сондай–ақ мемлекеттік саясат пен ұлттық жоспарлау саласындағы концептуалдық аппаратты кеңейтеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала «BR24993269 – Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы және трансформациясы» бағдарламасы аясында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Аналитический доклад «Общенациональные ценности: обзор стратегических ориентиров». – Астана, 2024. – 78 с.

2 Krippendorff K. Content analysis: An introduction to its methodology. – Beverly Hills, CA: Sage, 1980. – 180 p.

3 Пашинян А. Контент–анализ как метод исследования: достоинства и ограничения // КиберЛенинка.

URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontent-analiz-kak-metod-issledovaniya-dostoinstva-i-ogranicheniya> (қарау: 17.04.2025).

4 Ahmad Para S. A qualitative content analysis exploring gender representation in language textbooks published by Jammu and Kashmir board of school education // Social Sciences & Humanities Open. – 2024. – Vol. 10. – Article 100959. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.100959>

- 5 Mayring P. Qualitative Inhaltsanalyse: Grundlagen und Techniken. – Weinheim, 1994. – 215 p.
- 6 Lopez J. I., Shimotsukasa T., Oshio A. I really am more important than you: The relationship between the Dark Triad, cognitive ability, and social value orientations in a sample of Japanese adults // *Social Sciences & Humanities Open*. – 2023. – Vol. 8, № 1. – Article 100716. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100716>
- 7 Tadege A., Seifu A., Melese S. Teachers' views on values–education: The case of secondary schools in East Gojjam, Ethiopia // *Social Sciences & Humanities Open*. – 2022. – Vol. 6, № 1. – Article 100284. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2022.100284>
- 8 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Официальный сайт Президента РК. – 2017. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (қарау: 16.04.2025).
- 9 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың қорытындысы бойынша талдамалық баяндама (2017, 2018 жылдар және 2019 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша). – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2019 ж. – 141б.
- 10 2020 жылдың 10 айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық баяндама. «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020ж. – 201б.
- 11 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру тиімділігі» әлеуметтанулық зерттеуі. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2021 ж. – 75б.
- 12 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын 2022 жылдың 9 айында іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық баяндама. – Астана: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2022 ж. –101б.
- 13 Жарықбаев Қ. Психология негіздері. – Алматы: Эверо, 2015. – 368 б.
- 14 Ауэзов М.М. Времен связующая нить. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2016. – 758 б.
- 15 «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі алты бағыты бойынша технологиялық пакеттер. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020 ж. – 198б.
- 16 «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистерінің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 24б.
- 17 Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер. – Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты», 2020 ж. – 150б.
- 18 «Дәстүрлерді жаңғырту: қазақстандық қоғамдағы жаңа мінез-құлық нормалары» әлеуметтік зерттеуі. – Астана: «Қазақстандық қоғамдық даму институты», 2023. – 75б.

REFERENCES:

- 1 Analiticheski doklad «Obşenasionälnye senosti: obzor strategicheskikh orientirov». (2024). [Analytical report «National Values: Overview of Strategic Guidelines»]. – 78 p. (in Kazakh)
- 2 Krippendorff K. (1980). Content analysis: An introduction to its methodology. Beverly Hills, CA: Sage. – 180 p.
- 3 Paşınan A. Kontent–analiz kak metod issledovania: dostoinstva i ogranicheniya [Content analysis as a research method: advantages and limitations] // KiberLeninka. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kontent-analiz-kak-metod-issledovaniya-dostoinstva-i-ogranicheniya> (qarau: 17.04.2025). (in Russian)
- 4 Ahmad Para, S. (2024). A qualitative content analysis exploring gender representation in language textbooks published by Jammu and Kashmir board of school education. *Social Sciences & Humanities Open*, 10, Article 100959. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2024.100959>
- 5 Mayring P. (1994). Qualitative Inhaltsanalyse: Grundlagen und Techniken. Weinheim. – 215 p.
- 6 Lopez J. I., Shimotsukasa T., Oshio A. (2023). I really am more important than you: The relationship between the Dark Triad, cognitive ability, and social value orientations in a sample of Japanese adults. *Social Sciences & Humanities Open*, vol. 8(1), Article 100716. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2023.100716>
- 7 Tadege A., Seifu A., Melese S. (2022). Teachers' views on values–education: The case of secondary schools in East Gojjam, Ethiopia. *Social Sciences & Humanities Open*, vol. 6(1), Article 100284. <https://doi.org/10.1016/j.ssaho.2022.100284>
- 8 Nazarbaev, N. (2017). Bolashaqqa bagdar: Rukhani zhangyru [A Look into the Future: Spiritual Modernization]. Official website of the President of the Republic of Kazakhstan. Retrieved April 16, 2025, from (in Kazakh). <https://www.akorda.kz/kz/events/>
- 9 «Ruhani jañgyru» bağdarlamasyн jüzege asyruдың qorytyndysy boynşа taldamalyq baiandama (2017, 2018 jyldar және 2019 jyldyñ 9 ainyñ qorytyndysy boynşа). (2019). [Analytical Report on the Results of the Implementation of the 'Rukhani Zhangyru' Program (for 2017, 2018, and the first 9 months of 2019)]. – Nür–Sülтан: «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty» КеАҚ. – 141p. (in Kazakh).
- 10 2020 jyldyñ 10 aiynda «Ruhani jañgyru» bağdarlamasyн іске asyru qorytyndysy boynşа taldamalyq baiandama. (2020). [Analytical Report on the Results of the Implementation of the 'Rukhani Zhangyru' Program for 10 Months of 2020]. «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 201p. (in Kazakh)
- 11 «Ruhani jañgyru» bağdarlamasyн jüzege asyru tiimділігі» әleumettanulyq zertteuі. (2021). [Sociological Study on the Effectiveness of the Implementation of the 'Rukhani Zhangyru' Program]. – Nür–Sülтан: «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 75p. (in Kazakh)

- 12 «Ruhani jañgyru» bağdarlamasyn 2022 jylдың 9 айында іске асыру қорытындысы бойынша талдамалық байандama. (2022). [Analytical Report on the Results of the Implementation of the 'Rukhani Zhangyru' Program for the First 9 Months of 2022]. – Astana: «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 101p. (in Kazakh)
- 13 Jaryqbaev Q. Psihologia negizderi. (2015). [Fundamentals of Psychology]. – Almaty: Evero. – 368 p. (in Kazakh)
- 14 Auezov M.M. Vremen svāzuiuşaia nit. (2016). [The connecting thread of time]. Almaty: İD «Jibek joly». – 758 p. (in Russian)
- 15 «Ruhani jañgyru» bağdarlamasynyñ negizgi alty bağyty boyınша tehnologialyq paketter. (2020). [Technological Packages for the Six Main Areas of the 'Rukhani Zhangyru' Program]. – Nūr-Sūltan: «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 198p. (in Kazakh)
- 16 «Ruhani jañgyru» öñirlik jobalyq ofisteriniñ jūmysyn üymdastyru boyınша әдіstemelik nūsqau. (2019). [Methodological Guidelines on Organizing the Work of Regional Project Offices of the 'Rukhani Zhangyru' Program]. – Nūr-Sūltan. – 24p. (in Kazakh)
- 17 Qoğamdyq sanany jañgyrtu: tūjyrymdamalyq jāne әдіsnamalyq tāsilder. (2020). [Modernization of Public Consciousness: Conceptual and Methodological Approaches]. – Nūr-Sūltan: «Ruhani jañgyru» qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 150p. (in Kazakh)
- 18 «Dästürlerdi jañgyrtu: qazaqstandyq qoğamdağy jaña minez-qūlyq normalary» әleumettik zertteui. (2023). [Social Study 'Revitalization of Traditions: New Norms of Behavior in Kazakhstan Society']. –Astana: «Qazaqstandyq qoğamdyq damu instituty». – 75p. (in Kazakh)

ЦЕННОСТНАЯ ПАРАДИГМА ДИСКУРСА ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» И ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ МОЛОДЕЖИ

Шукенай Г.Т.

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан,
г. Талдықорган*

**e-mail: chukenaeva@mail.ru*

Аннотация. Статья посвящена педагогическому анализу общественного дискурса программы «Рухани жаңғыру». Основная цель исследования – выявить ценностные ориентиры в официальных и общественных коммуникациях и научно обосновать их воспитательный потенциал в формировании национальной идентичности молодежи. Работа исходит из того, что политика модернизации общественного сознания является не только социально-политическим феноменом, но и значимым методологическим и содержательным ресурсом, который может эффективно использоваться в системе образования и воспитания.

Исследование направлено на определение роли дискурсивных стратегий в формировании ценностных установок молодежи и на разработку научных основ использования духовного и культурного содержания в образовательном процессе. Научная новизна исследования заключается в предложении нового подхода к комплексному анализу государственного идеологического дискурса с позиций педагогической науки. Практическая значимость состоит в возможности применения результатов в учебно-воспитательном процессе, в программах и методических материалах.

В качестве методологической базы использован контент-анализ: количественный анализ позволил выявить частотность ключевых лексических единиц и тематических маркеров, а качественный – интерпретировать их в социально-культурном контексте. В результате установлено, что такие доминантные понятия, как «национальные ценности», «образование», «возрождение», «единство», «казахский язык», играют ключевую роль в формировании ценностного образа молодежи.

Возможности формирования национальной идентичности молодежи определяются, прежде всего, их ориентацией на ценности, основанные на исторической памяти и культурных традициях. Кроме того, такие понятия, как «образование», «язык» и «единство» способствуют осознанию молодежью собственного «национального Я» и формированию конкурентоспособности в глобальном пространстве. Ценностная парадигма программы усиливает гражданскую ответственность молодежи, укрепляет социальное единство и национальную целостность, выполняя функцию действенного педагогического инструмента.

Ключевые слова: Рухани жаңғыру, общественный дискурс, ценность, ценностные ориентиры, контент-анализ, модернизация общественного сознания, дискурсивные стратегии.

**THE VALUE PARADIGM OF THE 'RUKHANI ZHANGYRU' PROGRAM
DISCOURSE AND THE OPPORTUNITIES FOR SHAPING YOUTH
NATIONAL IDENTITY**

G.T. Shukenay

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

**e-mail: chukenaeva@mail.ru*

Abstract. The article is devoted to the pedagogical analysis of the public discourse of the «Rukhani Zhangyru» program. The main objective of the study is to identify value orientations in official and public communications and to substantiate their educational potential in shaping the national identity of youth. The research is based on the idea that the modernization of public consciousness is not only a socio-political phenomenon but also an important methodological and substantive resource that can be effectively integrated into the system of education and upbringing.

The study focuses on determining the role of discursive strategies in shaping youth's value orientations and on developing scientific foundations for the effective use of spiritual and cultural content in the educational process. The scientific novelty lies in offering a comprehensive pedagogical analysis of state ideological discourse, while the practical value is reflected in the applicability of results in educational practices, value-oriented programs, and methodological materials.

The methodological framework is based on content analysis: quantitative analysis was used to identify the frequency of lexical units and thematic markers, while qualitative analysis was aimed at interpreting them within political and cultural contexts. The results revealed that dominant concepts such as «national values», «education», «renewal», «unity», and «Kazakh language» play a significant role in shaping the value-based worldview of youth.

The potential for developing youth's national identity is primarily determined by their orientation toward values rooted in historical memory and cultural traditions. Moreover, the concepts of «education», «language», and «unity» contribute to the recognition of their own «national self» and enhance competitiveness in the global context. The value paradigm of the program strengthens civic responsibility, fosters social cohesion, and reinforces national integrity, thus serving as an effective pedagogical tool.

***Keywords:** Rukhani Zhangyru, public discourse, value, value orientations, content analysis, modernization of public consciousness, discursive strategies.*

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘНШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ (ҚАЗАҚ ӘНДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Шыныбаев С.Т.* , Таубалдиева Ж.Ш. , Онгарбаева С.С. 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
*e-mail: Serikbolshynbaev@gmail.com

Аңдатпа. Қазіргі қоғамда ұлттық бірегейлікті сақтау және мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мәселесінің өзектілігі артуда. Осы тұрғыда, білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды насихаттаудың негізгі институт. Мақалада болашақ музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби даярлығында қазақтың бай ән өнерін пайдаланудың тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеудің мақсаты – қазақ халық әндерін қолдану негізінде болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын дамытуға әсер ететін педагогикалық шарттарды анықтау және олардың тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу барысында педагогикалық шарттар ретінде мынадай мәселелер қарастырылды: қазақ әндерінің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламасына сәйкес вокалдық репертуарды іріктеу; студенттердің жеке ерекшеліктеріне сай сараланған оқыту әдістерін қолдану және қазақ әндерінің интонациялық құрылымын, орындаушылық дәстүрін, сондай-ақ, бейнелік мазмұнын терең талдау. Сонымен қатар, қазақ әндерінің ұлттық колориті мен эмоционалдық тереңдігі вокалдық техниканы жетілдіруге және көркемдік интерпретацияны дамытуға ықпал ететін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Әншілік дағдыларды жетілдіру барысында ұлттық нақышты сақтай отырып, вокалдық техника, интонация мен музыкалық-мақсатты ойлауды дамыту ерекше назарға алынды.

Зерттеу нәтижелері қазақ ән мұрасын оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу болашақ мұғалімдердің тек кәсіби-шығармашылық әлеуетін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын, рухани-адамгершілік құндылықтарын және кәсіби өзіндік санасын қалыптастыруға оң әсер ететінін көрсетті. Осылайша, қазақтың ән өнері музыка мұғалімдерін даярлауда маңызды дидактикалық және тәрбиелік ресурс ретінде ғылыми тұрғыдан негізделген. Бұл жұмыс музыка педагогикасының теориясы мен практикасына, сондай-ақ, ұлттық музыкалық мәдениетті насихаттау ісіне өз үлесін қосады.

Кілт сөздер: болашақ музыка мұғалімі, әншілік дағды, қазақ халық әндері, вокалдық дайындық, педагогикалық шарттар, кәсіби даярлық, ұлттық мәдениет.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі – ұлттық құндылықтарды ескере отырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру. Осы контексте музыка пәні мұғалімдерін даярлау ерекше маңызға ие, себебі музыка өнері жас ұрпақтың эстетикалық талғамын, рухани байлығын қалыптастыруға және мәдени мұраны дәріптеуге ықпал етеді. Осыған байланысты, болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастыру олардың кәсіби даярлығының ажырамас компоненті ретінде қарастырылады.

Т.А. Волошина бойынша, әншілік дағдылар – бұл вокалдық қызметтің техникалық және көркемдік аспектілерін саналы түрде меңгеру қабілеті. Оған дыбыс шығарудың дұрыс жүйесін қалыптастыру, тыныс алуды басқару, артикуляцияны жетілдіру, интонациялық дәлдікке қол жеткізу және музыкалық шығарманы көркем интерпретациялау жатады. Бұл дағдылар техникалық шеберлікпен қатар, орындаушылық мәдениетті, сахналық мінез-құлықты және эмоционалдық экспрессияны дамытуды қамтиды [1].

Кратус бойынша, музыкалық білім беру – жеке тұлғаның музыкалық мінез-құлқын қалыптастыру процесі, ол белгілі бір музыкалық мінез-құлықты енгізу, өзгерту және музыкалық мінез-құлықта қажетті өзгерістер жасау арқылы жүзеге асады.

Сэвидж музыкалық білім берудің студенттердің музыкалық қабылдау қабілеттерін әртараптандыруға бағытталып, оларды белгілі бір шектеулерден босатып, көпқырлы музыкалық платформаларда ән салуға және тыңдауға ынталандыру қажеттігін

атап көрсетеді. Сонымен қатар, Каркина С., Мена Дж., Валеева Р және т.б. еңбегінде музыкалық білім беруде когнитивтік дамумен қатар мінез–құлық өзгерісінің де жүзеге асатыны айқындалады [2].

Музыкалық білім беру балалар мен жасөспірімдердің когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқу үдерісіне мәдени тұрғыдан маңызы жоғары музыкалық материалдарды енгізу білім алушыларға анағұрлым мазмұнды және көпқырлы білім беру тәжірибесін қамтамасыз етеді. Қазақстан контекстінде вокалдық орындаушылық шеберлік, әсіресе қазақ халық әндеріне негізделген вокалдық өнер, ғасырлар бойы ұлттық мәдени мұраның және этникалық болмыстың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қалыптасқан.

Соған қарамастан, қазақ халық әндеріне негізделген вокалдық орындаушылық дәстүр қазіргі музыкалық білім беру бағдарламаларына толық көлемде енгізілмеген. Бұл жағдай болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығында ұлттық компоненттің жеткіліксіз ескерілетінін көрсетеді және білім беру мазмұнының мәдени сәйкестігін қамтамасыз ету қажеттілігін туындатады.

А.Н. Егоровтың «Әншілік дағдыларды дамытудың заманауи тәсілдері» мақаласында болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығы ең алдымен, олардың музыка теориясын терең меңгеруімен, аспапта орындаушылық және ән айту (вокалдық орындау) шеберлігімен бағаланады деп көрсетілген. Музыка мұғалімінің қай салада жұмыс істегеніне қарамастан, одан ең алдымен жоғары деңгейлі маман және орындаушы болу талап етіледі [3].

Бүгінде өзекті мәселелердің бірі – дамыған елдер қауымдастығында эталон болып танылған ән айту (вокалдық) орындау ережелерін ұлттық ән өнеріміздің дәстүрлерін ескере отырып, зерделеу болып табылады. Біздің студенттерден ән айтуда қазақ халық және классикалық әндерін, композиторлар шығармашылығын, композиторлар туындыларын, әлем халық әндерін орындау дағдыларын дамыту талап етіледі. Студенттерге теориялық білімді меңгеру күрделі процесс болып көрінеді. Алайда, болашақта мұғалім ретінде тиімді жұмыс істеу үшін студенттер дыбыс туралы қажетті ғылыми және теориялық білімді меңгеруі керек. Сонда ғана олар тәжірибеде туындайтын мәселелердің ғылыми және теориялық шешімдерін оңай таба алады.

Болашақ музыка мұғалімінің әншілік дағдыларын қалыптастыру үшін – вокалдық–музыкалық педагогиканың негізгі қағидалары мен әдістері, дыбыс жасаудың психологиялық, физиологиялық және акустикалық негіздері, сондай–ақ вокалдық шеберлік пен музыкалық педагогиканың негізгі тәсілдерімен танысу үшін заманауи ғылыми–әдістемелік әдебиет. Осыған байланысты, қазақ халық әндерін пайдалану арқылы болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеу – қазіргі музыкалық білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: қазақ халық әндерін қолдану негізінде болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын дамытуға әсер ететін педагогикалық шарттарды анықтау және олардың тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу міндеттері:

1. Әншілік дағдылар ұғымын және оның құрылымдық компоненттерін теориялық тұрғыдан талдау.
2. Қазақ халық әндерінің болашақ музыка мұғалімдерін даярлаудағы рөлін айқындау.
3. Әншілік дағдыларды дамытудағы педагогикалық шарттар жүйесін әзірлеу.
4. Ұсынылған педагогикалық шарттардың тиімділігін эксперимент арқылы тексеру.

Ғылыми жаңалығы: зерттеу барысында қазақ халық әндерін интеграциялау негізінде болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары теориялық және практикалық негізде ұсынылады.

Практикалық маңызы: әзірленген әдістемелік шарттар жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізілген жағдайда, музыка пәні мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға,

ұлттық мәдени мұраны сақтауға және болашақ педагогтардың кәсіби–шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Жетісу университетінің «Дене шынықтыру және өнер» факультетінде «Музыкалық білім беру» мамандығының 2–3–4 курс студенттері арасында жүргізілді. Экспериментке барлығы 28 студент қатысты, олардың ішінде 15–і қыздар және 13–ы ұлдар болды. Зерттеу жұмысы үш кезеңнен тұрды: диагностикалық, қалыптастырушы және бақылау–қорытынды кезеңдері. Әрбір кезең өзіне тән міндеттерді орындауға бағытталып, болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қазақ халық әндері негізінде қалыптастыруға арналған педагогикалық шарттардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалдары ретінде қазақ халық әндерінің кең тараған репертуары пайдаланылды. Олардың қатарында «Гэкку», «Айнамкөз», «Ақбаян», «Япурай», «Сарыжайлау» сынды халықтық туындылар бар. Бұл әндер қазақтың ұлттық вокалдық мәдениетін айқындайтын негізгі үлгілер болып табылады және студенттердің көркемдік–эстетикалық талғамын, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әншілік дағдыларды дамытуға бағытталған вокалдық жаттығулар кешені енгізілді. Жаттығулар дыбыс қою техникасын жетілдіруге, тыныс алу мен артикуляцияны дұрыс қалыптастыруға, сондай–ақ студенттердің вокалдық диапазонын кеңейтуге бағытталды. Әдістемелік құралдар ретінде музыкалық педагогикаға арналған оқулықтар, қазақ фольклоры бойынша жинақтар және заманауи музыкалық білім беру технологиялары пайдаланылды.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Теориялық деңгейде музыкалық педагогика, вокалдық әдістеме және халықтық педагогика саласындағы ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Сонымен бірге, қазақ халық әндерінің құрылымдық ерекшеліктері ырғақтық, әуендік негіздері зерттеліп, олардың педагогикалық мақсатта қолдану мүмкіндіктері қарастырылды. Эмпирикалық әдістер қатарында педагогикалық эксперимент негізгі орын алды. Эксперимент қазақ халық әндері негізінде арнайы әзірленген вокалдық жаттығуларды және репертуарды жүйелі түрде оқу үдерісіне енгізу арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, сабақ барысындағы студенттердің орындаушылық деңгейін, интонациялық дәлдігін, дыбыс қою мәдениетін бақылау әдісі арқылы анықтау көзделді. Сауалнама және әңгімелесу әдістері студенттердің ұлттық әндерге деген қызығушылығы мен кәсіби уәжін айқындауға бағытталды.

Сараптамалық әдістер де қолданылды, атап айтқанда, музыка пәні оқытушылары мен вокал мамандарынан алынған пікірлер сараптамалық тұрғыдан талданып, қазақ әндерін орындаудағы көркемдік және техникалық деңгей бағаланды. Нәтижелер пайыздық көрсеткіштер арқылы сипатталды және экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштерді салыстыру үшін вариациялық талдау жүргізілді.

Зерттеу этикалық принциптерге толық сәйкес жүргізілді. Барлық қатысушылар зерттеу туралы толық ақпараттандырылып, ерікті түрде қатысуға келісім берді. Эксперимент барысында авторлық құқық сақталып, ұлттық музыкалық мұраға құрметпен қарау қағидаты негізге алынды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін объективті көрсету және шынайылықты сақтау негізгі ғылыми ұстанымдардың бірі болды.

Болашақ музыка мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі көптеген зерттеушілердің назарында болып, бірнеше аспект бойынша қарастырылады. Т.В. Ладыженская зерттеуі бойынша, бұл бағыттағы зерттеулердің негізгі тақырыптарына музыкалық–педагогикалық білім беру тарихы Г. Николаи, Т. Танько, В. Черкасов, музыкалық өнер мұғалімін кәсіби дайындаудың теориялық концепциялары А. Козырь, О. Олексюк, Г. Падалка, О. Ростовский, О. Рудницкая, О. Щелокова, болашақ мұғалімдерді дайындаудағы құзыреттілік тәсіл Т. Агейкина–Старченко, А. Боблиенко, К. Кабриль, М. Михаськова, А. Рыбников және музыкалық–педагогикалық қызметке даярлау А. Болгарский, Т. Жигинас, Н. Мозгалева, А. Плохотнюк, Т. Рейзенкинд еңбектері жатады [4].

Сонымен қатар, болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық қызметіне дайындық мәселесі Б.А. Успенский пен Б.Л. Годиктің «Вокалдық педагогика: теориясы және практикасы» еңбегінде қарастырылған. Бұл бағытта вокалдық орындаушылық және вокалдық педагогика ерекшеліктері О. Стахевич, Ю. Юцевич, болашақ музыка мұғалімдерін вокалдық қызметке үздіксіз кәсіби дайындау Н. Можайкина, Т. Пляченко, вокалдық орындаушылық шеберлікті қалыптастыру Г. Стасько, А. Шуляр, вокалдық–әдістемелік дайындық Л. Василенко, Л. Гавриленко, Л. Каменецкая, А. Матвеева, А. Прядко, вокалдық–дыбыстық мәдениетті қалыптастыру және вокалдық естуді дамыту О. Маруфенко, Т. Ткаченко, сондай-ақ инновациялық технологиялар Г. Панченко бойынша маңызды зерттеулер жүргізілген [5].

И. Розимуродов болашақ музыкалық мұғалімнің кәсіби қызметін үш негізгі топқа жіктейді. Ол болашақ музыкалық мұғалімнің жалпы орта мектепте толыққанды қызмет атқаруы үшін «музыкалық аспапта орындаушылықты меңгеру», «дауыс өндіру қабілетін иелену» және «музыкалық–теориялық білім алу» талап етілетінін атап көрсетеді. Сонымен қатар, ғалымның пікірінше, болашақ музыкалық мұғалім педагогика саласында, музыка теориясы, сольфеджио, гармония, хорлық және хор жүргізу, аспаптық орындаушылық, фортепиано және аспаптық музыка салаларында бакалавриат деңгейінде білім алуы қажет [6].

Ән айту процесі ерекше эмоциялардың туындауына ықпал етеді, ал бұл эмоциялар өз кезегінде ән айтуға әсер етеді, – деп Дмитриев қарастырған [7]. Кез келген іс–әрекеттегі сияқты, олар ән айту процесіне оң немесе теріс әсер етуі мүмкін. Эмоциялар белсендіруші (стеникалық) сипатта болып, ағзаның жалпы тонусын арттырып, оның энергиясы мен күшін көбейтсе, екінші жағынан күйзелістік (астеникалық) сипатта болып, өмірлік белсенділікті төмендетуі мүмкін. Ән айтудан туындайтын қуаныш пен рахаттану сезімі ағзаның жалпы тонусын көтеріп, дауысқа оң әсер етеді. Дегенмен, шамадан тыс қобалжу ән айту функциясына кері әсер ететінін ескеру қажет, себебі бұл ми қызметінің тежелуіне әкеліп соғады, нәтижесінде қозғалыстар дәлдігін жоғалтуы мүмкін, ал ән айту дәл үйлестіруді талап етеді. Сондықтан, оқытудың бастапқы кезеңінде оқушыны шамадан тыс қобалжытатын шығармалардан аулақ болу керек. Бұған өте темпераментті, құмарлықты және ең жоғары эмоционалдық шиеленісті талап ететін музыкалық шығармалар жатады. Оларды ән айту дағдылары толық қалыптасқан кезде ғана репертуарға қосу ұсынылады.

Әншілік дағдыларды қалыптастыру – табысты құзыреттіліктерді меңгерудің негізі. З. Алиева бойынша, әншілік дағдылар дегеніміз – ән айту актісінің компоненті болып табылатын іс–әрекетті орындаудың ішінара автоматтандырылған тәсілі [8].

Олардың негізінде шартты–рефлекторлық байланыстарды құру және нығайту, сондай-ақ, бір жүйеден екіншісіне оңай ауысатын байланыстар жүйесі динамикалық стереотиптерді қалыптастыру жатыр. Тұрақты жаттығулар нәтижесінде әншілік дағдылар ішінара автоматтанады, сәйкесінше, әртүрлі ән айту әрекеттерін орындау процесін саналы бақылау төмендейді, бірақ бұл әрекеттердің нәтижелері санада үнемі көрініс табады. Дағдылардың автоматизмі ән айту кезінде маңыздырақ орындаушылық және көркемдік міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Әншілік дағдыларды меңгермей, әнші әншілік шеберлікке жете алмайды. Сондықтан, ән айтуды оқытудың бірінші кезектегі міндеті дұрыс ән айту тәсілдерін қалыптастыру және оларды автоматты деңгейге дейін жеткізу.

Әншілік дағдылар, әдетте, қозғалыс дағдылары ретінде қарастырылады, бірақ бұл толықтай дұрыс емес. Б.Т. Бейсенбаева өз еңбегінде ән айту барысында дыбыс шығару үшін бұлшықет қозғалысы міндетті түрде қатысатындығын атап көрсеткен [9]. Алайда, әншілік дағдыларды қалыптастыруда басым рөл атқаратын – есту қабілеті. Дыбысты шығарғанда, естуді жеке тыңдау дағдысы, ал бұлшықет әрекеттерін тек моторлы әншілік дағдылар ретінде қарастыруға болмайды. Есту және дауыс моторикасы анатомиялық жағынан бөлек жүйелер болса да, ән айту кезінде физиологиялық тұрғыдан біртұтас болады, өйткені олар бөлек жұмыс істей алмайды. Дыбыс шығару дауыс моторикасы арқылы жүзеге асырылады. Дауыс моторикасы әрекетке итермелеп, оның жұмысын реттейді; ал есту дыбысты

шығаратын қозғалыс жүйесінің негізгі реттеушісі. Есту мен дауыс моторикасының бұл үйлесімі, яғни қозғалыс әрекеттерінің есту бақылауымен орындалуы психологияда сенсомоторлық дағды деп жіктеледі. Әншілік дағды түрін нақтылау оның мәнін тереңірек түсінуге және оны қалыптастыру әдістемесін дәлірек анықтауға мүмкіндік береді.

Әншілік дағдының психологиялық механизмін Д.Е. Огороднов екі бөлікке бөлді: бағдарлаушы және орындаушылық [10]. Біріншісі іс-әрекетті орындау тәсілдерін анықтаса, екіншісі оларды іске асырады. Іс-әрекеттің сәтті орындалуы реттеуші образдың немесе бағдарлаушы бөліктің толықтығына байланысты. Сондықтан, ән айтуды үйрету кезінде оның қалыптасуына бірінші кезектегі мән беріледі. Ән айтуда реттеуші образ дыбыстық образ. Бір нәрсені айту үшін, шығарылатын дыбысты нақты елестету қажет. Осылайша, сенсомоторлық әншілік дағдыны қалыптастырудың ең алғашқы кезеңі жетекші сенсорлық-есту звеносын, яғни әншілік-музыкалық образды құру. Ол дауыс моторикасына қатысты бағдарлаушы және бағдарламалаушы функцияларды орындайды. Демек, әншілік дағдыларды қалыптастырудың бастапқы кезеңіндегі негізгі міндет оқушыда реттеуші әншілік-музыкалық образды тезірек құруға мүмкіндік беретін әдістемені қолдану. Ең қарапайым тәсіл педагогтың өзі немесе аудиожазба арқылы дыбысталуды көрсету. Бұл әдіс өте тиімді.

Оқытудың бастапқы кезеңінде дұрыс дауыс шығаруға қажетті қозғалыстарды көрсету де қолданылады: тыныс алу бұлшықеттерінің, төменгі жақтың, еріннің қозғалысы, ауыздың ашылу формасы, есінеу. Мұның бәрі мұғалімнің түсіндіруімен бірге жүруі қажет. Бұл ретте сезімдік таным құралы болып табылатын көрсету (бірінші сигналдық жүйе) сөзбен (екінші сигналдық жүйе) біріктіріледі. Соның арқасында дыбысты қабылдау және оның негізінде пайда болатын түсініктер саналы, тұрақты және жақсы есте сақталады.

Болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастыру мәселесі кең ауқымды зерттеулердің нысаны болған. И.В. Федорова бұл даярлықты жоғары оқу орнындағы білімдік-дамыту ортасында жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтеді. Оның тұжырымдамасы бойынша, вокалдық дайындық тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытудағы мағыналық механизм ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл ойды Т. Агейкина-Старченко, А. Боблиенко, К. Кабриль және басқа да ғалымдар қолданылатын компетенттік тәсіл теориясымен байланыстырады [11].

Қазақ әндері негізінде әншілік дағдыларды қалыптастыру мәселесін зерттеген ғалымдар арасында Қ. Ахметова мен Н. Күнтуған еңбектерін Н.Т. Фаттахова, Р.К. Жанабаева, С.А.Шепаева өз зерттеулерінде атап көрсеткен [12]. Олар қазақ әндерінің жанрлық ерекшеліктерін, орындау мәнерін және вокалдық дағдыларды дамытудағы әлеуетін зерттеген. Мәселен, Қ. Ахметова қазақ халық әндерінің орындаушылық ерекшеліктері, атап айтқанда, кең тыныс, әуенді әшекейлеу және сөз бен әуеннің бірлігі сияқты аспектілерді талдаған. Бұл аспектілер болашақ мұғалімдердің вокалдық мәдениетін қалыптастыруға негіз болады.

А. Рыбников пен Л. Лабинцеваның инновациялық технологияларды қолдану туралы идеялары қазақ әндерін оқыту процесінде үлкен мәнге ие. Олардың зерттеулері мультимедиялық және интерактивті құралдарды пайдалану арқылы студенттердің вокалдық-орындаушылық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Л. Тоцкаяның вокалдық дайындықты жетілдірудің ұйымдастырушылық-әдістемелік жүйесін құру туралы тұжырымдамасы қазақ әндері негізіндегі оқыту бағдарламаларын әзірлеуде пайдалы.

Ә.М. Нысанбаев өзінің «Халық әндерін мектептегі музыкалық тәрбие процесінде пайдалану» мақаласында осы заманауи әдістемелік тәсілдердің қазақ әндерін оқытудағы практикалық құндылығын атап көрсетеді. Осылайша, аталған ғалымдардың идеялары қазақ әндерін оқытуды жаңа деңгейге көтеруге негіз болады [13].

Сонымен қатар И.В. Москвина зерттеуі бойынша Г. Стасько мен А. Шуляр еңбектерінде вокалдық орындаушылық шеберлікті қалыптастырудың теориялық негіздері баяндалған, бұл болашақ мұғалімдердің вокалдық техникасын, артикуляциясын және көркемдік ойлауын дамытуға тікелей әсер етеді [14]. Бұл мәселелер Қазақстанның музыкалық білім беру контекстінде маңызды, себебі қазақ әндері ерекше дауыс аппаратын талап етеді.

Болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығында әншілік дағдыларды қалыптастыру – вокалдық-педагогикалық процестің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Әншілік дағды – бұл дауыс аппаратының үйлесімді қызметін, музыкалық есту қабілетін, тыныс алу техникасын, артикуляциялық аппараттың икемділігін және орындаушылық мәдениетті қамтитын күрделі интегративті құбылыс. Пичугина Л.Н. өзінің «Болашақ музыка мұғалімдерін даярлаудағы зерттеу қызметі» еңбегінде болашақ мамандарды дайындаудағы осы күрделі әншілік дағдыны қалыптастырудың маңыздылығына назар аударады [15].

А.В. Глузман мен А.А. Глузман вокалдық педагогикада әншілік дағдыларды қалыптастыру бірнеше әдіс арқылы жүзеге асады деп санады:

Инструменталды әдіс. Әншілік процесі немесе дыбыс қоюға арналған жаттығулар музыкалық аспаптар, мысалы, фортепиано, скрипка және басқа да аспаптар сүйемелдеуімен жүргізіледі. Бұл әдіс студенттердің интонациялық дәлдігі мен музыкалық есту қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Практикалық (эмпирикалық) әдіс. Бұл әдіс ежелгі итальяндық мектепте кең таралған. XVI–XVIII ғасырларда вокал мұғалімдері шебер әншілер болуы тиіс болған және олардың негізгі ұраны: «Мен сияқты ән айт» принципі болды. Бұл әдіс вокалдық дағдыларды тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Концентрлік әдіс. Ұлы орыс композиторы Михаил Глинка негізін салған бұл әдіс дыбыс диапазонын кеңейтуге бағытталған. Студенттерді комфортты ноталардан бастап әдемі айтылатын ноталарға дейін жаттықтыру вокалдық шеберлікті жетілдірудің тиімді тәсілі болып саналады.

Негізгі (комфортты) тон әдісі. Неміс педагогы Ф. Шмитттің пікірінше, примарлы (комфортты) тон диапазонның ортасында орналасқан. Дұрыс дыбыс формасы диапазонды кеңейтуге мүмкіндік береді және вокалдық техникамен қатар орындаушылық қабілетті дамытады [16].

Сабак барысында студенттерге таныс шығармаларды орындау кеңінен қолданылады. Бұл олардың зерттеліп жатқан шығарманың идеясына сәйкес әндерді ынтамен орындауын қамтамасыз етеді. Кульминациялық қиындықтарға қарамастан, мұғалім студенттердің рефлексивтік табиғатын ескеруі қажет, бұл олардың вокалдық және техникалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Әншілік дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруда ең алдымен мынадай элементтерге назар аударылады: дыбыс қою техникасы, тыныс алу мәдениеті, дикция мен артикуляция, әуендік-интонациялық дәлдік, тембрлік тазалық және көркемдік-бейнелік интерпретация. Бұл компоненттердің әрқайсысы болашақ мұғалімнің кәсіби тұлғасын жетілдіруге тікелей ықпал етеді, өйткені музыка пәні мұғалімі тек орындаушы ғана емес, сонымен қатар шәкірттердің музыкалық талғамын тәрбиелеуші, ұлттық мәдениетті жеткізуші тұлға болып саналады.

Қазақтардың өмірінде музыка әрқашан айрықша мәнге ие болып келген, ал этнологтар, өнертанушылар және эстетиктердің еңбектерінде көрсетілгендей, әлем қазақтар үшін бүтіндей музыкалық құбылыс ретінде қабылданған. Әсіресе, музыкада «басқа өнер түрлерінен, сондай-ақ прозалық немесе поэтикалық әдебиеттен айтарлықтай ерекшелігімен қазақтардың этногенезі мен этнопсихологиясының ерекшеліктері және олардың этникалық тарихы сақталып, көрініс табады.

Қазақ халық әндері – ұлттық музыкалық мәдениеттің мәйегі, халықтың дүниетанымын, тарихын, философиясын, эстетикалық құндылықтарын бойына сіңірген рухани мұра. Ғалым А. Жұбанов атап өткендей: «Қазақтың ән өнері – ұлттың жаны мен рухын танытатын, оның мінез-құлқы мен ойлау ерекшелігін бейнелейтін феномен» [17]. Сондықтан болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын дамытуда қазақ әндерін жүйелі қолдану кәсіби және тұлғалық тұрғыдан маңызды.

Қазақ халық әндері орындаушылыққа табиғи түрде ыңғайлы: олардың әуендік құрылымы кең тынысты, ырғақтық формалары икемді, ал мәтіндік мазмұны тәрбиелік мәнге ие. Мысалы, «Гэкку» немесе «Сарыжайлау» секілді лирикалық әндер дыбыс мәдениетін, тыныс алу тұрақтылығын қалыптастыруға ықпал етсе, «Айнамкөз», «Япурай» сияқты әндер интонациялық нақтылық пен эмоциялық бояуды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Г.М. Аманжолованың зерттеу нәтижесінде қазақ халық әндері негізінде болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын тиімді қалыптастыруға ықпал ететін мынадай негізгі педагогикалық шарттар айқындалды [18]:

1. Ұлттық репертуарды мақсатты іріктеу және жүйелі енгізу. Әндердің таңдалуы олардың дыбыстық диапазоны, әуендік күрделілігі және тәрбиелік мазмұнына сәйкес жүргізілуі тиіс. Мысалы, бірінші кезеңде қарапайым әуенді қысқа әндер «Қара жорға», «Қарагөз» қолданылса, кейін күрделірек лирикалық және эпикалық туындылар «Гэкку», «Ақбаян» енгізіледі.

2. Вокалдық техникаға негізделген әдістемелік қолдау. Әрбір сабақта арнайы вокалдық жаттығулар қолданылды: тыныс алу гимнастикасы, дыбысты еркін шығару, диапазонды кеңейту, артикуляциялық аппаратты икемдеу. Бұл тәсіл әнді таза әрі көркем орындауға қажетті физиологиялық негізді қамтамасыз етеді.

3. Музыкалық-эстетикалық тәрбиені ұлттық құндылықтармен ұштастыру. Сабақ барысында халық әндерінің шығу тарихы, олардың тәрбиелік мәні, әуендік құрылымдары түсіндіріліп, студенттердің ұлттық өнерге қызығушылығы мен құрметі арттырылды.

4. Рефлексия және өзіндік талдау әдістерін енгізу. Ән орындау процесінде студенттерге өз дауыстарын жазып тындау, сарапшылардың пікірін ескеру және өзіндік бағалау жүргізу тапсырылды. Бұл олардың өз жетістіктерін сараптап, кемшіліктерін түзетуге мүмкіндік берді.

Жүргізілген эксперимент барысында үш кезең қолданылды:

✓ Диагностикалық кезеңде студенттердің бастапқы орындаушылық деңгейі анықталды, олардың вокалдық қиындықтары айқындалды.

✓ Қалыптастырушы кезеңде арнайы әзірленген жаттығулар мен ұлттық әндер негізінде жүйелі жұмыс жүргізілді.

✓ Бақылау-қорытынды кезеңінде студенттердің әншілік дағдыларының даму динамикасы бағаланды.

Болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастыруда педагогикалық шарттар оқу үдерісінің сапасы мен тиімділігін анықтайтын маңызды фактор болып табылады. Бұл шарттар бірнеше негізгі қағидаттарға сүйенеді:

1. Оқытудағы кезеңдік және жүйелілік қағидаты.

Вокалдық дайындық барысында студенттер қарапайымнан күрделіге қарай қозғалу принципін ұстануы тиіс. Бұл қағидат вокалдық диапазонды кеңейту, жаттығулардың күрделілігін арттыру, репертуар таңдау, лирикалық шығармалардан драмалық туындыларға өту арқылы жүзеге асады. Сабақтарда дыбыс сапасы, оның жетілдірілуі, вибрация мен резонанс мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, дауыс шымылдығына шамадан тыс жүктеме түсіруден аулақ болу қажеттігі ескерілетін маңызды шарт болып табылады.

2. Музыкалық-көркемдік және вокалдық-техникалық дамудың қағидаттары.

Вокалдық-техникалық дағдыларды қалыптастыру – оқытушының басты міндеті. Студент өз дауысын дұрыс басқара алмаған жағдайда музыкалық шығарманың идеялық мазмұнын жеткізе алмайды. Сондықтан кәсіби орындаушыны тәрбиелеу екі міндетті қатар шешуді талап етеді: орындаушылық аппаратты жетілдіру және вокалдық дағдыларды дамыту. Күрделі шығармалармен жұмыс істегенде де студентке техникалық жаттығулармен қатар вокалдық-шығармашылық міндеттер берілуі қажет. Бастапқы кезеңдегі сабақтарда оқытушы мен студенттің назары вокалдық және техникалық дағдыларды дамытуға бағытталады, бұл ретте еңбекқорлық, көркемдік-шығармашылық қабілет және актерлік шеберлік алдыңғы орынға шығады.

3. Әр студентке жеке көзқарас қағидаты.

Әр студенттің вокалдық деңгейі бірегей болып табылады. Студенттің дауыс көлемі, тембрі, диапазоны, мінез–құлқы және дене құрылымы ескерілуі қажет. Сондықтан сабақтар студенттің жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс, бұл олардың вокалдық потенциалын барынша ашуға мүмкіндік береді.

4. Тұрақты өзін-өзі жетілдіру қағидаты.

Студенттің өз бетінше жұмыс істеуі маңызды педагогикалық шарт болып саналады. Бұл шығармашылық үдерістерді зерттеу, жаңашылдыққа ұмтылу және жүйелі түрде еңбектену арқылы кәсіби шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқыту үдерісінің соңғы кезеңінде Е.В. Толстикова бойынша, студенттің дербес дайындық деңгейі басты назарда болады, бұл оның кәсіби тәуелсіздігі мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді [19].

Қалыптастырушы кезеңнің қорытындысы көрсеткендей, қазақ халық әндерін мақсатты қолдану студенттердің ән айту дағдыларын едәуір жетілдірді. Әсіресе, интонациялық дәлдік, тыныс алу тұрақтылығы және дыбыс тазалығы айтарлықтай жақсарды. Сонымен қатар, олардың ұлттық мәдениетке қызығушылығы артып, кәсіби уәжі күшейді. Студенттердің 78%-ы халық әндерін орындау арқылы өздерінің вокалдық мүмкіндіктерінің кеңейгенін атап өтсе, 65%-ы ұлттық репертуардың болашақ педагогикалық қызметінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу барысында қазақ халық әндері негізінде жүргізілген вокалдық дайындықтың студенттердің әншілік дағдыларына әсері жан-жақты талданды. Экспериментке дейінгі және кейінгі көрсеткіштер салыстырылып, әр кезеңдегі өзгерістер пайыздық тұрғыда көрсетілді. Эксперимент үш кезеңнен тұрды: диагностикалық (бастапқы деңгей), қалыптастырушы (педагогикалық ықпал ету) және қорытынды (нәтижені тексеру) кезеңдері.

Диагностикалық кезеңде студенттердің әншілік дағдыларына интонациялық дәлдік, дыбыс қою, тыныс алу техникасы, дикция және репертуарлық білім бастапқы бағалау жүргізілді. Бастапқы көрсеткіштер төмендегі кестеде берілген (кесте 1).

Кесте 1 – Экспериментке дейінгі әншілік дағдылардың орташа деңгейі (%)

Құзырет түрі	Жоғары деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Интонациялық дәлдік	18	52	30
Дыбыс қою мәдениеті	22	48	30
Тыныс алу техникасы	20	50	30
Дикция мен артикуляция	25	45	30
Репертуарлық білім	28	42	30

Кесте 1–ден көріп тұрғандай, эксперимент басында студенттердің басым бөлігі орта деңгейде болды (45–52%), ал жоғары деңгей небәрі 18–28% аралығында тіркелді. Бұл көрсеткіштер қазақ халық әндері негізінде жүргізілетін мақсатты педагогикалық ықпалдың қажеттілігін дәлелдейді.

Қалыптастырушы кезеңде қазақтың халық әндері («Гәкку», «Сарыжайлау», «Айнамақ» және т.б.) негізінде вокалдық жаттығулар жүйелі түрде енгізілді. Оқыту барысында интонациялық дәлдікті жетілдіруге, тыныс алу техникасын қоюға, артикуляцияны дамытумен қатар, ұлттық репертуарды меңгеруге баса назар аударылды. Осы кезеңнің соңында алынған көрсеткіштер төмендегі кестеде ұсынылады (кесте 2).

Кесте 2 – Қалыптастырушы кезең соңындағы нәтижелер (%)

Құзырет түрі	Жоғары деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Интонациялық дәлдік	38	48	14
Дыбыс қою мәдениеті	42	46	12
Тыныс алу техникасы	40	48	12
Дикция мен артикуляция	44	44	12
Репертуарлық білім	46	42	12

Қалыптастырушы кезеңнің нәтижесі бойынша жоғары деңгей көрсеткіші 38–46% аралығында өсті, ал төмен деңгей көрсеткіші айтарлықтай азайды (30%–дан 12%–ға дейін) (кесте 2).


Қорытынды кезеңде студенттердің барлық көрсеткіштері қайта бағаланды. Эксперимент соңында анықталған мәліметтер төмендегі кестеде берілген (кесте 3).

Кесте 3 – Эксперименттен кейінгі қорытынды нәтижелер (%)

Құзырет түрі	Жоғары деңгей (%)	Орта деңгей (%)	Төмен деңгей (%)
Интонациялық дәлдік	56	38	6
Дыбыс қою мәдениеті	60	34	6
Тыныс алу техникасы	58	36	6
Дикция мен артикуляция	62	32	6
Репертуарлық білім	64	30	6

Бұл деректер көрсеткендей, жоғары деңгейге жеткен студенттердің үлесі екі еседен астам артты интонациялық дәлдікте 18%–дан 56%–ға дейін, репертуарлық білімде 28%–дан 64%–ға дейін. Ал төмен деңгей көрсеткіші барлық параметрлер бойынша 6%–ға дейін азайды (кесте 3).

Эксперименттің тиімділігін айқын көрсету үшін бастапқы және қорытынды нәтижелер диаграмма түрінде берілді (Сурет1).



Сурет 1 – Жүргізілген эксперимент нәтижелері

Алынған мәліметтер көрсеткендей, қазақ халық әндерін жүйелі қолдану студенттердің вокалдық және әншілік қабілеттерін арттыруда тиімді құрал болып табылады. Бұл құбылыс бірнеше факторларға байланысты: біріншіден, халық әндерінің табиғи әуендік құрылымы дыбысты дұрыс қоюға және тынысты тиімді пайдалануға мүмкіндік берді; екіншіден, ұлттық мәдениетке қызығушылық студенттердің ішкі мотивациясын арттырды; үшіншіден, педагогикалық әдістеменің кезеңдік құрылымы (диагностика – жаттығу – нәтижені бекіту) оқу процесін бірізді жүргізуге жағдай жасады.

Қорытынды

Бұл зерттеу жұмысы болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын қазақ халық әндерін қолдану негізінде айқындауға және ғылыми тұрғыда дәлелдеуге бағытталды. Эксперимент барысында жүргізілген теориялық, әдістемелік және практикалық ізденістер нәтижесінде зерттеу мақсатына сәйкес төмендегідей қорытындыларға қол жеткізілді.

Біріншіден, болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби даярлығында әншілік дағдыларды қалыптастыру тек техникалық вокалдық машықтармен шектелмейтіні анықталды. Ол ұлттық музыкалық мұраға негізделген көркемдік–эстетикалық танымды, шығармашылық интерпретацияны және кәсіби уәжді кешенді дамытуды талап етеді. Қазақ халық әндерін оқу процесіне енгізу студенттердің интонациялық дәлдігін, дыбыс қою мәдениетін, дикциясын, тыныс алу техникасын және сахналық орындаушылық қабілеттерін арттыруда маңызды рөл атқарды.

Екіншіден, эксперимент нәтижелері қазақ халық әндерін жүйелі қолдану әншілік дағдылардың барлық негізгі компоненттерін – вокалдық (дыбыс диапазоны, интонация, артикуляция), психофизиологиялық (тыныс алу, дауыс аппаратының тұрақтылығы) және эмоционалды–көркемдік (шығарманың мәнін жеткізу, ұлттық стилді сезіну) деңгейлерін едәуір жақсартатынын көрсетті.

Үшіншіден, зерттеу барысында анықталған педагогикалық шарттар (қазақ халық әндерінің таңдалған репертуарын мақсатты енгізу, вокалдық жаттығулар жүйесін жетілдіру, студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған рефлексиялық әдістерді қолдану, кәсіби уәжділікті күшейту) болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді екені тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Төртіншіден, студенттердің ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылығы мен кәсіби уәжінің артуы олардың жалпы педагогикалық даярлығына оң әсер етті. Қазақ халық әндерін орындау барысында тұлғалық–бағалық бағдарлары кеңейді, халықтық педагогика элементтеріне құрмет қалыптасты және музыкалық білім беру үрдісінде этнопедагогикалық бағыттылық нығайды.

Осылайша, зерттеу жұмысы болашақ музыка мұғалімдерінің әншілік дағдыларын қалыптастыруда қазақ халық әндерін мақсатты әрі ғылыми негізде пайдаланудың тиімділігін айқын көрсетті. Алынған нәтижелер музыкалық–педагогикалық білім беру жүйесінде халықтық мұраларды интеграциялау бағытын жетілдіруге, әдістемелік құралдар мен оқу бағдарламаларын жаңғыртуға және студенттердің кәсіби–практикалық даярлығын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелерін педагогикалық практикада қолдану болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін арттырып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдени құндылықтарды сақтауға және оларды жас ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл тәжірибені басқа да педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне енгізу, сондай–ақ қосымша эксперименттер арқылы әртүрлі жас топтарында және білім беру деңгейлерінде бейімдеу болашақта зерттеудің жалғасы ретінде қарастырылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Волошина Т.А. Профессиональная направленность учителя музыки как основа его педагогической деятельности / Т.А. Волошина // Мир науки, культуры, образования. – 2020. – № 2(81). – С. 5–7.
- 2 Karkina S., Mena J., Valeeva R., Yarmakeev I., Dyganova E., Bhullar M. Fostering future music teachers' professional skills: developing a signature pedagogy using e-learning // *Frontiers in Education*. – Frontiers Media SA, 2023. – Т. 8. – С. 1162748. <https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/educ.2023.1162748/full>
- 3 Егоров А.Н. Современные подходы к развитию певческих навыков. – Москва: Музыка, 2011. – 304 с.
- 4 Ладьженская Т.В. Развитие вокальных способностей студентов музыкальных факультетов. – Санкт–Петербург: Музыка, 2013. – 208 с.
- 5 Успенский Б.А., Годик Б.Л. Вокальная педагогика: теория и практика. – Москва: Музыка, 2018. – 288 с.

6 Rozimurodov I. Musical performance skills of a future music teacher as a pedagogical problem // Science and Innovation. – 2024. – Т. 3, № B2. – С. 417–427.

https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=ghbqL48AAAAAJ&citation_for_view=ghbqL48AAAAAJ:Tyk-4Ss8FVUC

7 Дмитриев Л.Б. Основы вокальной методики: учебное пособие. – Москва, 2013. – 268 с.

8 Алиева З. Педагогические условия вокально–хоровой работы в процессе профессиональной подготовки учителя музыки / З. Алиева // Перспективы науки. – 2018. – № 11(110). – С. 219–222.

9 Бейсенбаева Б.Т. Вокалдық дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық шарттары. – Астана: Білім баспасы, 2018. – 178 б.

10 Огороднов Д.Е. Методика музыкально–певческого воспитания: учебное пособие. – Санкт–Петербург: Лань, Планета музыки, 2014. – 240 с.

11 Федорова И.В. Методика формирования певческих навыков у студентов. – Санкт–Петербург: Музыкальная школа, 2017. – 174 с.

12 Фаттахова Н.Т., Жанабаева Р.К., Шепасева С.А. Формирование художественно–исполнительских навыков будущих учителей музыки // Научные труды ЮКГУ им. М. Ауэзова. – 2018. – № 4. – С. 298–302.

13 Нысанбаев Ә.М. Халық әндерін мектептегі музыкалық тәрбие процесінде пайдалану. – Алматы: Білім баспасы, 2019. – 196 б.

14 Москвина И.В. Развитие навыков певческой работы со школьниками у студентов–будущих учителей музыки в классе сольного пения // Фундаментальная наука и технологии – перспективные разработки. – 2018. – С. 37–41.

15 Пичугина Л.Н. Исследовательская деятельность в подготовке будущих учителей музыки. – 2015. – 132 с.

16 Глузман А.В., Глузман А.А. Подготовка будущих учителей к личностно–профессиональному самосовершенствованию на основе самопознания // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. – 2022. – № 10(173). – С. 64–71.

17 Жұбанов А.К. Қазақ музыкасының тарихы мен теориясы. – Алматы: Ғылым, 2000. – 312 б.

18 Аманжолова Г.М. Халық әндерін кәсіби музыкалық дайындықта қолдану әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті баспасы, 2015. – 192 б.

19 Толстикова Е.В. Формы и методы формирования вокально–исполнительских навыков будущих педагогов–музыкантов в вузе // KANT. – 2024. – № 2(51). – С. 424–428.

REFERENCES:

1 Voloshina T.A. (2020). Professionalnaya napravlennost uchitelya muzyki kak osnova ego pedagogicheskoy deyatel'nosti [Professional orientation of the music teacher as the basis of his pedagogical activity], Mir nauki, kultury, obrazovaniya, no. 2(81), pp. 5–7. (in Russian).

2 Karkina S., Mena J., Valeeva R., Yarmakeev I., Dyganova E., Bhullar M. (2023). Fostering future music teachers' professional skills: developing a signature pedagogy using e–learning, Frontiers in Education, Frontiers Media SA, vol. 8, p. 1162748. <https://www.frontiersin.org/journals/education/articles/10.3389/educ.2023.1162748/full>

3 Egorov A.N. (2011). Sovremennyye podhody k razvitiyu pevcheskih navykov [Modern approaches to the development of vocal skills], Muzyka, Moscow, 304 p. (in Russian).

4 Ladyzhenskaya T.V. (2013). Razvitie vokalnyh sposobnostey studentov muzykalnyh fakultetov [Development of vocal abilities of students of music faculties], Muzyka, Saint Petersburg, 208 p. (in Russian).

5 Uspenskiy B.A., Godik B.L. (2018). Vokalnaya pedagogika: teoriya i praktika [Vocal pedagogy: theory and practice], Muzyka, Moscow, 288 p. (in Russian).

6 Rozimurodov I. (2024). Musical performance skills of a future music teacher as a pedagogical problem, Science and Innovation, vol. 3, no. B2, pp. 417–427. https://scholar.google.com/citations?view_op=view_citation&hl=ru&user=ghbqL48AAAAAJ&citation_for_view=ghbqL48AAAAAJ:Tyk-4Ss8FVUC

7 Dmitriev L.B. (2013). Osnovy vokalnoy metodiki [Fundamentals of vocal methodology], Moscow, 268 p. (in Russian).

8 Aliyeva Z. (2018). Pedagogicheskie usloviya vokalno–khorovoy raboty v protsesse professionalnoy podgotovki uchitelya muzyki [Pedagogical conditions of vocal and choral work in the process of professional training of a music teacher], Perspektivy nauki, no. 11(110), pp. 219–222. (in Russian).

9 Beysenbayeva B.T. (2018). Vokalnyy dagdylyardy kalypstastyrudyn pedagogikalyy sharttary [Pedagogical conditions for the formation of vocal skills], Bilim baspasy, Astana, 178 p. (in Kazakh).

10 Ogorodnov D.E. (2014). Metodika muzykalno–pevcheskogo vospitaniya [Methods of musical and vocal education], Lan; Planeta muzyki, Saint Petersburg, 240 p. (in Russian).

11 Fedorova I.V. (2017). Metodika formirovaniya pevcheskih navykov u studentov [Methods of developing vocal skills in students], Muzykalnaya shkola, Saint Petersburg, 174 p. (in Russian).

12 Fattakhova N.T., Zhanabayeva R.K., Shepayeva S.A. (2018). Formirovanie hudozhestvenno–ispolnitelskih navykov budushchih uchiteley muzyki [Formation of artistic and performing skills of future music teachers], Nauchnye trudy YUKGU im. M. Auezova, no. 4, pp. 298–302. (in Russian).

13 Nysanbayev A.M. (2019). Khalyk anderin mekteptegi muzykalik tarbie protsesinde paidalanu [Use of folk songs in the school music education process], Bilim baspasy, Almaty, 196 p. (in Kazakh).

14 Moskvina I.V. (2018). Razvitiye navykov pevcheskoy raboty so shkolnikami u studentov–budushchih uchiteley muzyki v klasse solnogo peniya [Development of vocal work skills with schoolchildren among students–future music teachers in the solo singing class], Fundamentalnaya nauka i tehnologii – perspektivnye razrabotki, pp. 37–41. (in Russian).

15 Pichugina L.N. (2015). Issledovatel'skaya deyatelnost v podgotovke budushchih uchiteley muzyki [Research activity in the training of future music teachers], 132 p. (in Russian).

16 Gluzman A.V., Gluzman A.A. (2022). Podgotovka budushchih uchiteley k lichnostno–professionalnomu samosovershenstvovaniyu na osnove samopoznaniya [Preparing future teachers for personal and professional self-improvement based on self-knowledge], Izvestiya Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta, no. 10(173), pp. 64–71. (in Russian).

17 Zhubanov A.K. (2000). Kazak muzykasynda tarihy men teoriyasy [History and theory of Kazakh music], Gylym, Almaty, 312 p. (in Kazakh).

18 Amanzholova G.M. (2015). Khalyk anderin kasibi muzykalik dayyndykta koldanu adistemesi [Methods of using folk songs in professional music training], Kazak universiteti baspasy, Almaty, 192 p. (in Kazakh).

19 Tolstikova E.V. (2024). Formy i metody formirovaniya vokalno–ispolnitelskikh navykov budushchih pedagogov–muzykantov v vuze [Forms and methods of developing vocal-performing skills of future music teachers at the university], KANT, no. 2(51), pp. 424–428. (in Russian).

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПЕВЧЕСКИХ НАВЫКОВ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МУЗЫКИ (НА ОСНОВЕ КАЗАХСКИХ ПЕСЕН)

Шыныбаев С.Т. , Таубалдиева Ж.Ш., Онгарбаева С.С.*

*Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан,
г. Талдыкорган*

**e-mail: Serikbolshynybaev@gmail.com*

Аннотация. В современном обществе актуальность сохранения национальной идентичности и передачи культурного наследия из поколения в поколение возрастает. В этом контексте система образования является основным институтом пропаганды национальных ценностей. В статье научно обоснована эффективность использования богатого песенного искусства казахского народа в профессиональной подготовке будущих учителей музыки. Цель исследования – определить педагогические условия, влияющие на развитие певческих навыков будущих учителей музыки на основе использования казахских народных песен, и доказать их эффективность.

В ходе исследования в качестве педагогических условий рассматривались следующие вопросы: подбор вокального репертуара с учётом жанровых и стилистических особенностей казахских песен в соответствии с учебной программой; применение дифференцированных методов обучения, учитывающих индивидуальные особенности студентов; глубокий анализ интонационной структуры, исполнительских традиций и образного содержания казахских песен. Кроме того, национальный колорит и эмоциональная глубина песен рассматриваются как важный инструмент для совершенствования вокальной техники и развития художественной интерпретации. В процессе развития певческих навыков особое внимание уделялось развитию вокальной техники, интонации и музыкально–целевого мышления при сохранении национального колорита.

Результаты исследования показали, что систематическое включение казахского песенного наследия в учебный процесс не только повышает профессионально–творческий потенциал будущих учителей, но и положительно влияет на формирование их интереса к национальной культуре, духовно–нравственных ценностей и профессионального самосознания. Таким образом, песенное искусство казахского народа научно обосновано как важный дидактический и воспитательный ресурс в подготовке учителей музыки. Эта работа вносит вклад в теорию и практику музыкальной педагогики, а также в пропаганду национальной музыкальной культуры.

Ключевые слова: *будущий учитель музыки, певческие навыки, казахские народные песни, вокальная подготовка, педагогические условия, профессиональная подготовка, национальная культура.*

PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR DEVELOPING SINGING SKILLS OF FUTURE MUSIC TEACHERS (BASED ON KAZAKH SONGS)

S.T. Shynybaev*, Zh.Sh. Taubaldieva, S.S. Ongarbayeva

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

*e-mail: Serikbolshynybaev@gmail.com

Abstract. In modern society, the relevance of preserving national identity and transmitting cultural heritage from generation to generation is increasing. In this context, the education system is the main institution for promoting national values. This article scientifically substantiates the effectiveness of using the rich song art of the Kazakh people in the professional training of future music teachers. The research goal is to determine the pedagogical conditions influencing the development of singing skills of future music teachers based on the use of Kazakh folk songs and to prove their effectiveness.

In the course of the research, the following aspects were considered as pedagogical conditions: the selection of a vocal repertoire taking into account the genre and stylistic features of Kazakh songs in accordance with the curriculum; the application of differentiated teaching methods that consider the individual characteristics of students; and deep analysis of the intonational structure, performance traditions, and imaginative content of Kazakh songs.

Furthermore, the national flavor and emotional depth of the songs are considered an important tool for improving vocal technique and developing artistic interpretation. In the process of developing singing skills, special attention was paid to the development of vocal technique, intonation, and musically-purposive thinking while preserving the national flavor.

The research results showed that the systematic inclusion of the Kazakh song heritage in the educational process not only enhances the professional and creative potential of future teachers but also positively influences the formation of their interest in national culture, spiritual and moral values, and professional self-awareness.

Thus, the song art of the Kazakh people is scientifically proven as an important didactic and educational resource in the training of music teachers. This work contributes to the theory and practice of music pedagogy, as well as to the promotion of national musical culture.

Keywords: future music teacher, singing skills, Kazakh folk songs, vocal training, pedagogical conditions, professional training, national culture.

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

- Мақалалардың электронды нұсқалары zhetysu.edu.kz сайтында орналастырылған.
- Ұсынылған ақпараттың дәлдігі үшін жауапкершілікті авторлар алады.

Журналдың жиілігі

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы №3(116)/2025 шығарылымына педагогикалық бағыт бойынша ғылыми мақалалар жинағын жариялайды.

Қолжазбалар 2025 жылдың 15–қыркүйегіне дейін қабылданады. Қолжазбаны редакцияға журналдың сайты арқылы жіберуге болады: <https://journal.zhetysu.edu.kz>

Жалпы ережелер

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы толық қолжазбалар түрінде ресімделген түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтитын қолжазбаларды жариялауға қабылдайды. Материалдар бірегей, бұған дейін жарияланбаған, журнал тақырыбына сәйкес болуы тиіс және плагиатқа тексеріліп (мәтіннің түпнұсқалығының ең төменгі деңгейі кемінде 75% болуы керек), екі жақты жасырын рецензиялаудан өтіп, редакциялық алқаның мақұлдауынан өтуі қажет.

Назар аударыңыз! Ережелерді бұза отырып, рәсімдеу талаптарына сәйкес емес жіберілген, көптеген грамматикалық және емле қателері бар, ағылшын/қазақ/орыс тілдеріне автоматты түрде аударылған мақалаларды редакция қабылдамайды және авторларға оларды қараусыз қайтарады.

Жауапты хатшы материалдарды рәсімдеу талаптарына сәйкестігін үш күн ішінде тексереді, талап бұзылған жағдайда авторға қайта өңдеу қажеттілігі туралы хабарлама беріледі.

Журнал ашық болып табылады – кез келген автор, азаматтығына, жұмыс орнына және ғылыми дәрежесіне қарамастан, редакция талаптарын сақтай отырып, қолжазбасын жариялау мүмкіндігіне ие. Студенттердің және магистранттардың жұмыстары тек ғылыми жетекшілерімен бірлескен авторлықта ғана қабылданады.

Редакция мақалаға әдеби және стильдік өңдеу жасамайды.

Төлем тәсілдері

Қолжазба жариялауға қабылданғаннан кейін авторға баспа шығындарын төлеу туралы түбіртектің скан–көшірмесін (PDF немесе JPEG форматында) электронды поштаға: vestnik@zu.edu.kz жіберу қажет. Ұйымдастыру жарна 30 000 теңге. Шетелдік авторлар үшін қазақстандық авторлармен бірлескен авторлықсыз журналда жариялау тегін жүзеге асырылады.

Университет реквизиттері

І.Жансүгіров атындағы ЖУ

СТТН 531400011685

БСК – 990140003041

ЖСК – KZ566010311000005234

КБЕ 16

БСК – HSBKKZKX,

ТРФ 319900 АҚ «Қазақстан Халық Банкі», Талдықорған қ.

Төлем кезінде міндетті түрде төлемнің мақсатын көрсету керек: ЖУ Хабаршысы журналындағы қолжазба үшін.

Kaspi.kz арқылы төлеу нұсқаулығы:

Төлемдер ➔ Іздеу ➔ «І. Жансүгіров ат. Жетісу университеті» жазыңыз ➔ Факультет орнына: ЖУ Хабаршысы деп жазыңыз ➔ Өз мәліметтеріңізді толтырыңыз ➔ Сомасы: 1 қолжазба үшін 30 000 теңге ➔ төлеу.

Редакцияның мекенжайы: 040000, Талдықорған қ., І.Жансүгіров к., 187а, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, 310–кабинет, тел.: 8 (7282) 22–21–23, ішкі 1193, e-mail: vestnik@zu.edu.kz

АВТОРЛАРҒА АҚПАРАТ

Редакциялық алқа авторлардан журналда жариялау үшін қолжазбалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды сұрайды.

Қолжазбасы бар MS Word құжаты келесі үлгі бойынша аталу керек: Барлық авторлардың тегі мен аты–жөні. Мысалы: Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.Б.

Мақаланың соңында авторлар туралы мәліметтер көрсетіледі

Үлгі:

Молдабаева Маржан Болатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, marzhan_moldabaeva@mail.ru

Молдабаева Маржан Болатовна – кандидат педагогических наук, профессор, Жетысуский университет имени И.Жансугурова, г.Талдықорған, marzhan_moldabaeva@mail.ru

Moldabaeva Marzhan – candidate of pedagogical sciences, professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov, marzhan_moldabaeva@mail.ru

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

1) FTAMP индексі (ғылыми–техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы) мақаланың сол жақ үстіңгі бөлігінде, қою шрифтпен орналастырылады. FTAMP нөмірін <http://grnti.ru/> сайтынан табуға болады.

2) Мақаланың атауы (7–12 сөз), бас әріптермен жартылай қою шрифтпен, ортасында (мақаланың тілінде).

3) Автордың (авторлардың) тегі мен аты–жөндері және Orcid ID.

4) Авторлар туралы ақпарат (аффилиациялар (ұйымдардың атаулары), елдің, қаланың, барлық авторлардың мекенжайы, барлық авторлардың электронды пошталары). *Мақала бойынша редакциямен хат алмасуды жүргізетін және барлық ескертулер мен түзетулерге жауап беретін корреспондент–автор болып табылады және «*» таңбасымен белгіленеді. Әртүрлі ұйымдардың авторлары 1, 2 және одан әрі сандармен көрсетіледі.*

5) Аннотация 100–ден 300 сөзге дейін, тақырыпқа сәйкес кілт сөздер/сөз тіркестері 5–10 (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде).

6) Мақаланың көлемі (әдебиеттер тізімін және авторлар туралы мәліметтерді есепке алмағанда) 2500–ден 6000 сөзге дейін болуы тиіс. Бұл жағдайда А4 форматындағы беттердің саны маңызды емес – тек мақала мәтініндегі сөздердің саны ескеріледі.

7) Мақаланы беру кезінде авторлар ілеспе хатты (**А қосымшасы**) және төменде көрсетілген қағидалар бойынша ресімделген мақаланың қолжазбасын жіберулері қажет.

8) Авторлар міндетті түрде жіберілетін мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада сілтемелерсіз басқа жұмыстардан алынған мәтіннің үзінділері жоқ екенін ілеспе хатта көрсетулері тиіс.

9) Мәтін қарпі – Times New Roman, кегль – 12 пт., жоларалық интервал – 1. Сол және жоғарғы жиектер – 2,5 см, оң және төменгі – 2 см, абзац – 1,25. Аннотация және пайдаланылған әдебиеттер тізімінің қарпі – Times New Roman, кегль – 10 пт., жоларалық интервал – 1. Қолжазба «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдарды баспалық ресімдеу» МЕСТ 7.5–98 сәйкес ресімделуі тиіс.

10) Мәтінде әдеби дереккөздерге сілтеме жасау үшін төртбұрышты жақшалар қолданылуы керек – [1], формулалар үшін дөңгелек жақшалар қолданылуы керек – (1). Формула сілтемелері формуланың оң жағында орналасуы керек.

11) Барлық формулалар, сандық мәндер, шама белгілері Microsoft Equation 3.0 немесе MathType форматында терілуі керек. Егер бірнеше формулалар қатарынан жүрсе, әр формуланы бөлек теру керек.

12) Барлық қолданылған белгілер түсіндірілуі керек (жалпы қабылданған белгілерді түсіндірмеуге болады).

13) Сөйлемді формуладан бастауға болмайды.

14) Кестелер мен иллюстрациялар мәтінде жеке абзацтармен орналасуы керек. Әр кестеде және иллюстрацияда атауы болуы керек және әр кестеде және иллюстрацияда мәтін ішінде сілтемесі болуы керек. Кестелер мен иллюстрациялардың нөмірленуі бөлек.

15) Иллюстрациялар сапалы болуы қажет (кем дегенде 300 dpi) және үздіксіз нөмірленуі керек. Барлық иллюстрациялар мен олардың атаулары орталық бойынша теңестіріліп, атаулар иллюстрацияның дәл астына орналастырылып, мәтіннен аралықпен бөлінуі тиіс. Қарпі – Times New Roman, кегль – 12 пт. Мысалы Сурет 1 – Суреттің атауы

16) Кестелер Microsoft Word кесте форматында жасалып, үздіксіз нөмірленуі тиіс. Кестенің тақырыбы кестенің үстінде сол жағында орналасуы керек. Тақырыптар мен кестелер мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қарпі – Times New Roman, кегль – 12 пт. «Кесте» сөзінен кейін кестенің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі. Мысалы: Кесте 1 – Кестенің атауы

Мақаланың құрылымы IMRAD құрылымына сәйкес болуы керек:

– **Кіріспе**

– **Материалдар мен әдістер**

– **Нәтижелер мен талқылау**

– **Қорытынды**

– **Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда)**

– **Әдебиеттер тізімі** мәтіннен кейін МЕСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазба.

Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен қағидаларына» сәйкес өңделеді (ҒЖБССҚК тізбесіне кіретін басылымдарға қойылатын талаптар). Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе Библиографиялық тізім Web of Science және/немесе Scopus-та индекстелген басылымдарға міндетті сілтемелерді қоса алғанда, саны кемінде 15 және 20–дан аспауы керек. Өз еңбегіне сілтеме жасау 1–2 дереккөзден аспауы тиіс. Әдебиеттер тізімін автоматты түрде нөмірлеуге жол берілмейді.

– **References.** Қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын әріптерімен транслитерациялау міндетті; ағылшын тіліндегі мақалалар үшін әдебиеттер тізімі түпнұсқа тілінде латын әріптерімен беріледі.

Назар аударыңыз! Егер ұсынылған әдебиеттер тізімінде кирилл әріптерімен жазылған дереккөздер болса, әдебиеттер тізімі екі нұсқада берілуі тиіс: «Әдебиеттер» бөлімінде бастапқы тілінде және «References» бөлімінде романизацияланған (латиницаға транслитерацияланған) нұсқада. Шетелдік жарияланымдар «References» бөлімінде толық қайталануы қажет. Кирилл әріптерін транслитерациялау үшін <https://gazlat.kz/> сайтындағы онлайн-конвертерді пайдалануға болады.

Транслитерцияланған әдебиеттер тізімі үшін келесі құрылымды қолдану қажет: Автор(лар) ағылшын тілінде. (жыл дөңгелек жақшаларда). Мақаланың атауы транслитерацияланған түрде [мақаланың атауының ағылшын тіліне аудармасы], дереккөздің транслитерацияланған атауы, шығу деректері ағылшын тіліндегі белгілермен.

Мысалы:

«Әдебиеттер» бөлімінде

1. Құдайбергенова С.Қ., Әбілдина С.Қ. Жасанды интеллект және білім беру: мүмкіндіктер мен перспективалар // Білім және қоғам. – Алматы, – 2020. – № 2. – Б. 45–52.

«References» бөлімінде

1 Kudaibergenova S.K., Abildina S.K. (2020). Zhasandy intellekt zháne bilim беру: múmkindikter men perspektivalar [Artificial Intelligence and Education: Opportunities and Perspectives] //Education and society, – №2.– P.45–52. (in Kazakh)


Б Қосымшасы

FTAMP (MPHTI)

DOI (DOI нөмірі журнал редакциясы тарапынан мақала қабылданғаннан кейін беріледі)

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛЖАЗБА АТАУЫ

Шатырбаева М.Г.^{1,*} , Молдабаева М.Б.² 

( белгішесінде Orcid профиліне гиперсілтеме болуы керек)

¹ Университет (толық атауы), Елі, Қала

² Университет (толық атауы), Елі, Қала

* e-mail: (барлық авторлардың эл.почтасы)

Аңдатпа (150–300 сөз). Аннотация келесі міндетті тармақтарды қамтуы керек:

Зерттеудің мақсаты, идеялары және негізгі бағыттары;

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы;

Зерттеу әдістемесінің қысқаша сипаттамасы;

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары;

Жүргізілген зерттеудің мәні;

Зерттеудің практикалық маңызы.

Кілт сөздер: 5–10 кілт сөз.

Кіріспе

Кіріспе жұмыстың мақсаттары, зерттеу саласының маңыздылығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, мәселенің өзектілігі, мәселені шешу немесе гипотезаны қалыптастыру туралы ақпаратты қамтуы керек.

Материалдар мен әдістер

Бұл бөлімде пайдаланылған материалдардың, жабдықтардың және бағдарламалық қамтамасыз етудің (модельді, өндірушіні және елді көрсете отырып) егжей-тегжейлі сипаттамасы, сондай-ақ қолданылған әдістердің толық баяндалуы болуы қажет, соның ішінде жаңа әдістерді жан-жақты ашып көрсету қажет. Бұрыннан белгілі әдістер үшін әдебиет көздеріне сілтеме жасау жеткілікті. Егер әдіс кеңінен таралмаған болса, оның принципі түсіндіріліп, авторы көрсетілуі тиіс. Зерттеуде пайдаланылған материалдар сапалық және сандық тұрғыдан сипатталуы қажет. Алынған деректердің статистикалық талдауы міндетті және қолданылған бағдарламалық қамтамасыз ету көрсетілуі тиіс. Бөлімде зерттеудің барысы, оның кезеңдерінің реттілігі, қолданыстағы жұмыстарға сыни талдау, гипотезалар ұсыну және оларды автордың ой қорыту процесінде растауы немесе теріске шығару толығырақ сипатталады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бұл бөлім жұмыс нәтижелерін ашуы керек және зерттеу нәтижелерін талдау мен талқылауды қамтуы керек. Нәтижелер талқылана отырып, кестелер, суреттер және басқа иллюстрациялық материалдар түрінде ұсынылуы керек.

Кестелер


Кестелер Microsoft Word кесте форматында жасалып, үздіксіз нөмірленуі тиіс. Кестенің тақырыбы кестенің үстінде сол жағында орналасуы керек. Тақырыптар мен кестелер мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп – Times New Roman, кегль – 12 пт.

Кесте 1 – Кестенің атауы

Атауы	Нәтиже 1	Нәтиже 2	Нәтиже 3
1-атауы	1	2	3

Иллюстрациялар

15) Иллюстрациялар сапалы болуы қажет (кем дегенде 300 dpi) және үздіксіз нөмірленуі керек. Барлық иллюстрациялар мен олардың атаулары орталық бойынша теңестіріліп, атаулар иллюстрацияның дәл астына орналастырылып, мәтіннен аралықпен бөлінуі тиіс. Қаріп – Times New Roman, кегль – 12 пт.



Сурет 1 – Суреттің атауы

Теңдеулер

Барлық формулалар, сандық мәндер, шама белгілері Microsoft Equation 3.0 немесе MathType форматында терілуі керек. Формулаларды сурет түрінде қосуға болмайды. Барлық формулалар нөмірленуі керек. Формулалар ортамен туралануы керек. Формулалардың нөмірлері формуланың оң жағында жақшада орналасуы керек. Барлық формулалар мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек.

$$f = \sum \left(a + \frac{a}{10} \right) \quad ((1))$$

мұндағы: f – белгілеу атауы;
 a – белгілеу атауы.

Қорытынды

Бұл бөлімде жүргізілген жұмыстың қорытындылары жинақталып қорытындылануы, алынған нәтижелер мен олардың ғылымды дамыту үшін маңыздылығы қалай пайдаланылуы мүмкін екендігі көрсетілуі тиіс.

Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда)

Барлық қаржыландыру көздері тізімделуі керек.

Әдебиеттер тізімі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе Библиографиялық тізім Web of Science және/немесе Scopus-та индекстелген басылымдарға міндетті сілтемелерді қоса алғанда, саны кемінде 15 және 20-дан аспауы керек. Өз еңбегіне сілтеме жасау 1–2 дереккөзден аспауы тиіс. Әдебиеттер тізімін автоматты түрде нөмірлеуге жол берілмейді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Құдайбергенова С.Қ., Әбілдина С.Қ. Жасанды интеллект және білім беру: мүмкіндіктер мен перспективалар // Білім және қоғам. – Алматы, – 2020. – № 2. – Б. 45–52.
- 2 Ахметов Ж.М. Аймақтық білім беру жүйесіндегі басқару мәселелері. – Талдықорған: Жетісу университеті баспасы. – 2023. – 45 б.
- 3 Rahnavard A., Asadian G., Pourshamsian K., Taghavi M. Assessing genetic variation of dog rose (*Rosa canina* L.) in Caspian climate // Biosci. Biotechnol. Res. Asia. – 2014. – Vol. 10. – P. 119–125.
- 4 Grant V. Plant speciation // New Phytol. – 1971. – Vol. 161. – P. 8–11.
- 5 Stralsjo L., Alklint C., Olsson M.E., Sjöholm I. Total folate content and retention in rosehips (*Rosa* ssp.) after drying // J. Agric. Food Chem. – 2003. – Vol. 51. – P. 4291–4295.
- 6 Larsen E., Kharazmi A., Christensen L.P., Christensen S.B. An antiinflammatory galactolipid from rose hip (*Rosa canina*) that inhibits chemotaxis of human peripheral blood neutrophils in vitro. // J. Nat. Prod. – 2003. – Vol. 66. – P. 994–995.
- 7 Rosu C.M., Manzu C., Olteanu Z., Oprica L., Oprea A., Ciornea E., Zamfirache M.M. Several fruit characteristics of *Rosa* sp. genotypes from the Northeastern region of Romania // Not. Bot. Horti Agrobot. Cluj-Napoca. – 2011. – Vol. 39. – P. 203–208.
- 8 Чилдибаева А.Ж., Аметов А.А., Тыныбеков Б.М. Характеристика некоторых растительных сообществ с участием узкоэндемичного вида *Rosa iliensis* Chrshan. в поймах реки Или // Вестник КазНУ. Серия биологическая. – Алматы, 2019. – № 1 (78). – С. 58–73.
- 9 Engelmann F. Use of biotechnologies for the conservation of plant biodiversity // In Vitro Cell. & Dev. Bio. – Plant. – 2011. – Vol. 47(1). – P. 5–16.
- 10 Новикова Т.И. Использование биотехнологических подходов для сохранения биоразнообразия растений // Растительный мир Азиатской России. – 2013. – № 2(12). – С. 119–128.


REFERENCES:

- 1 Kudaibergenova S.K., Abildina S.K. (2020). Zhasandy intellekt zháne bilim beru: múmkindikter men perspektivalar [Artificial Intelligence and Education: Opportunities and Perspectives] // Education and society, – №2. – P.45–52. (in Kazakh).
- 2 Akhmetov Zh.M. (2023). Aimaqtyq bilim beru zhuiesindegi basqaru meseleleri [Management issues in regional education system]. Taldykorgan: Zhetyusu University Publishing House. – 45 p. (in Kazakh)
- 3 Rahnavard A., Asadian G., Pourshamsian K., Taghavi M. (2014). Assessing genetic variation of dog rose (*Rosa canina* L.) in Caspian climate. Biosci. Biotechnol. Res. Asia., vol. 10., pp. 119–125.
- 4 Grant V. (1971). Plant speciation. New Phytol., vol. 161., pp. 8–11. Besschetnova M.V. (1975). Rozy [Roses], – Alma-Ata: Nauka. (in Russian)
- 5 Stralsjo L., Alklint C., Olsson M.E., Sjöholm I. (2003). Total folate content and retention in rosehips (*Rosa* ssp.) after drying. J. Agric. Food Chem., vol. 51., pp. 4291–4295.
- 6 Larsen E., Kharazmi A., Christensen L.P., Christensen S.B. (2003). An antiinflammatory galactolipid from rose hip (*Rosa canina*) that inhibits chemotaxis of human peripheral blood neutrophils in vitro. J. Nat. Prod., vol. 66., pp. 994–995.
